



ISSN 2415-8186

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№2(08)

Шымкент
2016

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
№2 (08)2016

БАС РЕДАКТОР

АЯШЕВ О.А. – п.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Айтбаев Ө. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Балабеков О.С.** – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Надиров Н.К.** – х.ғ.к., профессор, ҰҒА академигі; **Исаев Ғ.И.** – т.ғ.к., доцент м.а. (бас редактордың орынбасары); **Амиргазин Қ.Ж.** – п.ғ.д., профессор (Ресей); **Аширов Ә.Ә.** – х.ғ.д., профессор; **Байғұтова А.** – ф.ғ.к.; **Дмитрюк Н.В.** – ф.ғ.д., профессор; **Досбенбетова А.Ш.** – п.ғ.д., профессор; **Жапбаров А.** – п.ғ.д., профессор; **Исабек Б.Қ.** – тарих ғ.к., доцент; **Любчик С.** – PhD докторы, профессор (Португалия); **Подушкин А.Н.** – тарих ғ.д., профессор; **Рахымбек Д.** – п.ғ.д., профессор; **Тәңірбергенов М.Ж.** – п.ғ.д., профессор; **Фризен В.** – филос.ғ.к. (Германия); **Шыныбаев М.Д.** – ф.-м.ғ.д., профессор.

Редакциялық кеңес

Каракулов К.Ж. – п.ғ.д., профессор; **Қадырбаева Р.И.** – п.ғ.д., доцент; **Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., доцент; **Халила А.** – б.ғ.д., профессор; **Алдабергел М.Н.** – т.ғ.к. доцент; **Арынғазиева Б.** – филос.ғ.к.; **Омар Б.** – ф.ғ.к., доцент; **Стычева О.А.** – п.ғ.к., доцент; **Қаракұлова А.** – ф.ғ.к.; **Махмұтова К.И.** – п.ғ.к.; **Алтынбеков Қ.С.** – ф.ғ.к.

Жауапты хатшы - Үсенбаева С.С. – ф.ғ.к.

Техникалық редакция - Байырбекова Л., Аблаев Н., Утенов Н.

Журнал 2016 жылдың наурыз айынан бастап Париж қаласындағы

ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2415-8186 (Online), ISSN 2415-8178 (Print)

Журнал Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеліп, **6.06.2014 ж. №14373-ж** куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2014 жылдың қараша айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы,
Байтұрсынов көшесі 13
104-бөлме., тел. 87776633905;
87022993934; 87083581795,
e-mail: yukgpi_khabarshy@mail.ru

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты
Қазақстан Республикасы, 2016

Оқырман қауым!

Қолыңыздағы журналдың алғашқы мақаласында балалардың кез-келген ортада шатақ мінез көрсетуінің алдын алу, кеңес беру және коррекциялау жұмыстарын жүргізу жолдарын мектеп психологы, сынып жетекшілері анықтау қажеттілігі зерттеулер шеңберінде ғылыми іс-тәжірибелердің бірнеше түрлерін мамандарға ұсынылады.

Ақтөбелік ұстаз п.ғ.к. Г.Е.Елеусинованың шәкірттерімен бірлесе жазған алғашқы педагог-ғалым Нәзипа Құлжанованың өмірі мен ағартушылық қызметі баяндалған мақаласында жастарды үлгі әдісі негізінде әлеуметтендіру мәселесі көтерілген. Жақсыдан үлгі алу үрдісі халық педагогикасынан бастау алған дәстүр десек болады. Сондықтан аталған мақаладан жас ұрпақ тәрбиесінде қолдануға болатын қызықты мәліметтерді алуға болады.

Кезекті мақалада қазіргі заманғы психологиялық жәрдемнің теориясы мен практикасында екі бағдар айқындалған. Бірі тек клиентке жәрдем беруге, оны мазалайтын жайлардан құтқаруға бағытталса, екіншісі – оны дамытуға, оқытуға, тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге бағытталған.

Ендігі бір мақалада Қазақстан Республикасының жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі оқыту жүйесін жаңаландыруға арналған жаңа инновациялық ақпараттық технологиялар берілген.

Жаратылыстану бағытындағы «Әртектегі көп қабатты топырақтардың шөгуін болжау» атты мақалада бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – көп қабатты жер қыртыстарының шөгу процестерін зерттеудің алгоритмі құрылған.

«Бесмүшелі гетероциклді қосылыстарды алуға қолданылатын катализаторларды регенерациялау әдісі» тақырыбындағы мақалада қазіргі таңда медицина саласына өте қажетті фуран алу тәсілін жетілдіру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Фуран алу үшін қажетті катализаторды белсендіруге қажетті қоспалар іздестірілуде.

Ұлы дала елінде өмір сүрген көшпенді және жартылай көшпенді халықтың шығу тегі, оның өте ауыр тарихи тағдыры және ерекше тұрмыс мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, этикалық қатынастары әлем ойшылдарын, әсіресе, орыс ғалымдарын өзіне қызықтырған отарлық кезеңнің ірі ресейлік зерттеушілері А.Н.Харузин мен Н.Н.Харузиннің ғылыми мұрасын зерттеген профессор Қ.Қосанбаевтың ғылыми мақаласымен танысасыздар.

Тарих бағытындағы бірқатар мақалалар мемлекеттік билік, саяси билік концепциясының негіздері туралы мәселерін қарастырады, ерте дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі қоғамдағы әйелдердің түрлі мәселелері көпшілік назарына ұсынылады. Сонымен қатар, Отырар аумағында орналасқан бекіністер тарихы, оның археологиялық тұрғыдан зерттелінуі

қарастырылған мақаламен және археологиялық зерттеулер негізінде ерте орта ғасырлар дәуіріндегі Жанкент қаласының тарихи мәдениеті туралы мақалалармен танысасыздар.

Түркия еліндегі Конья қаласы Неджметтин Эрбакан атындағы университеті профессоры Сиддик Коркмаздың бүгінгі күнгі өзекті тақырыптардың біріне айналған «Сектанттық ұғымдар көрінісіндегі Ислам түсіністігі» атты мақаласын оқи аласыздар. Ә.К.Тұрашбеков Ислам дініндегі Ханафи масхабының тарихи қалыптасуы және оның ерекшеліктері туралы еңбегін ұсынады.

М.В.Ломоносов атындағы ММУ «Түрік» филологиясы» кафедрасы адами құндылықтарға назар аударып отырған. Осыған қарамастан, әр халықтың дүниетанымдық ерекшелігі мен аялық білімін білдіретін концептілердің бүгінгі күнге дейін толық ғылыми типологиясының жасалмауы келесі зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Ортағасырлық ескерткіштер тілін лингвомәдени тұрғыдан зерттеу барысында адамзат өмірінің мәнін құрайтын «Махаббат» концептісінің ерекшеліктері ашылады.

Сонымен қатар бір топ өлеңдері 60-тан аса топтама жинақтарға енген, 15-тен аса композитор өлеңдеріне ән шығарған 80 жас мерейтой иесі ақын Адырбек Сопыбековтың поэзиясындағы балаларға тән мінез ерекшеліктері ашылған зерттеумен танысасыз.

М.В.Залужнаяның «Жауапты әкелікті қалыптастыру үдерісінің бағдарламалы-мақсаттық амалы» мақаласында Ресей мемлекетіндегі қазіргі таңдағы қоғамдық қатынастардағы өзекті және өткір мәселелерді және оларды шешудің жолдарына қатысты, федералдық статистика мәліметтері қолданылған еңбекті оқи отырыңыз.

Haileybury Astana халықаралық мектебінің магистр-оқытушысы А.Балабековтің «Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы әдіс-тәсілдер» атты мақаласында балаға тілді үйрету әрі сөйлету мақсатының нақты әдіс-тәсілдері талданған.

Оңалбай АЯШЕВ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 159.26

ДЕВИАНТТЫ БАЛАНЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫЛАРМЕН ТІЛ ТАБЫСУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

БАРЫСОВА Н.Т., АҚЫЛБАЕВА Д.Б., АЙТБАЕВ А.Т.

Бұл мақалада педагог девиантты баланың жеке тұлғалық қасиеттері мен мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып отбасына психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыстарды тиімді жүргізсе, баланың девиантты мінез көріністері төмендеп, отбасында тіл табысу мүмкіндіктерін арттыру қаралады.

Кілт сөздер: қиын бала, мінез, көңіл-күй, ерекшеліктер, кеңес.

ҚР Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаңа жағдайға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті рухани және әлеуметтік адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады» [1] деп атап көрсетті. Демек, қазіргі қоғамда Қазақстанның даму қарқыны жыл санап екпінді серпін алып келе жатқаны өз елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де ашық айтылып отыр. Дей тұрғанмен, жастарымыздың арасында Батыстың жалаң, даңғаз, бейресмилік өмір салтынан түңілген жас, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтардың бойында өмірге, болмысына қызығушылық пен немқұрайлық психология пайда бола бастады. Бейресми топтар көбейіп, басқару жүйесіне наразылық көрсетулер орын алуда. Өмірге түңіліп өз-өзіне қол салушылық, нашаға әуестенушілік, ішімдік қолдану, қоғамға жат құбылыстар өрістеді. Ұрпақ тәрбиесі – болашақ тірегі. «Адамзат ұрпағымен мың жасайды» – дегендей, ұрпақ тәрбиесі – қай кезде де халықтық мәселе болған. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мол мұрагері. Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты әрбір тұлғаны жан-жақты жарасымды етіп тәрбиелеу.

Осы тұрғыда әр отбасы оқу мектеппен бірге балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтап, оларды өнегелі, ізгі ниетті, қарым-қатынас мәдениеті жетілген етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы мәселені шешуге мектеп психологының, сынып жетекшісінің, пән оқытушыларының баланың отбасына көрсететін көмегі үкен роль атқарады. Өйткені жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас

мәдениетін қалыптастыру үшін баланың психологиялық даму барысында орын алатын көптеген ауытқулардың алдын алып, даму қайшылықтарынан өтуге құзыретті көмек көрсету керек.

Балалардың девиантты мінез көрсетуі жас ерекшеліктерімен байланысты зерттеулер психологияда көптен бері төргі орын алуда. А.Адлер, Л.С.Выготский, А.Е.Личко, П.Б.Ганнушкин, Л.Б. Шнейдер, Е.В.Змановская, М.С.Никитина, С.И.Гелинский, В.С. Афанасьев, М.И. Рожкова, Б.С.Братусь және т.б. көптеген ғалымдар еңбектерінде девиантты мінез-құлықтың анықтамасы мен сипаттамасы, эмоционалдық қолайсыз жағдайлардың пайда болу себептері және одан шығу жолдары талданған. Олар берген анықтамаларды жалпылап айтсақ, девиантты мінез деген осы қоғамдағы нақты бекітілген немесе тарихи қалыптасқан нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін адам әрекетіндегі жалпыға қатысты және тұрақы формада көрініс беретін әлеуметтік құбылыс.

Осы зерттеулерді және олардағы анықтамаларды басшылыққа алып мектеп жасындағы балалардың бойында кездесетін девиация түрлері, агрессивтіліктің айқын байқалатын түрлері жүйеленген. Бала өміріндегі кризистік даму кезеңдерімен байланысты орын алатын қиындықтар олардың мінез-құлқының кейбір көрсеткіштерінің шамадан артық дамып кетуіне, мазасыздануының, агрессиясының және басқа девиация түрлерінің орын алуына алып келетіні байқалады. Осы құбылыстардың ерекшеліктерін зерттеушілер Кречмер, Д.Миллер, К.Леонгард т.б. ғалымдаросы құбылыстардың типологиясын жасаған. А.В. Запорожец, Қ.Б.Жарықбаев, А.С.Спиваковская, В.С.Мухина т.б. ғалымдар баланың отбасындағы ауытқулы мінез көрсету жағдайлары отбасындағы тәлім-тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеген. Өйткені ата-ана мен балалары арасында орын алған бір-бірін түсінбеушілік, көзқарастарындағы қарама-қайшылық, көптеген қарым-қатынас мәселелері бойынша мәмілеге келмеушілік балаларды мінез девиацияларына алып келетін себептердің бірі екенін анықтаған.

Зерттеулерде балалар дамуында әр түрлі жас кезеңдерінде орын алатын дағдарыстарға байланысты олардың мінез ауытқуы орын алатыны дәлелденіп, олардың осы кезде балалардың ересектікке өтуіндегі проблемаларына байланысты орын алатынын дәлелді түрде көрсеткен. Мектеп психологтары, сынып жетекшілері осы қиындықтардың теориялық негіздеріне қанық болғанымен балалардың отбасындағы жағдайын түзетуге көмек көрсетуге, әр баланың проблемасын ерекшеліктеріне толық түсінуге, ата-аналарға балаларымен тіл табысуға көмектесуге дер кезінде әрекет жасап, алдын алу жұмыстарын жүргізуге үлкен үлес қосуы қажет екендігін түсінгенімен, осы жұмысты жүргізу нәтижесі қажеттілікті

қанағаттандырмай отыр. Тақырыптың өзектілігі балалардың отбасында шатақ мінез көрсетуінің алдын алу, кеңес беру және коррекциялау жұмыстарын жүргізу жолдарын мектеп психологы, сынып жетекшілері нақты анықтап алмағандығымен байланысты.

Зерттеулер шеңберінде төмендегі ғылыми іс-тәжірибелер жасалынуы керек:

- балалардың жеке тұлғалық даму заңдылықтарымен байланысты орын алатын девиантты мінез көріністерін анықтау жолдары;

- балалардың девиантты мінез-құлқын зерттеу әдістемелері және психодиагностика нәтижелерін талдау, қорытындылау жолдары;

- девиантты балалардың отбасындағылармен тіл табысуына психологиялық көмек көрсетуге арналған психологиялық кеңес беру және балалармен коррекция жүргізуге пайдалануға болатын әдістемелер жүйесі;

- балалардың девиантты мінез-құлық ерекшеліктерін диагностикалау және коррекциялау туралы ұсыныстар.

- девиантты балалардың отбасындағылармен тіл табысуына психологиялық көмек көрсетуге арналған материалдарды ретке келтіру, оны қолданудың педагогикалық-психологиялық жағынан негіздеу.

Жалпы бала психологиясына белгілі психикалық ауыр әсерлердің түрлерін атап өтсек; бірінші, баланың жігерін жасытатын үкімді баға беру (мысалы, «Сен ойнай білмейсің», «сен дұрыс сөйлей алмайсың» деген сияқты кесімді ұғымдардың әсері жаман). Осыдан кейін, баланың тауы шағылып, талабы қайтып қалатындығы анық. Тіпті, оған бұдан былай ойнаудың да, сөйлеудің де қиындай беретіні рас. Сәбилерді үнемі көтермелей жетелеп тәрбиелеудің психикалық мәні зор [2].

Екінші сәт, баланың істеген әрекеттеріне теріс те, зілді баға берумен қоса, оның жеке басының намысына тиетін сөздер айту. Мәселен, «Сен ойнай білмейтініңмен қоса, мақтаншақсың, өтірік мақтанасың» деудің әсерімен, баланың бүкіл жан-дүниесін терең жаралауға әбден болады. Сондықтан да, балалардың іс-әрекеттерін дұрыс бағаламау, төмендетіп бағалау арқылы, оның қалыптасу қабілетін тұтылдырумен қоса, ұстамдылығы мен парасатына да қаяу түсіреді. Мұндай әрекеттер баланың өміршең талпыныстарын бірден тоқтатып, тіпті тіршілігінен де жиренері хақ. Оның алдындағы армандарын да, сенімдерін де жоғалта бастайды.

Үшінші бір ыңғайсыз сәт, басқа бір баламен салыстыра бағалаудағы жіберілетін әділетсіздік. Мұндай әрекеттер арқылы, баланың бойына қызғанушылық пен өзімшілдікті қалай сіңіріп алғандарын да байқамай қалады. Міне, тәрбиедегі психологиялық әдістерді білмеудің салдары осындай аса қиын жайсыздықтарға әкеп соғады екен. Бұл бала тәрбиесіндегі кезек күттірмейтін мәселе дегіміз келеді.

Отбасылық кеңес беру үдерісін шартты түрде 5 фазаға бөлуге болады:

- 1 Байланыс орнату;
- 2 Проблемаларды анықтау;
- 3 Іс-әрекет фазасы;
- 4 Шешім қабылдау фазасы;
- 5 Кері байланыс фазасы.

Психологиялық кеңес беру жұмыс барысында девиантты мінез-құлықтық бұзылысты қалыпқа келтіру басты мақсаттың бірі болғандықтан балаларды осы жағдайдан шығарудың негізі олармен үлкендердің санасуына келіп тіреледі. Бұл жұмыс отбасы мүшелерінің кіші жастағыларымен санаса білуін, үлкендік кеудемсоқтықты жеңіп, жаңа қатынас үлгілерін меңгерумен тығыз байланыста болады. Отбасымен психологиялық кеңес беру жұмысын жүргізу барысында ата-аналар өздері осы жұмыстың отбасы жүйесімен жүргізу керектігін байқайтын болады.

Балаға назар салып бақылағанда байқалатын қасиеттерге: өзін-өзі сын көзбен қарап мінездегі кемшіліктерді сезіну, әділетті, әділетсіздікті аңғаруы, ойлаған мақсатын орындап шығу үшін шыдамы мен іскерлігі жатады. Егер бала мінезіндегі көріністер өмірмен сабақтасып, тәрбиемен ұштасса, бала қайрымды, байсалды, батыл жүректі, табанды болып ер жетеді. Ал бала бойында ынжық мінез қалыптасса, онда сылбырлық, жалқаулық, күйгелектік, қорқақтық, мылжыңдық мінездер пайда болады. Бала өскен сайын көп көріп, естіп білуге ұмтылады. Өз ойын айту, басқалармен достасу, пікірлесу сияқты мінез-құлық қалыптасады. Баланың дамып нақтылап келе жатқан мінезін дұрыс жолға сала білудің маңызы зор. Бала мінезін тәрбиелеудің сан қырлы жолдары бар.

Баланың отбасындағы мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтау үшін төмендегі сызбаны ұсынамыз. Бала бойындағы бір күн байқалмаған қасиет екінші күні байқалып отырады. Сондықтан психолог та, ата-аналар да оларға арналған күнделік жүргізуі керек. Онда жыл бойы әр бала туралы мәлімет жазылып тұрады. Ол әрі қысқа, әрі нақты жазылады. Оқу жылы соңында «Мен қандай оқушымын?» деген тақырыпта тәрбие сағатын өткізіп, жазылған психологиялық күнделікпен оқушыны таныстыруға болады. Әр оқушының мінез-құлқына талдау жасап, «сені жұрттың бәрі ұнатады, сенің бойында мынандай қасиеттер бар» деп, оның пайдалы және зиянды екенін түсіндіріп отыруы керек [3]. Күнделік жүргізу оқушы бойындағы қасиеттерді кеңінен танып білуге көмектесері сөзсіз.

Сонымен қатар, мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды анықтап, қиындықтар не себептен пайда болатындығын ата-аналарымен талдау арқылы психологиялық кеңес беру барысында олар баласының девиантты

мінез көрсетуіне негіз болған себептерді өздері анықтап, одан шығу жолдарын табуға ат салысады.

Қорыта айтқанда, әрбір педагог-психолог мектеп ұжымымен бірлесе отырып:

1. Балаларда кездесетін девиантты мінез түрлері, олардың туындау себептері, девиантты мінездің алдын-алу шараларының теориялық қағидалары дәйектелініп тұжырымдау керек.

3. Девиантты балалардың отбасында өрескіл мінез көрсетудің себептерін анықтауға арналған психодиагностикалық зерттеу әдістемелері іріктелініп, оны шешуге арналған психокоррекцияны жүргізу реті және ата-аналарға психологиялық кеңес беру мазмұнын анықтау керек.

4. Девиантты балалардың девиантты мінез көрсетуінің алдын алу және одан шығу жолдарын үйрету тренингтерін жүргізу жолдары теориялық-әдістемелік тұрғыдан негіздеп, оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру керек.

Балалардың отбасындағы мінез-құлық ауытқуларын анықтауға «Ата-ананың балаға қатынасы» деп аталатын ата-ананың балаға қатынасын анықтайтын тест сауалнамасы, «Көңіл-күйді бағалау» тесті, «Жаныңыз жараланғыш па?» және басқа әдістемелер балалардың девиантты мінез көрсетуіне негіз болған себептерді болжамдауға мүмкіндік береді [4].

Кең тараған себептер ішінде ата-аналар жағынан гиперқамқоршылық көрсету, отбасында тұлғааралық қатынастар қалыптасқан болғанымен ата-аналардың басым көпшілігі балаға жақсы тәрбие берудің көрсеткіші ретінде олардан қатал тәртіпті талап ету және барынша жағдай жасау гиперпротекциясын басшылыққа алатыны белгілі. Отбасында балалардың девиантты мінез-құлық көрсету себептеріне байланысты балалармен психокоррекция жұмыстары, ойын тренингтері жүргізіліп, ал олардың ата-аналарына балаларының девиантты мінез-құлық көрсету ерекшеліктері бойынша кеңес беру жұмысын жүргізу керек [5].

Отбасына психологиялық қызмет көрсету мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде ондағы қақтығыстарды түзетуге пайдаланатын психотерапияның негізгі бағыттары анықталып, отбасына психологиялық кеңес беру жұмысын жүргізуге қойылатын талаптар нақты көрсетілу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар //Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты <http://www.akorda.kz/>

2. Адлер А. Воспитание детей. Взаимодействие полов / Пер с англ. А. А. Валеева и Р. А. Валеевой. (The Education of Children. Gateway Editions, Ltd South Bend Indiana, 1978). Ростов н/Д, изд-во «Феникс», 1998. – 448с.

3. Акажанова А.Т., Кулдашева Н. Жасөспірімдік кезеңдегі мінез-құлық ауытқушылығының психогенетикалық негіздері // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2007. – № 1 (2). – С. 279–282.

4. Бекмұратова Г.Т. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда зерттеу//Этнопсихология және этнопедагогика конференциясы материалдарының тезистері. – Алматы: 2005.

5. Кондрашенко В.Т. Девиантное поведение подростков: Социально-психологические и психиатрические аспекты. – Минск, 1988 –208с

БАРЫСОВА Н.Т., АҚЫЛБАЕВА Д.Б., АЙТБАЕВ А.Т. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ ДЕВИАНТНОМУ РЕБЕНКУ В НАХОЖДЕНИИ ОБЩЕГО ЯЗЫКА С ДРУГИМИ ЧЛЕНАМИ СЕМЬИ

В статье говорится о том, что если педагогом на основе изучения личностных особенностей детей с девиантным поведением, будут проводиться психологические консультации родителей и коррекция девиантного поведения детей, то в поведении девиантного ребенка снизятся проявления отклонений, и он будет находить общий язык с другими членами семьи.

Ключевые слова: трудный ребенок, характер, настроение, особенности, совет.

BARYSSOVA N.T., AKYLBAYEVA D.B., AITBAYEV A.T. PSYCHOLOGICAL ASSISTANCE TO THE DEVIANT CHILD TO GET ON WELL WITH OTHER MEMBERS OF HIS FAMILY.

The article is based on the study of personality characteristics of children with deviant problems by the tutor and if he carries out psychological counsel with parents and spends correction of deviant behaviour of children effectiveness, the child's deviant behaviour will fall and he will get on well with the members of family.

Keywords: deviant child, character, peculiarities, mood, advice;

ӘОЖ 950:37.013

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІС КОМПОНЕНТТЕРІ - БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТҮСІ

ЕЛЕУСИНОВА Г.Е., ҚОШМҰХАН Ә., ТӘЖІБАЕВА М.

Мақалада автор педагогикалық үдеріс компоненттерін болашақ мамандардың құзыреттілігін даму негізінде қарастырады. (Нәзіпа Құлжанованың өмірі мен шығармашылығын талдау арқылы) Трансформация – педагогикалық үдерістің мәні.

Кілт сөздер: мазмұн-мақсаттық, ұйымдастырушылық-әрекеттік, эмоционалдық-мотивациялық, бақылау-бағалау.

Педагогика адамның өзін-өзі өзгертуі мен өзін-өзі жетілдіруінің заңдылықтары туралы ғылым. Оның өз ұғымдары, ережелері, өзіндік технологиясы, рухани ашылу, импровизация, экспромт сияқты құбылыстары да бар. Шәкіртке деген сүйіспеншілік, оның болашақ маман ретінде дамып жетілуіне көмектесу педагогтың барлық уақыттағы міндеті болып табылады.

Құзыреттілік ең алдымен студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу студент мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Студенттер дербес жұмыс жасауға үйренеді. Жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – студентке білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына қолайлы жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру арқылы терең ойлылыққа жол ашу болып табылады.

Педагогикалық үдерістің құрылымдық компоненттерінің реттілігін сақтау (мазмұн-мақсаттық, ұйымдастырушылық-әрекеттік, эмоционалдық-мотивациялық, бақылау-бағалау) студенттерді нәтижелі жұмыс жасауға бағыттайды.

Мақсат-мазмұндық компонент дегеніміз жалпы, дара, жеке мақсаттардың бірлігінен құралады. Жалпы мақсат бұл көркем мінез. Дара мақсат болашақта айналысатын кәсіп. Жеке мақсат келер ұрпаққа қалдырған із. Мұнда педагогтың міндеті студент тұлғасы дамуы үшін мәдени орта құру және оған құндылық, өмірлік әрекет пен мәдениетте өзін іске қосуын таңдауға көмектесу болып табылады. Осы негізде біз физика математика факультетінің екінші курс студенттеріне «Нәзипа Құлжанованың педагогикалық мұрасы» тақырыбында эссе жазуды тапсырдық. Арнайы ситуациялық тапсырманың мақсаты – нағыз педагог атына лайық тұлғаның өмірімен өз өмірлерін салыстыру арқылы белсенділікке бағыттау. Абай ұстаздың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – деген қағидаға айналған алтын ойын және бір жаңғыртудың үлгісі деп қабылдайық. Студенттердің шығармашылық жұмысынан үзінділер келтіруді жөн көрдік.

1 ші студент: «...Жақсы адамдармен қызметтес болуы. Н.Құлжанованың 20-30 жылдары А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин,

Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезовтей қазақтың ақмаңдай ұлдарымен қызметтес болуы өнімді еңбек етуіне оңды ықпалын тигізген деп есептеуге болады. 1923 жылы Орынборда жарық көрген «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітапшасының алғы сөзін ірі қоғам қайраткері, әдебиет зерттеушісі, ғалым-лингвист, талантты ақын, түрколог, аудармашы Ахмет Байтұрсыновтың жазуы да оның мәртебесін көтере түседі. Ахмет Байтұрсыновтың қадірлейтін әріптесіне өзінің ішкі мұңын шертетін «Н.ханымға» деген өлеңі де бар болып шықты:

Рақатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым.
Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы, жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар...
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бір күншіл, менікі – ертеңгі үшін [1, 11].

Бұл арнау өлең Нәзипаның рухани танымының жоғары болғандығының бір дәлелі іспетті. Жалпы Нәзипаға арналған қазақ зиялыларының арнау өлеңдері, кара сөздерінен біз жарқын ұстаздың жаңа қырларын көре түсеміз. Абайдың жиені, Абай қорының президенті Б.Ерсәлімов:

«Нәзипа – үлкен педагог, ол кісі бала тәрбиесі жөніндегі үлкен кітаптары шыққан, үлкен журналист, үлкен этнограф. Бұл кісі әйелден шыққан ең бірінші Абайтанушы, Әлиханнан кейін Абайды халыққа айғалатып шығарған осы – Нәзипа», – деп қайраткер қыздың еңбегіне зор баға берген. Жалпы тарихта көбіне Нәзипа есімімен қатар жүретін ең бірінші ақпарат оның 1914 жылы 26 қаңтарда Абайды еске алу кешін ұйымдастырып өткізуі туралы [2, 3]. Осы кеш туралы «Айқап» журналының сол жылғы №4 санында (67-68 бет, Троицкіде) жазылды. Нәзипа ханым осы кеште сөйлеген сөзінің аяғында Абайды туғызған қазақ даласы, тағы да талай Абай секілді, бәлкі одан да артық данышпандарды туғызар дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйкесі босап, көзіне жас алғандар да болды, – деп хабар берді. «Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған алғашқы әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (Нәзифа ханым Құлжанов жамағатының) майданға түсіріп берген өрнегі» – деп жазды 1914 жылы «Қазақ» газетіне Міржақып Дулатов.

Зерттеу барысында студенттердің назарына түскені осы кешке жасалған жарнама болды: Мәтінін береміз. Бірінші бөлімнің программасы былай жазылған:

1. Қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбаев және оның поэзиясы – Н.С.Құлжанова.

2. Қазақ әндері А) Татьяна хаттарынан үзінді. Абайдың Пушкиннен аудармалары.

Б) Абай мотивіндегі сүйіспеншілік (ғашықтық) әндер.

В) «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?»

Г) Қазақтың ертедегі әуенімен айтылатын төрт ән.

(Әлмағанбет Қапсалямұмов орындайды).

3. Кештің үшінші бөлімінде халық алдында Г.И.Павлов шаманизм туралы лекция оқиды. Назипа осыған байланысты бақсылардың сыйыну-жалбарыну өлеңдерінің үлгілері деген әңгіме жүргізеді. Бақсы Берікбай Сатиев (80жаста) қобызымен рух шақыру сеансын орындайды. Одан кейін қазақтың типтері қымыз ішу үстінде, қаршығамен аң аулау түрлерін көрсетіп сахна көрермендерін қызықтырады. Кештің даярлығы түгелдей Назипаның ұйымдастыруымен болады.

Абайға арналған кешті өткізу үшін Назипа талай кедергілерге жолығады губернаторға хат жазып жауабын үш айдан кейін алады. Кештің бағдарламасын патшаның цензурасы тексереді.

Ұйымдастырушылық-әрекеттік компонент педагогтың тәрбиелік қызметті басқаруы мен екі жаққа ортақ тәрбиелік мәнді істерді ұйымдастыруынан тұрады. Осы бағытта да Назипа Құлжанова белсенділік танытып отырды. 1915 жылы Абайдың туғанына 70 жыл толуына арналып өткізген әдеби кешті ұйымдастырушы Назипа мен Нұрғали Құлжановтар. Орыс тіліндегі жарнамада соло на рояле М.Ауэрбах, Яковлева соло для баритона, Стих. Емельянец және т.б. Бетховеннің Увертюра на рояле Ауэрбах, Шабуневич. Абайға арналған еске алу кештерін өткізу кейін дәстүрге айналады. (1919 жылы Ж.Аймауытов пен М.Әуезовпен бірге) Бұл кешті қос тілде жүргізуінің, орыс әріптестерін қатыстыруының да өзіндік саяси-әдеби астары бар болуы керек.

1904 жылы Семейге қоныс аударған Құлжановтар білікті адамдармен пікірлесіп, әсіресе ұлы ақын Абайдың өнерлі балаларымен, шәкірттерімен араласып отырған.

2 ші студент. Жақсы адамдармен дос болу. Назипа ханым тек мамандығын емес, өмірлік жарын да дұрыс таңдай білген ақылды қыз. Қазақ ұлтының алдыңғы қатарлы елмен тең түсуі жолында бұл кісілердің атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Қазір педагогика ғылымында беріліп жүрген тәрбиенің барлық түрін: адамгершілік тәрбиесінен бастап эстетикалық, экономикалыққа дейін қамтыған Құлжановтардың қызметі тек сол кездегі емес, бүгінгі таңдағы қазақ балаларына да үлгі боларлық құдіреті жойылмақ емес. Оған дәлел – халықтың «Семейдің қос қарлығашы» деген бағасы болса, бүгінгі

күні Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің информатика мамандығының екінші курс студенттері тарихта аты қалған ұстаз туралы өз пікірін білдіруге дайын:

Мукашева Лилия: «Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады», – демекші «Қазақ қыздарына үлгі болар Нәзипа» тақырыбында ізденіп ақпарат жинау, еңбектерін оқу, талдау барысында біздің санамызға ол кісіге деген тұрақты ой еніп, жүрегімізде ілтипатқа толы тебіреніс сезімдері пайда болды. Егер Нәзипа ханым ХХІ ғасырдың тұлғасы болса, қазағымыздың қаракөз қыздары өнеге алып, үлгі тұтып өсер еді. Әйтседе, Нәзипа ханым өзінің үлгі-өнегесін тарихымызға енгізіп, жазған еңбектерін мұра етіп қалдырды. Нәзипадай жігерлі қазақ қыздары өз ортамызда бар және болашақта да дүниеге келеді деген үміттемін. Жігерімізді тек пайдалы істерге жұмсау – басты мақсатымыз болсын!

Мұхамбет Айгерім: Біз Нәзипа апайдың ең бірінші, ең алғашқы аталған қоғамға мүше болған қазақ қызы екенін ұмытпауымыз керек. Сонымен қатар заманында ірі мәдени – қоғамдық істердің ұйымдастырушысы болған қайраткер, журналист, талғамы биік жазушы. Оның 1927 жылы Қызылорда қаласында шыққан «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбегі бүгінгі күні де аналар тарапынан қолдануға болатын маңызды дүние. «Жүкті әйелдің күтімі», «Емшек баласын дұрыс емізудің тәртібі», «Баланың аурулары» сияқты халық қамын ойлап жазған еңбегі қаншама?!». «Үй қандай болу керек» деген еңбегін оқи келе Н.Құлжанова өзінің ақыл-кеңесін, отбасының шаңырағын биік, босағасын берік етуге шақырғанын, сонымен қатар тұрмыс салтының олқы жақтарын көзімен көріп күйзелген халық жанашыры! Халқы үшін күйзелісін ортаға салып, еңбек етіп, халық жағдайын түсіне біліп, оларға көмек қолын созған қазақ қызының еңбегін бағалаймыз, мәңгі жүрегімізде! Қоғамда әйел затының орынын халыққа жеткізе білген Н.Құлжанованың еңбегі біз үшін үлкен мұра, баға жетпес байлық, асыл қазына. Біз халық жанашыры болған Н.Құлжанованы ұмытпаймыз, мәңгі жадымызда!

Тәжібаева Мөлдір: Журналист болу оңай емес. Мұғалім оқушыны тәрбилесе, журналист қоғамды тәрбиелейді. Журналистика өте ауыр мамандықтардың бірі. Меніңше бұл мамандық иесі өте пысық, әр түрлі ситуациядан шыға алатын, ақиқатты әділдікті көздеген адам болу тиіс. Ал осы қасиеттер Нәзипа Құлжанованың бойынан табылып отыр. Нәзипа Құлжанова бүкіл қазақ мақтанышы.

Тұрсынбек Ақниет: Ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев Нәзипа Құлжанованы «аумалы-төкпелі заманда ел ісіне араласқан Қаныш Сәтбаев, Смағұл Садуақасов, Тұрар Рысқұлов сияқты ер-азаматтармен қатар атапты (ЕҚ 2012). Жастайынан өжеттілігімен, қайсарлығымен танылған Нәзипа

өзінің белсенділігін, қарым қабілетін Абайды еске алу кешінде, тәрбие жұмыстарына арналған оқу-құралдарын жасау кезінде толық көрсете білді. Өзін сан-салада шығармашылық қырынан көрсете отырып, әйелге тән борышын да ұмытпады. Артындағы ұрпағына ғибратты ғұмыр, тағылымды мұра қалдырды. Арынды арна қалыптастырды және сол арна осы күнге дейін өз ісін тиянақты атқарып, өскелең өрендердің өмірлеріне өз әсерін тигізуде. Бұған дәлел Арқалық қаласындағы Нәзипа Құлжанова атындағы гуманитарлық колледж. Дәрігерлік білімі жоқ болсада, бұл саладағы еңбектерді атқара отырып, дәрігер мамандарға арналған «Ана мен бала!» кітабын жазды. Бұл дегеніміз нағыз еңбектің көрінісі, ізденіс пен ой деңгейінің жоғары сатысы. Сол заманда нағыз таптырмайтын екінің бірінің қолынан келмейтін дүние еді. Ол қасиеттерімен үлгі, қайраткер, тұлға. Біз, педагогикалық мамандық студенттеріміз. Біздің идеяларымыз – Нәзипа Құлжанова. Оның бала тәрбиесіне арналған оқулықтары, еңбекке дағдыландыру, ұйымшылдыққа баулу қағидалары, педагогке айтылған кеңестерінің маңызы зор. Ол істеген еңбегі, артына қалдырған дүниесі арқылы бар қазаққа үлгі. Парасаттылығы мен еңбекқорлығы, сұлулығы мен мәдениеті арқылы қазақ қызына үлгі.

Естөреева Динара: Нәзипа Құлжанова әрбір қазақ қызы тануы тиіс тұлға. Бұлай дейтін себебім: «Біз өзінің ардақтыларын құрмет тұтатын елміз. Сол ардақтылардың бірі – Нәзипа». Ол жанның талмай-тынбай еңбектенуі, төзімділігі кімді болсын таң қалдырары сөзсіз. Бала тәрбиесінің қыр-сырын меңгеріп, оны жеткізе білуі, ұлы тұлғаларды дәріптеуі, өнерге деген жанашырлығы айта берсе таусылмайтын асыл қасиеттері мыңның бірінде кездесері хақ. Алланың осындай асыл тұлғаны біздей халықтың ұрпағы қылуы, бізге берген үлкен сыйы емес пе?! Сол сыйды шын ниетімізбен қабыл алып, оны сақтап, қадір тұту бәріміз үшін үлкен парыз.

Сұлтанмұрат Өркен: Нәзипаның адал досы болған Нұрғали Құлжанов Нәзипамен бірге өмір бойы дарынды жастарды тамыршыдай тап басып танып, олардың рухани ашылуына көмектесіп, өмірде өз орындарын табуына бағыт берген абзал жандар. Құлжановтар семьясының жақын досы болған Георгий Михайлович Хамутов былай деп жазған екен: мен Құлжановтардың үйінде екі жыл пәтерде тұрғанымда тағы да бір білгенім, олардың саяси және әдеби кітаптарды өте көп оқитыны. Мен алғаш рет А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» повесін Нәзипаның қолынан көріп: «Бұл неғылған кітап?» – деп сұрағанымда, Нұрғали қатты ренжіп: «Пәлі, оны білмесең несіне орыс болып жүрсін», – деп артынан мазмұнын ұзақ әңгімелеп бергені бар». Осы естеліктің өзінен біз олардың тек қазақ жастарына ғана емес, орыс жастарына да үлгі болғанын көреміз.

Қаби Ринат: Нәзипа Құлжанова өте әдемі қазақ қызы болған екен. Орысша, қазақша сауатты қыздың киім киісі де ерекше. Сол кездегі суреттерден біз Нәзипаның тақия сияқты бас киім кигенін, шашын түйіп, өте сыпайы әрі сәнді киінгенін көреміз. Қазіргі біздің замандас қыздарымыз бен апайларымыз да осындай үлгіде киінсе жарасымды болар еді деп ойлаймын.

Қошмұхан Әсел: Нәзипа – аудармашы, ол екі тілде бірдей жүйріктігімен көзге түсті. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында орыс және Еуропа әдебиетінің кейбірі қазақ тіліне аударылды. Ол С.Скиталецтің «Дала соты», Г.Короленконың «Күн тұтылғанда», А.Куприннің «Лапылдап жанған крейсер», В.Лаврентьевтің «Қырық бірінші» повесін аударған. Сонымен қатар Абай, Ыбырай, Ғабиттердің шығармаларын тұңғыш рет орыс тіліне аударған да Нәзипа болатын. 1915 жылы «Сибирский студент» журналында Семей оқытушылары семинариясының оқытушысы В.Белоседов: «Орысшаға Алтынсарин өлеңдерінен маған белгілісі «Көктем», Абай өлеңдерінен «Махаббат туралы». Бұл екі өлеңді орыс тіліне аударған қазақ қызы Нәзипа Құлжанова» – деп жазды. Нәзипа Құлжанова 1920-1922 жылдары – Ақмолада мұғалім, 1923-1925 жылдары – «Қызыл Қазақстан» журналының, 1925-1929 жылдары – «Әйел тендігі» журналының жауапты хатшысы болды. Осы ақпараттарды оқи отырып мен мына жайтқа қайран қалдым. Қазір кітап оқу сиреп бара жатқан заманда, Нәзипаның аударма ісімен айналысуы үлкен төзімділікпен аударып отырған шығарма, авторға деген, өз халқына қажет деген шығарманы аударатыны белгілі ғой, сол арқылы туған халқына деген махаббаты біздерге үлгі боларлық оқиға деп толық айтуыма болады. Менің өмірге деген көзқарасымды өзгертті деп ойлаймын.

Эмоционалдық-мотивациялық компонент тұрғысынан студенттердің ойлары балаларды дұрыс бағытта дамуы үшін олардың әлеуметтік құнды және тұлғалық мәнді қажеттіліктерін анықтауға қажет. Тек сонда ғана біздің ізденісіміз нәтижелі болады.

Таным процесінде студент құбылысқа, затқа, оқиғаға, өзге адамдарға, өзіне байланысты қатынасқа түседі. Белсенділік эмоционалдық толқулармен қатар жүреді.

Нұрғали мен Нәзипа екеуі де өздері өскен ортасында жайсаң мінездері, жолдасқа, досқа деген адалдықтары, турашыл, әділетті, адамгершілік қасиеттері ерекше көзге түсіп, көпшілік құрметіне бөленді. Құлжановтар оқу іздеп Семей қаласына даладан келіп жататын қазақ жастарына қолынан келгенінше қамқорлығын жасап, оларды оқуға орналастыруға, қаржымен көмектесуге көп күш жұмсады. Тіпті көптеген жастар олардың үйінде тұрып оқыды. Нұрғали мен Нәзипаның осындай көмегі тиген адамның бірі – қазақтың белгілі жазушысы Сапарғали Бегалин. Ол алғаш рет Семейге оқу

іздеп келгенде, бір жылдан астам сол Құлжановтардың үйінде жатып оқығанын айта келіп: «Күндіз жұмыс істеп кешкілікте бір-екі сағат Нәзипаның өзі, кейде Нұрекең де сабақ үйретіп, жазу жаздырып, есеп шығартады», – деп жазды. Сапарғали осы үйде жүріп сол кездегі жаңа шыққан кітап, журнал, газеттермен танысып, оларды оқып үйренеді. Нұрғалидың тікелей көмегімен «қызыл школ» деп аталатын орыс мектебіне түскен Сапарғали сабақты жақсы оқиды. С.Бегалин көзбен көрген, бастан кешкен жайларға құрылған өмірбаяндық романы «Замана белестерінде» жоғарғы айтылған жағдайды еске ала келіп: «менің осы мақтана айтып отырғанымның ерекше бір нәрі – Нұрекең мен Нәзипа жеңгейдің үйінде тұрған бір жылдық өмірім еді. Өйткені, ол үйде Нұрекең мен Нәзипа жеңгейдің адамгершілік ерекше қасиеттерін өзіме өнеге етсем, оның үстіне сол үйде тұрғанда жаңа заман сәулесін ана тілімді құрметтей оқитын газет, журнал болды», – деп зор шабытпен жазды [3, 28].

Бақылау-бағалау компоненті арқылы тұлғаның қызметіне әлеуметтік ықпал жасауға болады. Баға реттеуші фактор болғанда ғана адам өзінің жетістігі мен кемшілігін саналы түрде меңгеріп, алға жылжуы мүмкін.

Октябрь революциясының алғашқы жылдарында Зайсан уезінде алғаш уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, сауатсыздықты жою және балалардың панасыздығымен күресу жөніндегі төтенше комиссияның председателі болған Георгий Михайлович Хамутов – Құлжановтар семьясының өзінің өмірін өзгертуге үлес қосты деп 1967 жылы жазған естелігінде бағалапты: «Мен 1906-1907 жылдары Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясында оқып жүргенде Құлжановтан сабақ алдым. Орыс тілін аса жақсы сөйлейтін, оқымысты қазақ көргенім осы еді... Өзінің Құлжановтар туралы пікірін қорыта келіп, Г.М.Хамутов: «Менің олармен бірге өткізген уақыттарымды өмірімнің ең бір жақсы кезеңі деп есептеймін. Жасымнан жетім өскен мен бұл үйде таза әкелік көзқарасты, күнделікті аналық қамқорлықты кездестірдім. Ол екеуінің мейірімі кеудеме нұр құйды. Мен олардың алдындағы адамгершілік парызымды қалай өтесем деп терең ойға қалушы едім. Бұларды құдай сүйгенім, құрметтегенім сонша, Нұрғали Құлжанұлы оқытқан қазақ тілін бар ықыласыммен оқып, мұқият үйренуге бел будым. Менде қазақ тілінен әр уақытта «өте жақсы» деген баға болды.

3 ші студент. «...Педагогикалық қолдау немесе жақсы адам туралы ғайбат айтпау. Негізінде адам баласы өмірде бір нәрсемен айналысады екен. Арлы істермен, ол болмаса арсыз істермен. Осы екеудің ортасында қолдау тұрады. Қолдауы мықты болған жақ басып кетеді. Сондықтан да педагогикада бала тәрбиесінде мектеп, отбасы, қоғам бір болу керек деп ұрандаймыз. Дана халқымыздың: «ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен көрші бол», – деген дидактикасы да осы ойды меңзейді. Олай

болса, Нәзипа ханымның алдыңғы толқын ағаларына қарап пікір етуі, кейінгі толқын інілеріне қарап шүкір ете білуі осы педагогикалық қолдаудың жарқын көрінісі, керемет үлгісі болды. Ешкімді жатсынбады, бәрін өзінің бауырындай қабылдады. Абайды, Ыбырайды еске алу кештерін дәстүрлі ұйымдастыруының өзі бір төбе болса, мақтаса мақтауға тұрарлық Нәзипаның игі істерінің бірі жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсеткені еді. Құлжановтардың тәрбиесін көрген Сапарғали Бегалиннің «Замана белестері» кітабында былай деп жазады: «Ойынды аяқтап, қазақ ұлт әдебиеті ойын кешінің тұңғыш шымылдырығын ашқан ерлі-зайыптылар Семей жұртшылығына бұрынғыданда абыройлы көріне бастады. Ойынның артынан сол кешке жиналған 918 сом ақша қазақтың мұқтаж оқушыларына таратылды. Мысалы: Петербуртта оқитын, Томда, Орынборда, Қазанда т.б жерлерде оқитын мұқтаж оқушылардың тізімі жасалып, соларға жіберілді. Нұрғали мен оның әйелі Нәзипа сол кездегі жоғары мәдениетті, прогресшіл көзқараста еді.

Адам баласына жақсылықты ғана ойлайтын жаны кең, бауырмал Нұрғали мен Нәзипа өздерінен дәріс алып жүрген оқушыларға және Семей қаласында тұратын, оған сырттан келіп кетіп жүретін ойшыл талапты жастардың бәріне де ақылшы ұстаз, жаттығы жоқ жақын жолдас, жанашыр дос болды, оларға кішіге – аға, апа, үлкенге – іні, қарындас болды. Мысалы, халықтың сүйікті ұлы бола білген дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров 1914 жылы Семейге келіп, орысша білімі жетпей, оқуға түсе алмай қиналып жүргенде оған жылы лебіз білдіріп – мұғалім бол, бала оқыт, сөйтіп жүріп орыс учителінен сабақ ал, Томск қаласына барып бір жылдық курске түс, орыс тілінен қосымша сабақ алып дайындал, келесі жылы гимназияға түс деп кеңес бергендердің бірі осы Құлжановтар болатын. Нәзипа «Ақын Шолпан» әңгімесінде талантты жас Шолпан Иманбаеваны көргеннен бойындағы бір өзгешелікті сезгені туралы: «...үйреншікті қалыпқа сыймай, шыпшып шығып тұрған бір екпін сияқты жалын көрінетін. Кейіннен ақындық екпін, ақындық иесі бар дейтініміз осы болды ғой.» Шолпан жазған арызында: Өнер-ғылым жолына жаным құрбан дейді [1, 116]. Жалынды жасты қолдап, өлеңдерін жариялауға қамқорлық жасап отырған. Небәрі 23 жасында қайтыс болған ақын қыздың жинағын жарыққа шығаруға атсалысады. Сол кезде қазақ даласында әділетсіздіктің құрбаны болған қазақтың небір талантты қыздары да Нәзипаның қамқор ойынан тыс қалмады. Солардың бірі әмеңгерлікпен он төрт жастағы балаға атастырылған жиырма жастағы Маржан есімді қазақ қызы болатын. Ол туралы Нәзипа өзімен бірге Семейден Сарыарқаға келе жатқанда жолда шәкірттері Әбен мен Зибадан естиді. Ести сала өнерлі қызды көруге ынтық болады. Осы кездесу туралы ол «Маржан» атты жол әңгімесінде баяндайды. Маржан есімді қызбен танысып, оның ерекше ақыл,

қабілет иесі екенін көріп қуанады. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмайды. Өйткені бірнеше айдан кейін Маржанның бақилық болғаны туралы естиді. (көк жөтелге тап болған ару өз үйіне келіп тыным табады). Маржаннан «Ғайни-ау, сәулемнің» әні қалады. Өлеңін, әнін жазған Маржанның өзі. Ән өте мұңлы болғандықтан, кейін Құлжанова А.Затаевичке сұраныс беріп, осы өлеңге ән жаздыртады. Сөйтіп Маржанның аты тарихта қалды. Маржанның сөзінен үзінді келтіре кетейік: «...Сіздердей көзі ашық, оқыған кісімен кездесу бізге қиын ғой, осындай кез болғанда, аз ғана сөйлесіп қалғанның өзі естен кетпейтін қуаныш болады...сізді көріп, Зибаны көріп, ағасымен бірге қорықпай ел асып, жұрт асып жүргенін көріп, осылардай болып оқыған кісінің арманы бар ма деп өтермін...», Нәзипа: «...Сіздің оқуды арман қылуыңыз – таптырмайтын мінез...», – дейді [1,132]. Осы әңгімеде Нәзипаның шәкірттерімен бірге май ішінде сары даламен біте қайнасып кеткендігі туралы тартымды суреттелетін тұстары бар: «... мен өзімді Әбен мен Зибаны титтей айырғым келмейді. Бәлки, сол кезде ішіміздегі естиар адам жалғыз Ахмет болған шығар. Басқамызда ақыл, ой деген заттар Ертіс өзенінің ар жағында қалған сияқты. Көңіл күнмен бірге келіп, құспен бірге сайрап, желдей есіп, желіп келеді. Менің бойымдағы әшейіндегі үй иесі аталғандықтың салмағы, маңызды, балалардың алдындағы үйреншікті үлкендік, апалық бәрі де естен шығып кеткен. Тек сайраған сары даланың баласы екенін білесің...». Туған жерін шын сүйген адам ғана осылай жаза алады.

Педагогикалық үдеріс – бұл еңбек үдерісі, қоғамдық мәнді мақсаттар үшін іске асады. Педагогикалық үдерістің ерекшелігі мынада: ұстаздар еңбегі мен студенттердің еңбегі біздерге тұтастай бірігіп, еңбек үрдісіне қатысушылардың өзіндік қатынасын – педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастырады, импликация, трансформация құбылыстарын тудырады. Трансформация – өзгеден ілгенінді өз меншігіне айналдыру арқылы, сандық өзгерістен сапалыққа өту деген сөз. Ол үшін адам естіп, көріп білгенінен үлгі алуы керек. Нәзипа Құлжанованың өмірі және педагогикалық мұрасы туралы ұрпақ алдында және біріге отырып бір сәт есеп беруіміз біршама ойлардың тууына себеп болды: ғылым-білімге, жарқын болашаққа бастаған адал педагог Нәзипа жолы ұрпақтарды талай игі іске жұмылдырып, жігерлендіре түсетін даралығымен есте қалады. Студенттердің жүргізген зерттеу жұмыстарының негізінде, педагогика ғылымына енгізген жаңалықтарына тоқталып өтейік: Қазақстанда тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуы; ана мен бала тәрбиесін биология, физиология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыста қарастыруы; өнер, әдебиет мәселесімен айналысу арқылы халықтың эстетикалық мәдениетін көтеруі; тарихқа маңызды көшпелі қазақ елінің

тұрмысының айқын берілуі; очерк жанрында әңгімелер жазуы; әр елдердің мәдениетін, әдебиетін, тұрмысын салыстыра отырып, ерекшеліктерін көрсете білуі.

Қорыта айтар болсақ, ұстаз бен студенттердің өзара шығармашылық әрекеті, олардың ынтымақтастығы, педагогикалық үдерістің компоненттерін тиімді, бірлікте қолдана білуі – болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытудың негізі ретінде жақсы нәтиже беретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. – Алматы: Рауан, 1993. –168 бет.
2. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа// Семей таңы. –2007. –30 тамыз. – 3 бет.
3. Бегалин С. Ы.Замана белестері. – Алматы: Рауан, 1975 . –28 бет.

ЕЛЕУСИНОВА Г.Е., КОШМУХАН А., ТАЖИБАЕВА М. КОМПОНЕНТЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

В данной статье авторы рассматривают компоненты педагогического процесса как основу развития компетентности будущих учителей. При этом они обращаются к анализу жизни и творчества Назипы Кулжановой, определяя трансформацию как сущность педагогического процесса.

Ключевые слова: *содержательно-целевой, организационно-деятельностный, эмоционально-мотивационный, контрольно-оценочный, изменение.*

ELEUSINOVA G.E., KOSHMUKHAN A., TAZHIBAIEVA M. THE COMPONENTS OF THE PEDAGOGICAL PROCESS AS A BASIS FOR THE DEVELOPMENT OF COMPETENCE OF FUTURE PROFESSIONALS.

In this article an author examines the components of pedagogical process as basis of development of competence of future teachers.(on the basis of analysis of life and work of Nazipa Kulzhanova) Transformation is essence of pedagogical process.

Keywords : *substantial target component, organizational and activiti , emotional and motivational , control and estimated,transformation.*

ӘОЖ 37.3

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘРДЕМ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

ОРАЗИМБЕТОВА К.Ш.

Мақалада психологиялық жәрдемнің дамуы мен ол туралы ғылыми көзқарастардың эволюциясы қарастырылған. Психологиялық жәрдем түрлерінің анықтамалары келтірілген, әрбір түрінің ортақ және ерекше белгілері көрсетілген. Психологиялық жәрдемнің қазіргі заманғы екі маңызды моделі негізделген.

***Кілт сөздер:** психологиялық жәрдем, психотерапия, психологиялық кеңес беру, психологиялық коррекция, психологиялық жәрдем моделдері.*

Соңғы жылдарда әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттің қарқындап дамып келе жатқан бағыттарының бірі – психологиялық жәрдем. Бар-жоғы жүз жылға жуық тарихы болса да, психологиялық жәрдемге адам өмірінің түрлі салаларында: өндірістен бастап денсаулық сақтау саласына дейін сұраныс артуда. Бұл іс-әрекетке әрқайсысының өз міндеттері мен әдістері бар бірқатар мамандықтар кіреді. А.Ф.Бондаренко көрсеткендей: «Психологиялық жәрдем – жеке адам мен қауымдастыққа қоғамдағы адамның ішкі жан дүниесінде пайда болатын көптеген мәселелерді шешісуге арналған іс-әрекет саласы мен әдісі» [1, 215 б.]. Психологиялық жәрдемнің кәсіптік іс-әрекеттің арнайы түрі ретінде қалыптасуы ХІХ ғасырдың аяғында АҚШ та Jess B. Davis Детройтта орта мектеп оқушыларымен кеңесші ретінде жұмыс істеген кезіне жатады [2, 378 б.]. 1908 жылы Бостонда Frank Parsons өзінің кәсіпке баулу бюросын ашады. 1913 жылы ол National Vocational Guidance Association (кәсіпке баулу бойынша Ұлттық Ассоциация) – психологиялық жәрдеммен айналысатын – мамандардың алғашқы кәсіби бірлестігін ашады.

Дәл осы кезде Еуропада Зигмунд Фрейд психикалық ауытқулары бар адамдарға жәрдем берудің жаңа әдісі туралы жариялайды. Бұл – әлемге әйгілі болған және психоанализ ретінде тараған talking cure, «әңгімемен емдеу» әдісі болатын. З. Фрейдке дейін психологиялық проблемалары бар адамдарға психологиялық жәрдем берудің басты әдісі гипноз болатын, яғни психологиялық жәрдемнің авторитарлық моделі. Пациент толығымен дәрігердің билігінде болатын, оның пікірімен ешкім санаспайтын. Егер адамға гипноз жүрмесе, онда оны емдеу де сәтсіздікке ұшырайтын.

З.Фрейд бірінші болып тек санасыздыққа ғана емес, сонымен бірге психикалық бұзылыс кезінде жәрдем беру әдісіне де назар аударды. Жан сырын ашудың ауру адамға қаншалықты маңыздысын байқап, Фрейд пациентке ішіндегінің бәрін, сөйлем құрастыруға, логикаға мән бермей, ақтаруға мүмкіндік беріп, осы әдісті пайдалана бастайды. Дәрігердің пациентпен қарым-қатынасы диалог түрінде жүрді, ол өз пациенттерінде өзін-өзі зерттеуге деген ұмтылысты қолдап, замандастарының айтуынша емдеу үрдісіне шығармашылық тұрғыдан қарады. Психоанализді мәдениеттің басқа салаларына да таратып, З.Фрейд психологиялық жәрдем мәселелеріне басқа салалардан мамандарды тартты. Олардың пайымдаулары мен тәжірибесі психологиялық жәрдемнің теориялық базасы мен практикалық әдістерінің дамуына ықпалын тигізді [4, 207 б.].

А.Ф.Бондаренко психологиялық жәрдемнің кәсіп ретінде қалыптасуының алты негізгі алғы шарттары мен қайнар көздерін көрсетеді:

1. В.Вундтың Лейпцигте 1879 алғашқы психологиялық лабораториясын ашуынан бастау алатын эксперименталды психологияның дамуы.

2. Психикалық дертке ұшыраған адамдарға жаңаша, гуманды және ғылыми қатынастың қалыптасуы (психиатриялық емхана пациенттерінің шынжырларын шешкен Ф.Пинельден бастап, истерияны суреттеп берген Жан-Мартин Шарко мен Пьер Жанеге дейін және бүкіл қазіргі заманғы психотерапияның бастауы ретіндегі психоанализге дейін).

3. Психологиялық тестілеу мен ақыл гигиенасы үшін қозғалыстың дамуы (алғашқы интеллектуалды тесттерді жасаған Ф.Гальтон мен Ф.Бине, Э.Торндайк, Кл.Бирс және АҚШ дағы Ақыл гигиенасы Қоғамы).

4. Бостонда XX ғасырдың басында Парсонның арқасында кәсіп таңдау бойынша кеңес берудің пайда болуы.

5. XX ғасырдың 40-шы жылдарында АҚШ да Карл Роджерстың тұлғаға бағытталған қатынасының қалыптасуы мен бекітілуі. К.Роджерс психотерапияны экзистенциалды философиямен ұштастырып, «пациент» терминінің орнына «клиент» терминін қолданды, қоғамдық санада қазірге дейін орын алып келген, кеңес беру мен психотерапияны меңзейтін психологиялық жәрдем туралы көзқарасты қалыптастырды.

В самом подходе в оценке статуса женщин можно выделить три теоретико-методологические схемы. Первая – это «теория патриархата», суть которой сводится к обоснованию извечно существовавшего в исторические времена, порабощения мужчинами противоположного пола и полного подчинения во всех сферах – от политики и экономики до семьи и духовной сферы[8]. Вторая – это социологическая объяснительная модель природы женщины. Установка этой модели состоит в том, что различие между мужчиной и женщиной носит социальный характер, при этом не отрицается существование аналитических, биологических особенностей двух полов, однако, считается, что они случайны[9,с.16]. Третья – это биологическая объяснительная модель природы женщины. Это прежде всего проблема биолого-аналитических особенностей, которые доминируют особую социальную роль и вторичное положение женщины[2, с.146]. Такая точка зрения предполагает, что подлинно человеческими качествами – свободой,

активностью, способностью к созданию нового, обладают только те человеческие существа, которых природа освободила от репродуктивных функций.

Проблема различий в задатках и способностях людей, и следовательно, об определенной, но не фатальной роли природных задатков в развитии способностей человека разрабатывается в ряде исследований биологов, психологов[10]. Существование генетических различий по физическому складу человека, его склонностям, одаренности, наличию особых способностей считается неопровержимым, только на основе преемственности от поколения к поколению социальных и культурных приобретений человечества. То есть половые признаки выступают как сплав биологического и социального [11].

Разрабатываемые различные теории пола строятся на биологической основе и объясняют разную и дополняющую друг друга их роль в эволюции[12,с.84-85]. Мужской пол по их мнению играет в эволюции роль авангарда, женский – главных сил. Это вызвано разницей в их коренной жизненной роли тем, что самки – продолжатели рода, самцы – защитники. Представителей мужского пола природа предназначила для выработки новых свойств, которые если хуже старого погибают, а в случае лучшего, его новые свойства постепенно переходят к потомкам[13, С.105-112.]

Социологи исследуют половые различия на основе анализа четырех компонентов: биологии пола, гендерной идентичности, гендерных идеалов и сексуальных ролей[14]. Понятие «биологический пол» включает в себя первичные и вторичные физиологические признаки. «Гендерная идентичность» связана с нашим представлением о своем поле, хотя осознание человеком своего пола не всегда соответствует биологическому полу. «Гендерные идеалы» представляют собой социальные ожидания мужского и женского поведения или изменения гендерных идеалов – представлений мужчин и женщин. Сексуальные роли связываются с разделением труда, с правами и обязанностями мужчин и женщин. Социологи отмечают, что половые различия используются обществом, как основа дифференциации социальных ролей, но их сущность не является биологически обусловленной. Сексуальные роли складываются из культурных и социальных особенностей.

Исследования психологов строятся на основе анализа форм мышления – логического, отвлеченного и образного, конкретного[11, с.23]. Механизм логического мышления появляется у мальчиков к 6-7, а у девочек к 11-12 годам. Возможно поэтому считается, что среди теоретиков больше мужчин, чем женщин. Хотя женщины чувствительнее мужчин к языку, у них более образная память, зависящая прежде всего от социокультурного положения

женщины[5, с.178]. Исследования показали, что мужчины и женщины обладают примерно одинаковым уровнем умственного развития, но отличия их считаются несомненными. Разница в психотехнических способностях. У мужчин связывается с быстрой двигательной реакцией, усвоением механических навыков. Женщины выносливее, терпеливее физически и душевно. У них быстрая речь, лучшая механическая память, им лучше даются тонкие тщательные работы[15, с.19].

Пик умственных и психотехнических способностей наступает у мужчин и женщин в разное время. У мужчин время высшего взлета 20-40 лет, потом способности начинают снижаться. У женщин подъем способностей начинается позже. В 20-30 лет, в разгар супружества и материнства у них пик гормональной активности, так как женско-материнская физиология сдерживает рост их умственных способностей. Взлет этих способностей у большинства женщин начинается после 30, и в 40-60 лет они могут не снижаться[16]. На полюсах ума и глупости скапливается больше мужчин, чем женщин. Сверхумных среди мужчин больше, чем женщин, но и глупых хватает. Средние, самые массовые области ума преимущественно считаются женскими[15, с.17]. Таким образом, различия мужчин и женщин огромны, их равенство разных, это одинаковая для человечества важность мужского и женского вклада в жизнь, а эволюционное своеобразие мужчин и женщин всегда выступает в социальной форме. Вместе с тем нельзя игнорировать тезисы социобиологов о роли сложившихся в процессе биологической эволюции стереотипов поведения, которые создаются прежде всего обществом[17].

Как известно, равенство и автономия существуют в обществе в ограниченных пределах – между социально-экономически равными партнерами, к числу которых не относились женщины. Связывалось это с господством патриархальной культуры, впитавшаяся через морально-этические нормы поведения как в семье, так и вне, и являясь основой для формирования женского образа. Главным в патриархатной женственности были доброта, мягкость, понимание – звучали тогда слабо, а то и совсем молчали. В ней громко резонировали струны пассивности – слабость, покорная мягкость, а рядом струны самозащиты, приманивания, кокетство, хитрость, коварство.

С началом перехода к равенству при социализме законы общей эволюции начинают вступать в союз с законами социальной эволюции, и их соединенная сила ускоряет, углубляет ход прогресса. Рождаются новые, невиданные противоречия, которых не было раньше - между технической цивилизацией и жизнью планеты, между человеком и техникой, между человеческой биологией, психологией и самим укладом городских будней,

урбанистическим образом жизни. Эти новые противоречия, сплетаясь со старыми, классовыми, усиливают друг друга и повышает их опасность. Коренная ломка идет во всех жизненных ролях мужчины и женщины, во всех их связях – экономических и семейных, социальных и сексуальных. Рождается новый уклад – главенство обоих полов. Много в отношении общества к женщине и семье было настоящим социальным открытием. Особенно важны здесь две вещи: такая же высокая, как и при матриархате, роль женщины в экономике и постоянная помощь общества семье. Женщина становится таким же двигателем общества, как и мужчина. От этого в корне меняется весь уклад ее потребностей, весь смысл жизни. Теперь женщина видит его в двурусловой жизни – домашней и рабочей сразу. В ней просыпается тяга к разносторонней жизни, к перемене занятий, к насыщению и своих женских общечеловеческих запросов.

В наше время круто меняется вся психология человека, и перемены ее двойки. Минусы урбанизации и научно-технического прогресса порождают в психике людей защитные перемены – ослабление чувств, стандартизацию ощущений. Но наряду с этим чувства углубляются и усложняются, больше становится людей-личностей, людей с непохожестью во взглядах, интересах, привычках. Идет и обезличивание и индивидуализация человека, и человек-личность начинает соперничать по массовости с психологически стандартизованным человеком.

Рост личности начинает рождать в женщинах новые душевные потребности: в развитии своего «я», в уважении к себе, в свободе поведения, выбора. Сдвоенная жизнь, рабочая и домашняя, будит в женщинах тягу к независимости от мужчин – экономической, житейской, моральной, к личностному общению, к духовному и профессиональному развитию, к современным видам отдыха. Эти новые потребности встают рядом со старыми, теснят их, а часто отодвигают на второй план.

Сейчас в корне перекраивается весь мир женщины – внешний и внутренний, и перекройка эта идет в яростном борении противоречий. И новые запросы женщины в их нынешнем виде несут в себе и добро, и зло. К старым домашним ролям женщины прибавляются новые – рабочие, общественные, семейные. Женщина становится организатором семейной жизни, домашним воспитателем, главным помощником учителя и т.д. Старая простота потребностей – муж, дети, дом постепенно уходят в прошлое, а новый сгущенный набор потребностей зреет в муках, и женская жизнь делается небывало сложной. Авторитет женщины зависит теперь от того, как она выполняет все свои резко разросшиеся жизненные роли.

Взрыв жизненных ролей круто затрудняет выполнение каждой такой роли, женщина теперь тратит на них куда больше сил, нервов и времени.

Спад рождаемости – это стихийный ответ женщин на рост перегрузок. Но в этом спаде, кроме минусов есть и плюсы. Женщина тратит сегодня на вынашивание и выкармливание детей не четырнадцать – шестнадцать лет, как раньше, а два – четыре года. Это освобождает ее от роли «рожающей машины», дает ей десять – двенадцать дополнительных лет более свободной жизни, помогает делать личностью. Без этого путь к социальному равенству был бы невозможным. Нынешней женщиной куда меньше движут биологические и куда больше психологические пружины.

В последние десятилетия у нас идет выравнивание образовательного и трудового уровня мужчин и женщин. Но стартовый уровень у женщин был ниже, и чтобы по-настоящему догнать мужчин, им нужны были бы перегрузки, а недогрузки. Перегрузки, добавляясь к низкому стартовому уровню, резко мешают трудовому выравниванию. Поэтому женщины заняты в среднем на менее квалифицированных работах, чем мужчины, и их разряд в массе своей ниже мужского. Следовательно и средняя зарплата на четверть меньше мужской, и в руководящей структуре общества женщины стоят ниже мужчин[18]. На первых ступенях руководства женщин много, часто не меньше мужчин. Но чем выше ступень руководства, тем их меньше. Даже в сугубо женских профессиях – в медицине, просвещении, торговле, связи, общепите – руководителей-мужчин больше чем женщин. За равную работу женщины получают столько же, сколько и мужчины. Но так как у большинства женщин квалификация ниже, то и зарплата их меньше.

Теневые стороны эмансипации рожают новые проблемы. Равенство понимают как тождество, одинаковость. Из-за этого женщины делают иногда тяжелую работу, а мужчины относятся к женщинам как к мужчинам, только семижилным. Многие женщины поэтому перенимают мужские повадки, а мужчины – женские. Грани между мужчинами и женщинами понемногу ступшевываются, появляется все больше каких-то полумужчин и полуженщин. При патриархате существовал женский вопрос, во времена эмансипации возник и мужской. Один из самых больших корней мужского вопроса – мизерный вклад многих мужчин в воспитание детей и хозяйство. Воспитание стало совсем матриархатным, и это оженщивает многих мальчиков, рождает в них несамостоятельность. У девочек от нехватки мужских влияний не вырастает тот идеал и антиидеал мужчины, который обычно рождается в семье в детские годы.

На данный момент ключ к женскому и мужскому вопросу – это резкий взлет мужской роли, роли искателя, защитника во всех зонах жизни, в которых развитие идет как бы по женскому типу – с минимумом исканий, максимумом сохранения старого. Во времена переворотов и революций мужской эволюционный стиль поведения – стиль создателя, открывателя

нового – должен вести, преобладать. Женщины уже усвоили вчерне новые общественные роли. Мужчины отстают от них в освоении новых ролей, и им предстоит тут долгий рывок наперстывания.

Таким образом, начало эмансипации шло под лозунгом равноправия мужчин и женщин. Сейчас начинается рождаться новый стратегический лозунг - полноправие мужчин и женщин. Полноправие – это полное раскрытие лучших сторон женской и мужской природы, это более тесный союз женского и мужского начал в семье и в быту, в обществе и работе, это не разлад между жизненными и эволюционными ролями женщин и мужчин. Именно в этом состоит суть всех мечтаний и предвидений будущего, о которых говорили лучшие умы человечества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. – Москва: Прогресс, 1987. С 518.
2. Юлина Н.Р. Проблема женщин: философские аспекты // Вопросы философии, –1988. –№5. –С.137, 146.
3. Мид М. Культура и мир детства. – Москва: Наука, 1988. – С.37.
4. Платон. Избранные диалоги (Библиотека античной литературы). – Москва: Художественная литература, 1965.
5. Рюриков Ю. По закону Тезея. – Москва: Художественная литература, 1988. – С. 170, 178.
6. Philosophy of woman classical to current concepts ed by mohewald Hacvett, N.Y.,1972. –120-127.
7. Аристотель за 90 минут. Перевод Н. Бровчука. – Москва: Астрель, 2004.
8. Федосеев П.Н. Проблема социального и биологического в философии и социологии // Биологическое и социальное развитие человека. – Москва: Наука, 1977.
9. Mirkin H. The passive Female. The theory of patriahy. -American studies.1984. P.16.
10. Карпинская Р.С., Никольский С.А. Социобиология. – Москва: Мысль, 1988.
11. Вейнингер О. Пол и характер. – Москва: Прогресс, 1992. – С.13,23.
12. Биологическое и социальное в развитии человека. – Москва: Наука, 1977. – С.84-85.
13. Геодакян В.А. Роль полов в передаче и преобразовании генетической информации // Проблема передачи информации. – 1965, Т.1, №1, – С.105-112.
14. Смелзер Н. Д. Социология. – Москва: Феникс, 1994. – 668 с.
15. Айзенак Г. Можно ли изменить интеллект? // Литературная газета. – 1975. –12 ноября. – С.7.
16. Сьюллеро Э. История и социология женского труда. – Москва: Прогресс, 1973. – С 42
17. Wilson E.O. On Human Nature. Toronto, N.Y.L., Sydney, 1982.

18. Сонин М.Я. Изменения профессионально-квалификационной структуры женского труда и семьи. – Москва:ИСИ АН СССР, 1982.

МАРИНА Г.А. КӨПӨЛШЕМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ.

Мақалада ежелгіден қазіргі заман аралығындағы әйел мәселесінің шешілу проблемалары көтерілген. Түрлі дәуірлердегі зерттеушілердің теориялық және методологиялық деңгейлері олардың ғылыми тәсілдері мен тұжырымдамаларын сипаттайды.

Кілт сөздер: *әйел, әйел мәселесі, эмансипация, феминизм, әйел мәртебесі, жыныс, әйел теңдігі, саясат, дәстүр.*

MARINA G.A. THE SOCIAL STATUS OF WOMEN AS A MULTIDIMENSIONAL MAGNITUDE.

In article problems of the solution of a women's issue, since the most ancient times and to the present rise. Scientific approaches and concepts characterize the methodological and theoretical level of researchers of various eras.

Keywords: *women, women's question, emancipation, feminism, the status of women, gender, equality of women, politics, tradition.*

ӘОЖ 903/904

СЫРДАРІЯНЫҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ БЕКІНІСТЕР

ПӘРМЕНҚҰЛ С.Т.

Мақалада Отырар аумағында орналасқан бекіністердің атқарған қызметі мен пайдаланылған мерзімі қарастырылған. Сонымен бірге, бекіністерге жүргізілген зерттеулер жайында жалпылама шолу жасалды.

Кілт сөздер: *тарих, геоография, зерттеулер мен деректер*

Елімізде көрнекті ескерткіштердің бірі – төрткілді бекіністер. Қазақ тілінде төрткүл дүние бесігі, дөңгеленген төрткүл дүние деген сөз тіркестері көптеп кездеседі. Осы уақытқа дейін ескерткіш құрылысының пішініне қарап бірқатар этимологиялық талдаулар жасалған болатын. Олардың ішінде бірқатары ескерткіштің құрылысына қарап тікелей атаса, бірқатары балама атпен атады. Мәселен, В.В.Бартольд өз еңбегінде бекініс төртбұрышты етіп салынып, айналасы ормен қоршалатындығын айта келе, түркі сөзінен аударғанда «Төрткөл» атауын беретіндігін айтса [1, 3 б], М.Тұяқбаев өз зерттеуінде «төрткөл», «төрткүл» атаулары ескерткіш мағынасын өзгертетіндігін, шын мәніндегі атауын Махмуд Қашғаридің «Словаре

тюркских слов» атты еңбегіне сүйене отырып «Төрткіл», яғни, «төртбұрышты үй» мағынасын беретіндігін, ал, «төбе» сөзі көнетүріктің «төпү» сөзінен шыққанын, кейін келе «Төрткүл төбе» аталғанын жазады [2, 43 б].

Сонымен бірге, бекіністер мен қамалдарға қатысты тағы бір балама атауды Бонн университеті, Шығыстану институтының (Германия) профессоры Н.Кенжеахметтің зерттеулерінен көре аламыз. Бұнда Ертіс өзенінің сағасында орналасқан қала аттарына «Тұра» сөзі қосарлана жүретіндігі айтылады. «Тұра» сөзі көне түркі тілінде «қалашық», «қамал» деген мағына береді екен. Сонымен бірге, Осман түріктері тілінде «мұнара, бекініс; төртбұрышты ағаш немесе тас құрылыс», ал, сібірдегі хакас, шор қатарлы түркі тілдес ұлттар тілінде «қала, төртбұрышты үй» деген мағына береді – деген пікір келтіреді [3]. Ал, бірқатар зерттеулерде «Тұра» сөзі ойраттардан қалған деген пікірлер кездеседі. Ойрат тілінде тұра сөзі «Қамал» мағынасын береді екен [4]. Бұл жерде назар аударарлық жайт, көне түрік тайпалары өмір сүрген уақыты мен ойраттардың өмір сүрген уақыт арасы алшақ болғанына қарамастан тұра сөзінің мағынасын жоғалтпағандығы.

Ал, «Қазығұрт» энциклопедиясында керуен сарай мен бекіністерге байланысты мынадай түсінік берілген: «Рабат – жер аты. Көне ауылдың ежелден келе жатқан аты. Рабат деген ұғым алғашқы кезде шекарадағы бекініс, соңынан керуен сарай баламасына тең. Тау қойнауында орналасқан, көк жасыл алқап, Жібек жолының бойы. Осы жерде әулиелі бекет болған. Ташкентке қарай өткен керуендер бекетке тоқтап, демалып, көлік ауыстырып, ары қарай жол тартқан» [5, 278].

Сырдарияның орта ағысынан, яғни, Отырар өңірінен анықталып отырған бекініс қалдықтары өз заманында көшпелі және отырықшы елдер арасында маңызды рөл атқарғанына ешкім дау айта алмаса керек. Төрткілді бекіністерді көптеген ғалымдар зерттеп, еңбектер жазды. Зерттеу барысында шыққан жалпылама еңбектер мен шолуларға тоқтала бермей, толыққанды зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдардың еңбегіне сілтеме жасайтын болсақ, Ә.Х.Марғұлан ортағасырлық қалаларды алты түрге бөліп қарастырып, бірінші түріне билеушілер тұратын орталық, екінші түріне сауда және отырықшы мекенжұрттар, үшінші түріне әскери бекіністер, төртінші түріне керуен сарайлар, бесінші түріне жер өңдеуші жатақтардың мекенжұрттары және соңғысы бекіністі усадбілерді жатқызған [6,29 б].

М.Елеуов Жамбыл облысына қарасты Шу, Талас өзендері бойынан анықталып отырған қалаларды ұзын жалды қалашықтар, төрткүлдер, төбелер деп үш топқа бөліп, соның ішінде төрткүлдерді көлеміне қарай алты түрге бөліп зерттеді [7, 93 б].

К.М.Байпақов Жетісу өңірінің солтүстік-шығысында орналасқан төрткүлдерді аумағына қарап төрт топқа бөліп қарастырған [8, 356 б].

Ал, Н.А.Бернштам өз еңбектерінде «Жетісу қалалары керуен жолдарының бойына салынған. Төрткүл қалдықтарын сол жолдардың сүрлеуі деп ұғыну керек» – деп жалпылама сипаттама берді.

Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысынан анықталып отырған мұндай ескерткіштер төрткіл деп атауының өзі айтып тұрғандай, бұрыштары дүние тараптарына қарата салынған бекіністің сыртқы қорған-қабырғалары шағын мұнаралармен нығайтылып, қақпа орны бір-біріне қарама-қарсы не болмаса қабырғаның бір шетіне таман орналасқан. Көлемдері әртүрлі болып келетін бекініс ішінің құрылыс қалдықтары көбінесе бекіністің ортасында не болмаса бір шетіне таман диаметрі 8-12 м, биіктігі 0,4-0,6 м келетін шағын төбе күйінде сақталған. Тағы бір назар аударарлық жай, анықталып отырған бекіністердің басым көпшілігі ірілі-ұсақты өзен бойларына жақын орналасқан. Бұған қарап, мұндай бекіністер өзен бойындағы өткел аузына салынған бекет және көшпелі тайпалардың шапқыншылық кезеңде уақытша паналайтын бекініс орны деуге де келетін тәрізді. Сонымен қатар, алыс-жақыннан шыққан керуендердің демалатын орындары қызметін қоса атқарған болса керек. Ортағасырлық жиһанкез Марко Полоның «Книга Марко Поло о разнообразий мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 г. От р.Х» еңбегінен керуен бекеттерінің салыну тәртібі мен қызметі жөнінде біршама мәлімет алуға болады. Онда «Ұлы хан атанған Құбылай ханның Ханбалық қаласынан әр тарапқа таралатын жолдардың әрбір 40-шы шақырымына керуен тоқтайтын бекіністер салдырып, онда күтуші қызметкерлер мен лауға мінетін аттар дайындатып қойғанын» айтады [9, 110-112 бб].

Ескерткіштердің сақталуына келер болсақ, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан мұндай ескерткіштер біршама жақсы сақталған. Ауарайы құрғақ, шөлді аймаққа жататын бұл өңірде ескерткіштердің сыртқы қорған-қабырғалары, қақпа орындары мен мұнара сұлбаларының өлшемін алуға мүмкіндік мол.

Ал, қоңыржай континенттік белдеуде орналасқан Отырар өңірінде орналасқан бекіністер қабырғалары жайылып кеткен, жал күйінде сақталып отыр. Қақпа орындары мен мұнара қалдықтарын тек сұлбаларына қарап ажытаруға болады.

Отырар өңірінен анықталған бекіністерді құрылыс ерекшеліктеріне қарап төрт топқа бөліп қарастырғанды жөн деп отырмыз.

Бірінші топқа керуен жолдарының бойында орналасқан тұрақты бекіністер мен керуен сарайларды айтамыз. Мұндай керуен сарайлар мен бекіністер Отырар өңірінде орналасқан Бұзықтөбе, Атқора, Қойлыбай тәрізді

ескерткіштер маңынан анықталып, зерттелуде. 2008 жылы Отырар ауданына қарасты Ақтөбе ауылының оңтүстік-шығыс шегінде орналасқан Бұзықтөбе қалажұртының керуен-сарайына жүргізілген болатын. Көлемі 60х70м, биіктігі 1-1,5м келетін, екі құрылыс қабатынан тұратын шағын керуен-сарайға жүргізілген қазба жұмыстары барысында сарай құрылысына қажетті біршама материалдар жинақталды [10, 181-185].

Екінші топқа, өзен жағалауына жақын, өткел ауыздарына салынған бекіністерді жатқызамыз. Мұндай бекіністер ұзақ жолдан арып-ашып келе жатқан керуен тоқтап дем алатын орын қызметін атқарған деп жобалап отырмыз. Бұл топқа жатқызылған ескерткіштердің формасы шағын, көлемдері 40х40, 60х60, 65х60 м аралығында. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мұндай ескерткіштердің ішкі бөлігіндегі құрылыс қалдықтары бекіністің ортасында не болмаса бір шетіне таман орналасқан. VIII-X ғасырларда салынған Субағар, Тектұрмас, Тасқотан, IX-XI ғасырларға тән Аққұм, Көлқұдық және XV-XVII ғғ. тән Қостүйін төрткілдері Сырдария және Арыс өзені бойларынан, өзен арнасына жақын жерден анықталып отыр.

Бұлардың ішінде Субағар, Тектұрмас, Аққұм, Көлқұдық бекіністері Сырдария өзенінің сол жағалауынан анықталса, Қостүйін төрткілі қазіргі Ш.Қалдаяқов ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде, Арыс өзенінің оң жағалауынан анықталып отыр. Тасқотан төрткілі Қожатоғай өңірінен, Қожатоғай ауылының оңтүстік-шығысынан 30 км жерде орналасқан.

Үшінші топқа көлемі 100х100 м-ден жоғары тұратын Аққорған, Қанбаба, Жартөбе, Баусексеуіл тәрізді бекіністерді жатқызуға болады. Құрылысы күрделі болып келетін мұндай ескерткіштер көп мұнаралы және қамал ішінен тағы бір шағын бекініс орындарын байқауға болады.

Көксарай ауылының шығысынан 5 км жерде орналасқан Қанбаба төрткүлін Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі (З.Исабек, Н.Алдабергенов, С.Ахмет) ашып зерттеген. Жосыны шаршы тәрізді, көлемі 130х136 м, қабырғаларының биіктігі 1,5-2 м төбе. Бұрыштары дүниенің төрт тарапына қарата салынып, айналдырыла ормен қоршалған. Қақпа орны солтүстік қабырғада, бекіністің солтүстік-батыс бұрышына таман орналасқан. Бекіністің шығыс бұрышында көлемі 60х40 м келетін, шамасы, ішкі бекініс болуы мүмкін, шағын төбешік орналасқан [11, 86-87 б].

Ал, Баусексеуіл төрткілі, Ызақөл ауылының оңтүстік-шығысынан 1,3 км жерде, Баусексеуіл мекенжұртының солтүстік-батысынан 300 м жерде орналасқан. Бекініс бұрыштары дүние тараптарына қарата салынған, көлемі 200х194 м. Қабырғалары жайылып кеткен жал түрінде сақталған, ені 16 м, биіктігі 0,7-1 м. Бұрыштары мен қабырғаларында 10 мұнара орны сұлбасы көрінеді. Ескерткіштің ортасымен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай тереңдігі 1 м арық тартылған. Ол, диаметрі 36 м келетін, ортадағы

дөңгелек хауызға құяды. Бекіністің батыс бұрышынан жапсарластырыла салынған көлемі 38x26 м келетін шағын құрылыс қалдығы орналасқан. Шамасы бұл құрылыс керуен-сарай қызметін атқарған болуы мүмкін [11, 97-98 б].

Төртінші топқа Отырар өңірінен анықталған Шаншар тәрізді қалалар тобына жатқызылған ескерткіштерді жатқыздық. Бұл топтағы ескерткіштердің ерекшелігі, ескерткіш үш немесе одан да көп мәдени қабаттан тұрады және айналдырыла қорған-қабырғамен бекітілген.

Спутниктік түсірілім арқылы Сырдария өзенінің арнасы бірнеше мәрте өзгергендігін байқауға болады. Өзеннің бастапқы арнасы қазіргі арнаның батысында, Қызылқұм шөлін бөктерлей аққан. Бұл жерде өзен көптеген ұсақ тармақшаларға бөлініп, осы тармақшалардың бойынан көптеген ірілі-ұсақты елді мекендер мен қала орындары анықталып зерттелуде. Ал, бұл жерде қалалар мен мекенжұрттарды қоныстанушы халықтың қоныс аударуына өзен арнасының құрғап қалуы басты себеп боолғаны белгілі.

Шаншар ескерткіші Сырдария өзенінің ескі арнасының оң жағалауында, қазіргі Көксарай ауылының оңтүстік-батысынан 16 км жерде орналасқан. Ескерткіш 1993 жылы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі ұйымдастырған экспедиция барысында табылып, ғалымдардың пайымдауынша ескерткіш мерзімі б.д. 1-мыңжылдығының 1-жартысына жатқызылды. Алайда, 2010 жылы Отырар қорық-мұражайының қызметкерлері Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан ескерткіштердің жай-күйімен танысу мақсатында ұйымдастырған экспедиция барысында төбе үстінен шамамен IX-XI ғасырға жататын керамика үлгілері теріліп алынды.

Шаншар ескерткіші жайында М.Қожа еңбегінде «Отырар ауданында, біздің пікірімізше, хронологиялық тұрғыдан, ең байырғы қалашықтардың бірі – Шаншар. Ол «Мұңлық-Зарлық» хисса-хикаятындағы бас кейіпкер – Зарлықтың әкесі Шаншарханның атымен аталады» дей келе, «Мұңлық-Зарлық» хиссасын келтіреді. Сонымен бірге, хиссада аталатын кісі атауларының оғыз тобына жақын екендігін саралай келе, аңыздың шыққан тегін оғыз-қыпшақ мәдениетіне жатқызады [12, 108-111]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қаланың көне бөлігі б.д. I мыңжылдықтың I жартысына жатқызылған болса, қаланың шығыс бөлігінде орналасқан екінші бөлігінен теріліп алынған керамика үлгілерін оғыз дәуіріне, яғни, IX-XI ғғ. жатқызуға толық негіз бар деп ойлаймыз.

Ескерткіштің жалпы ауданы шамамен 140 га, оның бір бөлегі құм астында жатыр. Ескерткіш ортақ үймек-дуалмен қоршалған екі төрткіл-төбеден тұрады. Оны ұзындығы 4,8 км сыртқы қорған қоршап тұр. Шаншар қалажұртының орталық бөлігінде төртбұрышты қамал орналасқан. Қамалдың

төрт бұрышында төрт мұнара, оңтүстік-батыс қабырғасының ортасында қақпаның екі шеті мұнаралармен бекітілген. Қамал мен оның айналасындағы аймақты тағы бір қорған қоршап тұр. Оның қабырғаларында 23 мұнара орны бар. Бұл қорғанның қақпасы солтүстік-шығыс дуалында болғаны байқалады. Қабырға ұзындығы 1 км, биіктігі 1,5-2 м. Аталған төрткүлден шығысқа қарай 310 м жерде екінші қамал тұр. Оның көлемі 50x50 м, биіктігі 3 м-ге дейін, бұрыштары дүниенің төрт тарапына қараған. Оңтүстік-батыс қабырғадағы қақпасы мұнарамен бекітілген. Қамалдың солтүстік-шығысы мен солтүстік-батысында сай бар. Оңтүстік-батыс пен оңтүстік-шығысынан оған 11 мұнаралы қабырғамен қоршалған алаң жапсарласады. Алаң жосыны тікбұрышты, мұнаралы қақпасы оңтүстік-шығыс қабырғаның ортасында орналасқан [11, 91 б].

Сонымен қатар, ескерткіш құрылымы Қызылорда өңірінен, яғни, Іңкәрдария өзенінің бойынан анықталып отырған Заңғар ескерткішімен ұқсастығы. Ескерткіш құрылысы сонымен қатар, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Шірік-Рабат ескерткішіне де келеді. Аталған ескерткішке «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР ҰҒА Ә.Марғұлан атындағы археология институтының мамандары Ж.Құрманқұловтың жетекшілігімен жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде Шірік-Рабат ескерткіші сақ дәуіріне жатқызылса, Заңғар бекінісі оғыз мемлекетіне тән екендігі белгілі. Ал, Отырар өңірінен анықталып отырған Шаншар қаласының фортофикациялық құрылыстарына қарап б.д.д. 1-мыңжылдығының аяғында Сырдарияның орта ағысындағы аймақтың елеулі орталығы болған деп болжай аламыз [11, 93,94]. Көңіл бөліп қарайтын мәселе аталған ескерткіштердің барлығы да Қызылқұм шөлінде, Сырдария өзенінің ескі арнасында орналасқандығы ғана емес, салыну үрдісі де бір-бірімен сәйкес келетіндігі. Жоғарыда аталған қалалардың цитаделі төрткіл тәрізді етіп салынып, айналдырыла қорған тұрғызылған.

Сырдария өзенінің ескі арнасы бойында орналасқан ескерткіштердің зерттелу жайын қорытындылай келе уақытында адам қолымен салынып, көптеген пайдасын тигізген ескерткіштердің туыстық байланысын анықтау мақсатында қазба жұмыстарын жүргізіп, алынған материалдарды басқа өңірлердегі мағлұматтармен салыстыра талдау жүргізу қажет. Сонда аталған өңірде өмір сүрген тайпалардың даму тарихы бір ізге түсетіндігі анық. Қазба барысында алынған материалдар Сырдария бойында орналасқан тарихи нысандардың деректік қорын толықтырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-1894 гг. / Соч. – М., 1966. – Т. IV. – 31 с.

2. Туякбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII-XIX вв). – Алматы: ТОО «Эффект», 2009. –208 с.
3. old.abai.kz
4. kk.wikipedia.org
5. Қазығұрт. Энциклопедия. – Алматы: Тоғанай Т, 2002. – 543 б.
6. Маргулан А.Х. Из истории городов и оросительного искусства древнего Казахстана. – Алма-ата: Академия наук Казахской ССР, 1950. – 29 с.
7. Елеуов М.Е. Типологическая классификация средневековых городов и поселений Шуйской долины // Әл-Фараби атындағы ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы, – 2 . Алматы, 1995. –93 б.
8. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2009. – 570 б.
9. Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 г. от р.Х. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 350 с.
10. С.Т.Пәрменқұл Бұзықтөбе қалажұртының керуен сарайы //«Бабалар сөзі: Тарих, дерек, жәдігер» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Түркістан, 2014. –181-185 бб.
11. Оңтүстік Қазақстан облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы. – Алматы: Бавр, 2007. – 424 б.
12. Қожа М.Б. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: Тұран, 2006. – 238 б.

ПАРМЕНКУЛ С.Т. КРЕПОСТИ В СРЕДНЕМ ТЕЧЕНИИ СЫРДАРЬИ

В данной статье описываются хронологические и топографические особенности крепостей, расположенных в среднем течении Сырдарьи. Представлена также краткая информация о научных исследованиях крепостей.

Ключевые слова: крепости, история, география, исследования, данные.

PARMENKUL S.T. FORTRESS MIDDLE SYRDARYA.

This article describes about the fortress services, and their period of existence which located in Otrar region. As well as, it was given brief information and scientific researches about the fortresses.

Keywords: history, geography, researches and data

ӘОЖ 903/904

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАНКЕНТ

СЕРАЛЫ Н.О.

Мақалада ортағасырлық Жанкент қаласының тарихи зерттеулері мен 2009-10 жылдары жүргізілген қазба жұмыстары туралы қысқаша мәліметтер берілген. Цитадель аумағында жүргізілген археологиялық жұмыстарының материалдары жарияланған.

Кілт сөздер: тарих, археология, қала, оғыз, зерттеулер және мәліметтер.

Сырдария өзенінің төменгі ағысында шежірелі де жұмбақ сырлы ескерткіштер көптеп орналасқан. Бұл көне тарихи ескерткіштер ерте дәуірдің тарихын өзінде сақтап ғасырлар бойы құпиялары ашылмай, зерттелініп зерделеуді қажет ететін, ғажап та қызықты баға жетпес қазақ даласының тарихи мұрасы. Осындай ескерткіштердің бірі Қызылорда облысының Қазалы ауданы Өркендеу ауылының оңтүстік жағында, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан Жанкент немесе Янгикент (қалашықтың аты жаңа қала деген мағананы береді) ортағасырлық қалашығының орны. Жанкент өзіндік ерекшелігі бар тарихи орын, қалашыққа келгенде ең бірінші көзге түсетін ол қалашықтың шығыс бөлігінің сыртқы қорған қабырғасы. Қаншама жылдар өтсе де жел мен жаңбыр, қар суына шыдас беріп құламай тұрған қабырға, сол ерте заманының тарихын әспеттеп тұрғандай көрініс береді.

Тарихи деректерде Жанкент (Янгикент, Жаңа Гузия, Шекркенд) ортағасырда Сырдарияның төменгі және орта ағысында құрылған ұлы мемлекет Оғыз қағанатының резиденциясы болған. Оғыз тайпаларының Евразия тарихында ерекше орны бар, ортағасыр тарихына үлкен өзгерістер әкелген держава ретінде тарихта қалған. Қазақстан аумағына оғыз тайпалары Ыстықкөл маңынан X ғ келіп, XII ғ мемлекет ыдырағанда оғыз одағының тайпалары Орта Азия, Иран, Ауғанстан, Закавказияға, Кіші Азияға қоныс аударып, Азербайжан, Түркіменстан, Түркия мемлекеттерінің негізін қалыптастырды. Оғыз тайпалары сонымен қатар қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұр, татар халықтарының қалыптасуына да маңызды роль атқарған [1, 22 б.].

X ғасырда Жанкент оғыз мемлекетінің саяси орталығы болып таңдалынуының бірнеше себептері болған. Ең бастысы Жанкент қалашығының географиялық орналасуында, Янгикент оғыз даласын Хорезммен, Мавераннахрмен, Хорасанмен қосатын өзіндік дәліз қызметін атқарған. Маңызды керуен жолының бойына орналасқандықтан Жанкент арқылы Қимақ даласы, Сарысу, Кеңгір, Нұра алқаптарына керуендер қатынаған, сонымен қатар, Сығанақ пен оңтүстік Орал өңірлеріне баратын керуен жолдарды да байланыстырған. Жанкенттен Хорезмге дейін 10 күн Фарабқа дейін 20 күн жол жүретін болған. Мавреннахрдан Жанкентке Сырдария өзенімен, су жолы арқылы астық тасымалданған [2, 63 б.].

Жергілікті тұрғындар қалашықтың орнын осы уақытқа дейін киелі деп есептейді, әсіресе, ол Санжархан (Шаншархан) туралы аңызға байланысты. Аңыз бойынша Жанкент гүлденген бай қала болған, бірақ билікке Санжархан келіп өзінің озбырлығы мен қатігездігімен, әйелдеріне деген қызғаныш сезімімен аты шығады. Санжарханның әйелі белгілі Қарабура әулиенің қызы Бегімана болған, қызғаныштың әсерінен әйелін қапасақ жауып аяқ қолдарын

мертіктіріп тастаған. Қарабура әулие ханның бұл тірлігіне назаланған, нақақтан жазаға ұшыраған Бегімана тәңірдің құдіретімен аққуға айналып қапастан ұшып шыққан. Санжархан қатігездігі үшін халқымен қоса тәңірдің қаһарына ұшырап, ордалы жыландар қаланың ойранын шығарып қиратады. Бұл ел аузында жүрген аңыз, қазірде Бегім ана кесенесі Жанкент қалашығынан 70 км қашықтықта, Бекарыстан би ауылының күн батысынан 25 км қашықтықта орналасқан.

Ал, қалашық туралы тарихи деректер ортағасырлық араб тарихшыларының жазбаларында кездеседі. Әл-Идриси Сырдария өзенінің төменгі ағысының бойында орналасқан қалалар туралы жазбаларында, Жаңа Гузия оғыз мемлекетінің саяси орталығы болғандығы жөнінде айтылып өтілген. Араб және парсы тарихшыларының жазба деректерінде қалашықтың атауы ал-Карьят, Яныкент, Жаңа қала, ал-Хадиса, Дих-и Нау, Шехркент деп көрсетілген. Тарихшы Джувейнидің жазбаларында Сырдария өзенінен 1 фарсах жерде орналасқан Шехркент түріктердің соңғы қаласы деп көрсетілген [3, 493 б.].

XI ғ оғыз мемлекеті жаңадан бой көтерген Қыпшақ мемлекетінің қысымына шыдамай ыдырап кетеді, ал оғыз қалалары соның ішінде Жанкент қаласы қыпшақтарға бағынышты болып қалады. Монғол шапқыншылығы кезінде Жошы бастаған әскерлердің Сырдария өзенінің бойындағы қалаларды жаулау барысында қарсылықсыз берілген қалалардың бірі Жанкент екендігі аталады. Жошы Жент қаласын бағындырғасын аз ғана әскерді Жанкентті бағындыруға аттандырған, және өзінің негізгі қосынымен Джент қалашығында қыстап шаққан. Ал-Несеви жазбасында Мұхамет сұлтанның қолбашысы Құтлық хан 10 000 әскермен Шехркент (Янгикент) қалашығында тұрған, монғолдардың жақындап қалғанын біліп қаланы тастап әскерімен Хорезімге қарай шегініп кеткен [4, 483 б.].

Қалашық туралы қызықты мәліметтерді XVIII-XIX ғғ. орыс зерттеушілерінің жазбаларынан кездестіреміз. Алғашқы болып қала қирандысының орнында 1740 жылы арнайы тапсырмамен Хиуа хандығына барған поручик Д.Гладышев пен геодезист Муравин болған. 1739 жылы кіші жүз ханы Әбілхайыр орыс мемлекетінің Жанкент қалашығын қайта қалпына келтіру туралы көмек сұраған. Сондықтан Гладышев пен Муравинге қалашықтың орнында болып оның жай күйін білу туралы тапсырма берген. Муравин өзінің рапортында қалашық қирандысының ахуалымен, жергілікті халықтардың тұрмыс тіршілігімен танысқан [5, 73 б.].

Қалашықты қайта қалпына келтіру туралы ештеңе айтылмаған, біртін келе қалашық туралы ұмытыла бастаған. Тек 1867 жылы көктем айында Орынбор генерал губернаторы Жанкент қирандысының орнын зерттеу мақсатында архелогиялық комиссияға өтініш жазған. Сол жылы зерттеуші

П.И.Лерх қала орнында болып өз зерттеулерін жүргізген, оның жазбаларында қала орнында жергілікті халықтар қазба жүргізіп, күйдірілген кірпіштерін құрылысқа пайдалануға алған. Бекіністің батыс жағында бір верста жерде қалашықтың орнынан алынған кірпіштермен тұрғызылған мазараттар болғандығы айтылған. Сол жылы қалашықтың орнын сақтап қалу мақсатында барлық қиратушылық жұмыстары тоқтату үшін, қалашыққа жақын орналасқан №1 форт бекінісінен (қазіргі Қазалы станциясы) әскер бөлініп қарауға алынған. Сондай – ақ, Жанкент қирандысының орнында суретші В.В.Верещагин 1868 жылы қазба жұмыстарын жүргізген, Түркістан әуесқой архелогтар клубының мүшелері В.Каллаур мен В.Смирнов өз еңбектерінде Жанкенттің толық сипаттамаларын жазған[6].

Арал өңірінде орналасқан тарихи ескерткіштерді зерттеу мақсатында 1946 жылы Хорезм архелогиялық этнографиялық экспедициясы С.П.Толстовтың жетекшілігімен жүргізілген болатын. Экспедиция барысында қалашықтың орны аэрофотоға түсіріп, керамикалық материалдар жинақталынды, қалашықтың жай-күйіне сипаттама берілді. Жалпы оғыз қағанатына қатысты қала орындарын зерттеу барысында, осы халықтың шығу тарихы мен Арал өңірінде тіршілік еткен этникалық халықтардың әлеуметтік экономикалық құрылымына, салт-дәстүріне біршама түсініктемелер берілді. С.П.Толстов қалашықтың архитектуралық жоспарын ортағасырлық Топырақ-қала қалашығының жоспарымен салыстырған және Жанкентті мекендеген халықтардың тұрмыс тіршілігінде көне рулық қауымның салт-дәстүрлері сақталынып қалынған деп пайымдаған. [7, 276 б.] Хорезм экспедициясынан кейін ұзақ уақыт бойы Жанкент қалашығының орнында зерттеу жұмыстары жүргізілмей келді. Тек 2000 жылдардың басынан Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ресейдің Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институттарымен бірлесіп архелогиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Ә.Х.Марғұлан атындағы Археологиялық институтының қызметкерлері архелогиялық қазба жұмыстарын негізінен қалашықтың солтүстік-батыс бұрышында орналасқан цитадель аумағында жүргізуде. Цитадель орны биіктігі 3-4 м төртбұрышты дөңес қалпында сақталынып қалынған. Қалашықтың үстінгі құрылыс қабаты толығымен бұзылуға ұшыраған, цитадельдің және солтүстік қорған қамалдарының жоғарғы қабаты молаға айналған. Бұл жерлеу қабірлері цитаделдің ортаңғы бөлігін түгелімен алып жатыр, және шамамен XVII-XIX ғғ. тиесілі. Қабірлер 1-1,5 м тереңдікке дейін қазылғандықтан қалашықтың мәдени қабатына едәуір нұқсан келтірген.

Қалашықтың екінші құрылыс қабаты да толығымен сақталмаған, тұрғын жайлардың қабырға негіздері ғана нашар байқалады. Тек сыртқы

қорған қабырғасына жақын орналасқан құрылыс орындары біршама жақсы сақталған. Қазба барысында цитадельдің орталық көшелерінің бірі мен көшенің екі қапталына орналасқан тұрғын жайлардың орындары анықталды. Орталық көше күл мен құрылыс қалдықтарымен толтырылып тапталған, арнайы салынған қазба жұмыстары барысында көшенің үшінші құрылыс қабатына да жататындығы анықталды.

Зерттеу барысында көптеген археологиялық жәдігерлер табылды, солардың ішінде көрнекілігімен ерекшелінетін заттар да бар. Мысалыға; тұрғын жай бөлмесін тазалап аршу барысында қираған құмыра сынықтарының арасынан құс бейнесінде жасалынған керамикалық шырақ табылды (курильница). Құстың тұмсығы, құйрығы дәл келтірілген шырақтың үстіңгі беттері тереңдетіле басылған өрнектермен безендірілген. Бұл өрнектер текемет бетіне салатын қазақы ою-өрнекке өте ұқсас етіп жасалған. Бұл шырақ негізінен діни салт жоралғыға арналған, ішкі бөлігіне хош иіс беретін май құйып немесе шөп салып тұтатын болған. Сондай-ақ, бірнеше құдайға сиынатын бөлмелер анықталында, бірінші бөлме сақталынуы нашар, тек қабырға негіздері ғана сақталып отыр. Бөлме төртбұрышты, солтүстік және шығыс қабырғаларына іргелес сыпа орналасқан, бөлменің ортасында еденде алтарь ошағы орналасқан. Көлемі 1x0,8 м тік төртбұрышты болып келетін алтарь ошағының басы оңтүстік бағытына қарата қойылған. Ал оңтүстік бөлігінде алтарьдың негізгі құрамдас бөлігі, саз балшықтан күйдіріліп жасалынған алтарь пратомасы орналасқан. Пратома биіктігі 0,5 м арнайы тұғырға орнатылған, екі жаққа қаратылған қошқар басты мүсіндер. Мүсіндердің беткі жақтары түрлі өрнектермен безендірілген, алтарьдың ішкі бөлігінде пратоманың алдында арнайы от жағуға арналған кішкене орын бар. Бұл дегеніміз оғыздардың отқа және жан-жануарларға табына отырып, оларды құрметтеп қастерлейтіндігінің белгісі. Ерте орта ғасырларда көшпелі халықтар арасында діни наным-сенім жоралғылары тотемизммен тығыз байланысты болған. Әр төрт түліктің өз иесі бар деп есептеген, және сол иелері адамдарға қамқорлық жасайды деп пайымдаған, мысалыға; қошқарды денсаулық сақшысы, шекара күзетушісі деп ойлаған. [8, 215-218 б.]

Екінші табылған алтарь ошағының біріншісінен айырмашылығы шамалы, бірақ қандай да бір өзгешелігі бар. Қошқар мүсінді пратомасы сақталмаған алтарьдың еденіне арнайы саздан күйдіріліп жасалған тақта қойылған, тақтаның бетін түрлі өсімдік тәрізді бедерлермен безендірген. Археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталғаны әр жанұялық табынуға арналған алтарьдарын өзгеніңкінен өзгешелеу етіп жасауға тырысқандығы байқалады. Алтарь мүсіндерін жасау үлкен шеберлікті қажет етеді, тек алтар мүсінін ғана емес басқа да керамикалық заттарды жасауда әр шебер өзіндік стилін қалыптастырған. Жанкент қалашығының зерттелініп

жатқан құрылыс қабаты табылған материалдарға сүйене отырып X-XI ғғ. кезеңдеріне жатқызылды, демек оғыз қағанатының дәуірлеген кезеңіне тұспа-тұс келеді. Керамикалық материалдардағы ою-өрнектер мен түрлі геометриялық фигуралардың әсемдігі оғыз халықтарының арасында қол өнердің дамығандығын көрсетеді. Ортағасырлық Жанкент қалашығы әлі де зерттеуді қажет ететін тарихи ескерткіш, сол зерттеулердің барысында тарихы тереңде жатқан қалашықтың белгісіз беттері ашылуы мүмкін [9, 117-119 б.]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. К.М.Байпаков, Д.А.Воякин, Р.В.Ильин Города Хувара и Янгикент – старая и новая столицы государство Огузов // Вестник Мицая, – Самарканд, 2012. №16, – 22 с.
2. К.М.Байпаков Огузы, туркмены и сельджуки в городах Южного Казахстана //Матер. междунар. науч. конф. «Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации». – Алматы, 2007. – 63 с.
3. Бартольд В.В. Работы по исторической географии. Сочинения. – М., Восточная литература РАН, 1965. – Т. III. – 711 с
4. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия: Сочинения. Монография. – М.: Наука, 1963. –Т.I. – 763 с.
5. Муравин И. Материалы поездки поручика Оренбургского драгунского полка Дмитрия Гладышева и геодезиста Ивана Муравина из Оренбурга в Хиву к хану Абулхаиру (5 ноября 1740 г. — апрель 1741 г.) // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Алматы. Дайк-пресс, 2007 – Т. VI. – 73 с.
6. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. – СПб, 1870. – С.24
7. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта.: монография – Москва: Гл.ред. восточной литературы. 1962 г. – 333 с.
8. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Антонов М.А., Сералы Н.О., Долгушев А.С. Исследования городища Жанкент в полевом сезоне 2009 // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» 2009 г. – А, 2010. – С.215-218.
9. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Сорокин Д.В., Сералы Н.О., Долгушев А.С. Раскопки Жанкента 2010 // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» 2010 г. – Алмата, 2011. – С. 117-119.

СЕРАЛЫ Н.О. СРЕДНОВЕКОВОЕ ГОРОДИЩЕ ЖАНКЕНТ

В статье представлены общие данные об археологических изысканиях на городище Жанкент. Кратко описаны работы, выполненные в 2009-2010 гг по результатам раскопок в центральной части цитадели городища.

Ключевые слова: *история, археология, городище, огузы, исследования, данные.*

SERALY N.O. A MIDEAVAL TOWN ZHANKENT.

The article represents a general informarion about the archaeological surveys of the settlement of Zhankent. Briefly described the central part of citadel where took place an archaeological excavations in 2009 and 2010.


Keywords: *history, archeology, township, oghuzes, researches and data.*



Жанкент қалашығының сақталынып қалған шығыс қорған қабырғасы.



Архелогиялық қазба орындары, тұрғын үй орамдары мен көше орны.



Жанкент қалашығының топографиялық жоспары.



Қошқар басты мүсін, сыйынуға арналған алтардың негізгі бөлшегі.

УДК 297

MANIFESTATION OF THE CONCEPT OF SECTARIANISM IN THE UNDERSTANDING OF ISLAM

SIDDIK KORKMAZ

The contemporary Muslim world poses quite a colorful picture of many sects under different names, including Ahl al-Sunnah and Shia, etc.. They call themselves by different names because they have different notions of the Qur'an, the Sunnah, and politics. As long as they consider themselves to be Muslim, it is crucial to examine how these sects come together.

The Islamic tenets of faith are indisputably universal that is, beyond and over time and space. Departing from this fact, there is no possibility that any tenet of faith can be changed or removed because of daily problems or developments. However, due to the sect factor, the interpretation of these tenets may change. The stronger these interpretations stress and make reference to the principal sources the surer they are inside the realm of Islam. As Islam does not force anyone to become Muslim, it does not approve anyone pretending to be Muslim, i.e., hypocrites. It is certainly possible and even necessary that of Muslims remaining Muslim as they profess different sects. The problem is that some Muslims with certain sects consider only themselves to be Muslim.

In my paper, I address the points of conjunction and disjunction, deal with the possibility of coexistence with sectarian diversities, and discuss the religious value of questions of creed.

KeyWords: *Oeness of God, Prophethood, Resurrection, the Qur'an, the Sunnah, Sect, Theology, Politics, culture, internalization, alienation, exclusion*

1. Introduction

It is seen that every sect has its own set of beliefs about God, the Prophet, and the Hereafter. How the different understandings of Muslims of these basic rules affect their relation with their religion is an important question. By finding the reasons for these differences, therein lies the hope of a solution. Every sect has a tendency to stay in the center of truth. This tendency may lead a sect to cause theological, cultural, and political confusions. Alleged sectarianism and the causes of alienation are very important to understand on theological, political, and cultural levels.

Sectarianism can shortly be described as a thought claiming monopoly on the side of right way while simultaneously accusing all other ways of being wrong. Related to the issue of faith is the question of how to describe the sectarianism rationally, i.e. what are the basic rules by which one defines a Muslim? In general, the answer lies in the *usûl as-salâsah*, the three tenets: (*Tawhîd, Nubuawah, Meâd*)

the uniqueness of God (Tawhîd), the existence of a divine messenger (Nübüvvet), and a belief in the Resurrection of the Death (Meâd) [1].

According to the Hadith, specifically the so-called «seventy three fractions», The Prophet said that his followers would divide into seventy three or seventy two fractions, or sects. Only one of them would go to Paradise, while the remainder would go to Hell [2]. There are some reports that the Prophet informed the reverse, instead seventy three or two would be in paradise, while only one would be in Hell [3]. While Ahl as-Sunnah has accepted that «The followers of Me and My Companions' path», the Shia have concluded that «The followers of Me and My Family (Ahl al-Bayt)»[4]. No matter which Hadith could be accepted by any sect, it is clear that they do not rely on any description of the Qur'an regarding the believers and they are not directly connected to it. According to the Qur'an, the sole requirement of the pious believer is to fear God; i.e. Godfearing [5].

2. Manifestations of Sectarianism

Because the representative understanding of sectarianism relays on phenomena more than on principle and it makes an effort to describe both of them in its orbit, it may appear in the life very different and awry. Although Islam, in its core, is based on unity, integrity and advises brotherhood, it may seem some religious constitutions may cause another separation soon afterwards. Representing a billion and a half strong Muslim world, of course, it is impossible constitute a unique political formation. Neither geography and political institutions nor cultural structures would permit it. Despite this, there is no obstacle to creating civil institutions according to their beliefs. Blaming outer enemies for blocking consolidation may result in a clamorous and irresponsible manner of thinking. Muslims must clear their conscience and their own world and make it regular first. Because of this reason we want to clarify the internalization as well as alienation and exclusion as manifestations of sectarianism.

2. a. Monopoly of the Truth or Internalization

Internalization can be described as the effect when a person embraces the values and rules related to his culture and combine them with his personality. Thus the human learns the adoption, that is to say, he becomes adjusted to the mechanism. But the internalization, as a result of the sectarian view, emerges the way that the truth (al-haqiqa) can be represented in its own religious understanding and the other movements have not their shares of the truth or should have not. According to this understanding, if a Muslim wants to reach God or His Prophet's way he must follow that sect, order, or commune and he must belong to them.

The Religion of Islam declares that the persona grata is only the Godfearing Muslim [6]. Being part of a sect or order is not a guarantee of salvation. Additionally every faction is proud of its own[7].and claims that it has the divine

truth and it expects others to join. Being a community in yourself has no value for them [8].

In a historical context of Islamic sects, it can be seen that almost every sect describes itself as an owner of the right way or right belief (Ahl al-Haq or Ahl al-Tawhîd). Because their understanding of sectarianism is a monopoly of the truth or internalization, they cannot tolerate differences or other sects. From this point of view, it can be possible to describe the sects as religions. Beside the sects, even an ordinary denomination or religious community may see themselves in the center of truth and want submission from the other formations. In contrast the Qur'an mentions various ways to divine truth and it does not stress all people must be Muslim [9]. In that case it must be speaking about of the objectivity or externality of the truth and not the subjectivity.

2. b. Misuse or Alienation

One of the manifestations of sectarianism is the manner of misuse and alienation. In fact, wherever the term «us» appears the «others» appears too. When the problem is held in terms of the concepts «we» and «they», the truth is determined by these terms and not the problem itself.

When alienation is substituted for the truth (haqiqah), misuse naturally appears in the nature of alienation; that is to say one brings the other. Claiming that they have the most accurate knowledge, their so-called deserved existence is based on the assumption that the others are on the wrong side, and as a result they must disappear. The manner, so far as lacking of truth, which can be described as service to ego is fed by eastern shrewdness that produces moral weaknesses. In the same manner, the rulers of Islamic countries never become the reason of political confusion in their own minds. The ones responsible for turmoils are always considered 'the other'. For example, when the political disorders began in the Arab countries none of the leaders blamed themselves; they accused «the others» like al-Qaeda in Iraq, an Nahda in Tunis, al Ikhwan al Muslimeen or radical religious movements in Egypt, again al-Qaeda in Libya, Israel's conspiracy in Syria, and again al-Qaeda or Iranian elements in Yemen (<http://www.hurriyet.com.tr/planet/17433967.asp> [10]).

The sectarian mindset which produces misuse and alienation focuses on defining the other, rather than what the definer is or will be. It finds its voice by describing the others rather than by introspection. There was neither debate nor concealment in the Islam's earliest period when it was revealed to humankind.

Islam does not need to deceive in order to find followers. Throughout history, it does not establish a method of taking advantage of others by way of using deficiency or weaknesses. It would not be ethical to attach infirmities or inadequacies to others for the sake of truth. It always describes itself as a luminance. As a matter of fact, when luminance comes, the darkness will easily go

away. In accordance with the talking about diversity in Islam, it promotes brotherhood among believers through their religion.

2. c. Ignore or Exclusion

It is necessary to mention the manners of negation and exclusion caused by a sectarian mindset. The behavior of ignoring a person or a community has to do with personal immorality. Heresiography or rejectionism (maqâlât or raddiyyah) as the basic sources of records of history of Islamic sects and the concept of an innovator (ahl al-bid'a) are some of examples for this mindset. This attitude, which stems basically from psychological or sociological concerns more than religious or sectarian, leads one to assume the existence of his culture and society are under threat. This assumption of being threatened motivates him to draw sharp lines between insiders and outsiders.

When the term Islam and justice come together the manner of misuse and exclusion caused by sectarianism will be denied immediately [11]. Islam addresses directly to the individual. There is no intercessor nor obstacle nor mediator between Allah and His slaves, namely humans. When belief is considered, the relationship between Allah and humans is strictly private. What is not subject to change in Islam is its fundamental doctrine, not its juristic principles. In order to prevent people from religious or sectarian conflicts, an extensive view must be held. Wisdom is a believer's lost treasury and wherever he finds it he takes it without hesitation. The knowledge produced by natural sciences and technology are common properties of humankind. In the same way, the knowledge produced in social sciences and cultures also belongs to humanity as a whole. Therefore, there are no restrictions against using them universally.

3. Conclusion

The sectarian-based views we examined in our study are prevalent among Muslims. Being only a Muslim does not guarantee a human to have universal qualities and it does not automatically give him a high character. Many Muslims can describe themselves with different names and can behave as members of diverse religions. The way to deal with this problem is only to learn the Qur'an, the Prophet, and Islam in a manner away from prejudgments. It is seen that when we talk about Muslims it is necessary to accept them as they are rather than speculating and enriching their heritage.

Islam orders unity while the sectarian mindset is discriminative in character. Diversity of sects is a social reality and it can turn out to be productive by emphasizing the human values. Accepting dissimilarities and finding uniqueness in abundance is a level that can be only gained through quality. While alliance of civilizations is meant worldwide, the sectarian attitudes must be excluded from Muslim societies. Sometimes a right conclusion from a wrong source can be more

beneficial than wrong conclusions from a right source. Although sectarianism is a wrong conclusion, having a sect might be worth in which one seeks the truth.

BIBLIOGRAPHY

1. Ebû Mansûr el-Mâtûrîdî, Kitâbü't-Tevhîd Tercümesi, trc., Bekir Topaloğlu, İSAM Yayınları, Ankara 2002, p. 487 f.
2. Ebû Davud, Süleyman b. Eş'as, Sünen, thk., M. Muhiddin Abdulhamid, Dâru'l-Fikr, trz., vol. 9, p. 119.
3. Makdisî (el-Mukaddesî), Ebû Abdullah Muhammed b. Ahmed, Ahsenu't-Tekâsîm fî Marifeti'l-Ekâlîm, Leiden 1906, p. 39.
4. See examples to support this culture. Siddîk Korkmaz, Şia'nın Oluşumu, Hz. Ali'nin Vasîliği Düşüncesi, İz Yayıncılık İstanbul 2011, p. 33 etc.
5. «Lo! the noblest of you, in the sight of Allah, is the best in conduct.»Al-Hujuraat, 49/13.
6. Hucurât, 49/13.
7. «But they (mankind) have broken their religion among them into sects, each sect rejoicing in its tenets.» Al-Muminoon, 23/53; «Of those who split up their religion and became schismatics, each sect exulting in its tenets.»Al-Room, 30/32.
8. Compare: «Lo! Abraham was a people obedient to Allah, by nature upright, and he was not of the idolaters.»An-Nahl, 16/120.
9. «There is no compulsion in religion. The right direction is henceforth distinct from error.»Al-Baqara, 2/256; « Lo!thou (O Muhammad) guidest not whom thou lovest, but Allah guideth whom He will.» Kasas, 28/56; and see: Al-Ankaboot, 29/69.
10. http://www.habervakti.com/?page=news_details&id=40574(7.4.2011); <http://www.hurriyet.com.tr/planet/17433967.asp> (7.4.2011); <http://www.sondakika.com/haber-esad-olaylar-komplo-2624581/> (7.4.2011); http://www.usasabah.com/Yazarlar/taha_kilinc/2010/11/11/ali_abdullah_salih_ya_cozecek_ya_gidecek (7.4.2011).
11. «O ye who believe! Be ye staunch in justice, witness for Allah, even though it be against yourselves or (your) kindred, whether (this case be of) a rich man or a poor man, for Allah is nearer unto both (them ye are). So follow not passion lest (from truth) and if ye lapse or fall away, then lo! Allah is ever Informed of what ye do.» Nisa 4/135; See also: al-Maeda, 5/8; al-Araf, 7/29; al-Hood, 11/85, 112; an-Nahl, 16/90; ash-Shura, 42/15; Al-Hadid, 57/25.

СИДДИК КОРКМАЗ. СЕКТАНТТЫҚ ҰҒЫМДАР КӨРІНІСІНДЕГІ ИСЛАМ ТҮСІНІСТІГІ

Қазіргі мұсылман әлемінде көптеген әртүрлі секталар, шейіттер мен сүнниттерді қосаалғанда, әсерлі көрінісін білдіреді. Олардың барлығы да өзін әртүрлі атайды, өйткені олар теологиялық ретінде саяси келіспеушіліктер бар деп еметтейді. Дегенмен, олардың барлығы осы мәселелерді зерттеуі мұсылмандарды біріктіру үшін өте маңызды деп санайды.

Исламдық сенім принциптері даусыз әмбебап және уақытпен кеңістікпен шектелмейді. Сенім принциптерін күнделікті проблемаларына байланысты жедел өзгертуге немесе жоюға болады деген фактіні қабылдауы мүмкін емес. Алайда, бұл принциптердің болуы сектанттықты түсіндіруге мүмкіндік береді. Ислам саласындағы негізгі постулаттарды назарға ала отырып, олар сенімді және неғұрлым анық өз түсіндірулерін жасап отырмыз деп есептейді

Әрине, мұсылман бәрі бір мұсылман болып қалады, себебі бұл мүмкін тіпті қажетті, әртүрлі секталарға тиесілі. Мұсылмандардың белгілі сектасы тек бір өзін ғана мұсылмандар тұрады деп санайтындықтан мәселе туындайды.

Мақалада қосылымдармен дизъюнкция элементтері, түрлі діни секталардың келісімдерімен қатар өмір сүруінің мүмкіндігі, осы проблемаларға байланысты діни құндылықтары талқыланады.

Кілт сөздер: Аллаһтың жалғыздығы, Құран, сүннет, секта, теология, саясат, мәдениет, интернализация, иеліктенішізгәру.

СИДДИК КОРКМАЗ. СЕКТАНТСКИЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ СУЩНОСТИ ИСЛАМА

Современный мусульманский мир представляет собой красочную картину из многих сект под различными именами, включая суннитов и шиитов, так как у них различные теологические и политические взгляды на сущность ислама. Тем не менее, все они считают, что важную роль в единении мусульманского мира играет исследование их разногласий.

Исламские принципы веры бесспорно универсальны и свободны от ограничений пространства и времени. Однако невозможно принять тот факт, что любые принципы веры, возникающие вследствие конъюнктурных или амбициозных стремлений какой-либо секты, можно изменить или удалить. Тем не менее наличие сектантства позволяет интерпретировать эти принципы. Ссылаясь на основные постулаты, они считают более верными их интерпретации в сфере ислама.

Мусульмане, имея различные точки зрения, что вполне объяснимо, всё равно останутся правоверными. Проблема заключается в том, что мусульмане из определённых сект только себя считают правоверными.

В статье рассматриваются проблемы объединения и дизъюнкции, возможность сосуществования разнообразных сект, поднимаются вопросы конфессиональной ценности.

Ключевые слова: одиночество Аллаха, Коран, сунна, секта, богословие, политика, культура, интернализация, отчуждение.

УДК 165 (072)

КРАТКАЯ ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ИСЛАМА В КАЗАХСТАНЕ И ХАНИФИТСКИЙ МАЗХАБ

ТУРАШБЕКОВ А.К.

В статье автор рассматривает историю возникновения религии ислама на территории современного Казахстана. Содержание статьи составило описание различных этапов становления ислама в казахском обществе. Дается подробная информация об истории возникновения исламской религиозной школы ханафитского мазхаба.

Ключевые слова: ислам, шариат, кожа, торе, Аллах, ханафитский мазхаб. .

Ислам проникает в южные регионы Казахстана в VIII веке. Во времена Тюркешского каганата на территории нашей страны произошла знаменитая Атлахская битва между армией империи Тан и войсками арабского халифата. По документальным свидетельствам в конце IX века южных регионах Казахстана появляются первые мечети. Проникновение ислама привело к вытеснению древнетюркской рунической письменности и сложению новой на основе арабской графики. В IX-X веках в Центральной Азии и южном Казахстане стал распространяться суфизм. На территории республики действовали различные суфийские школы и ордена. Специфика исламизации кочевых тюрков заключалась в органичном соединении элементов традиционных доисламских (тенгрианство и зороастризм) и суфийских представлений. Ахмет Яссави, признанный глава тюркской традиции в суфизме ярко воплотил в своей деятельности концепцию «совершенного человека» (аулие). Культ аулие (святых) позволил суфизму выступить в роли массовой народной религии, в которой древние обычаи и культовые практики получили исламизированную обработку. Книги «Диван-и-хикмет» («Сборник хикметов» (мудрых слов), «Мират-ул-кулуб» (Зеркало сердец), «Рисала-и дар абади тарикат» («Трактат об этике тариката [яссавийа]»), написанные Ясави арабской графикой на тюркском языке, также способствовали проникновению исламской традиции в среду кочевников. Усиление позиций ислама на территории страны связано с принятием этой религиозной докторины ханами Золотой Орды в XIII веке. В начале XIV века суннизм ханафитского мазхаба становится государственной религией в империи. [1]

В Казахском ханстве – в одном из исторических правопреемников Золотой Орды ислам имел статус официальной религии. В «Жеты Жаргы» - знаменитом законодательном кодексе Тауке хана зафиксирована прямая поддержка государством исламской религиозной традиции: «Ежели кто примет христианскую веру, у того родственники отнимают все его имение». Закрепляется также элитный статус для особого сословия «кожа»- потомков мусульманских миссионеров, ведущих свое происхождение от пророка Мухаммеда. Вместе с тем юридически-правовые отношения казахов в значительной степени определялись сложившимся в степи обычным правом-адатом или сочетанием адата с шариатом. Казахский вариант ислама проявил лояльность ко многим традиционным обычаям кочевников: калым, сватовства детей, институт аменгерства и другим. Особо стоит отметить, что казахское ханство никогда не имело теократическую форму правления, существовало четкое функциональное разделение элиты на светскую (торе) и духовную (кожа). В казахском обществе право избрания ханом принадлежало прямым потомкам Чингисхана по мужской линии – чингизидам (торе). В казахской традиции: торе считались «ак-сүйек» (аристократической белой

костью), а кожа – «асыл-сүйек» (драгоценнейшим потомством пророка). В шежире казахов Машхур Жусуп определяет место торе и кожа в казахском обществе, посредством выражения, сказанного Кунанбаем (отцом Абая) во время хаджа: «Тіріміздің билігі «Алдияр» ұранды төреде, еліміздің билігі «Аллах» ұранды қожада» (Власть над живыми у торе, клич которых «Алдияр», а умершие в распоряжении кожа, клич которых «Аллах»). [2]

На начальном этапе колонизации российские власти пытались распространять христианство среди кочевого населения, позднее из-за отсутствия ощутимых результатов был взят курс на подконтрольность ислама. В имперский период наряду с переселенческой политикой ислам продолжительное время рассматривался царским правительством как фактор закрепления колонизации степи. Согласно некоторым указам исламские священнослужители должны были получать одобрение у имперских наместников, которые после соответствующей проверки назначали их на службу. На официальную деятельность «пришлых» мулл особенно из Центральной Азии накладывался запрет. Казахское духовенство не имело самостоятельной администрации и находилось в ведении Оренбургского муфтията. По «Временному положению об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств» 1868 года каждая волость должна была иметь не более одной мечети. Угроза политимизации ислама в начале XX века обусловило курс российской империи на более жесткое ограничение религиозных свобод мусульман. В качестве реакции на такую политику в программе партии «Алаш» были провозглашены принцип равенства всех религий и свобода вероисповедания, говорилось о необходимости создания отдельного муфтията на территории Казахстана. Между тем алашординцы предлагали существенно ограничить сферу компетенции шариата, в ведении мулл должны были остаться только процедурные вопросы: брак, развод, регистрация рождений и смертей.

При советской власти бии, ишаны, хазреты, муфтии и члены духовных управлений мусульман в 1921 году были отстранены от участия в выборах. С 1926 года в официальных документах появился тезис об «антисоветском характере» мусульманства. С 1927 года речь шла уже не о «антирелигиозной агитации и пропаганде», а о «мерах борьбы с исламом». В результате исламское духовенство подверглось жестоким репрессиям, многие мечети были закрыты или разрушены. Во время второй мировой войны позиция государства изменились, было создано Духовное управление Средней Азии и Казахстана с центром в Ташкенте. В 1961 году в Казахстане насчитывалось 25 зарегистрированных общин с мечетями. Кроме этого, было около 60 незарегистрированных общин и более 500 незарегистрированных мулл. В 1989 году в республике действовало 59 официальных зарегистрированных

мечетей. В 1990 году было создано Духовное управление мусульман Казахстана.

Таким образом, история ислама в Казахстане насчитывает более тысячи лет, он является традиционной религией казахов. Базовой основой ислама практически для всех тюркских народов, в том числе и казахов, стал суннизм ханафитского мазхаба, в отечественной версии которого учтены и адаптированы древние религиозные культы кочевников Великой степи. Исторические формы казахского государства никогда не имели теократической формы правления. Казахи сохранили свою традиционную религию во времена колониализма и Советского Союза. С обретением Казахстаном независимости ислам в нашей республике переживает настоящий ренессанс (достаточно оценить количество вновь построенных мечетей во всех регионах страны). В настоящее время государство создает благоприятные условия для развития всех религиозных конфессий. Законодательное обеспечение свободы вероисповедания способствовали развитию традиционных религий, однако вместе с ними увеличился рост нетрадиционных течений, в том числе и исламских. В результате сегодня основным источником угроз для стабильного развития ислама в стране выступают различные радикальные религиозные объединения и экстремистские группы, которые пытаются навязать казахстанскому обществу чуждые религиозные ценности и идеалы, ведущие к росту социальной напряженности и недоверия к мусульманам. В этих условиях главной задачей правоверного мусульманина республики является сохранение и всемирное укрепление традиционного ислама в стране-суннизма ханафитского мазхаба.

Ханафитский мазхаб – одна из четырех основных правовых школ в суннитском исламе («мазхаб»- это путь, по которому следует мусульманин, богословско-правовая школа). В настоящее время ханафитский мазхаб является самым распространенным в исламском мире. Его последователями является больше половины всех мусульман мира. Почти все тюркские народы, в том числе и казахи, традиционно является последователями этой правовой школы. Для более адекватного понимания идеологической базы ханафитского мазхаба лучше всего обратиться к фигуре его основателя.

По мнению турецкого богослова Хмади Аксеки основатель ханафитского мазхаба – Абу Ханифа был по происхождению тюрком. Он известен среди мусульман как имам аль-Азам (великий имам), основатели остальных трех основных суннитских мазхабов считают себя учениками Абу Ханифы. Имам аш-Шафии говорил о нем: «В области знания фикха все являются детьми Абу Ханифы. В области религиозных наук все являются детьми ученых Ирака, а иракские ученые-учениками ученых Куфы,

куфийские же ученые- учениками Абу Ханифы». Родился Абу Ханифа в 699 году в городе Куфе в Ираке. В то время этот город была одним из культурных центров Халифата. Благодаря чему ему удалось увидеться с живыми сподвижниками и ученикам Пророка. На протяжении нескольких десятилетий Абу Ханифа изучал мусульманское право у самых известных специалистов исламского мира. После обучения он стал преподавать исламские науки сам, причем выработал свою уникальную методику. Абу Ханифа никогда не читал лекций на какую-то тему, он только поднимал проблему, излагал ее суть, а затем предлагал своим ученикам вступить в полемику с ним относительно путей ее решения. При этом, как учитель, так и ученики излагали свою точку зрения. Иногда их мнения совпадали, а иногда нет. Были и такие, которые почти полностью не соглашались с учителем. В заключение полемики. Абу Ханифа обобщал ее результаты, и они вместе с учениками приходили к общему решению проблемы. Причем это решение подводилось таким образом, что принципиальных несогласий с ним ни у кого не осталось. Этот процесс во многом напоминал полемический метод греческого философа – Сократа. [3]

Таким образом, можно о том, что самим основателем ханафитского мазхаба были заложены традиции критического, недогматического восприятия религиозного наследия. В результате страны и народы, придерживающиеся этого мазхаба, смогли внести весомый вклад в сокровищницу мировой культуры и науки.

Свободомыслие, культивируемое ханафизмом, привело к тому, что именно на его почве появились гиганты мировой мысли Аль - Фараби и Авиценна. Причем их вклад в мировую цивилизацию вовсе не носит локально-исламского характера. Об этом хорошо сказано у А.Койре: «...Именно мусульмане явились учителями и воспитателями латинского Запада, ибо если первые переводы греческих философских и научных трудов на латинский язык были осуществлены непосредственно с греческого, а с их арабских версий, то это произошло не только потому, что на Западе не было больше уже – или еще - людей, знающих древнегреческий язык, но и еще (а может быть, особенно) потому, что не было никого, способного понять такие трудные книги, как «Физика» или «Метафизика» Аристотеля или «Альмагест» Птолемея, так что без помощи Фараби, Авиценны или Аверроэса латиняне никогда к такому пониманию и не пришли бы. Для того чтобы понять Аристотеля и Платона, недостаточно - как ошибочно часто полагают классические филологи – знать древнегреческий, надо знать еще и философию. Латинская же языческая античность не знала философии». Как видим, роль тюркского ученого Аль-Фараби огромна в появлении нынешней современной цивилизации. А такой философ, как он мог сформироваться

только в ханафитской среде, а не в замкнутых буквалистских мусульманских пространствах.

В данном контексте традиционный для казахов ханафитский мазхаб является прекрасной идеологической платформой для формирования культуры новых знаний в стране, стремления к совершенствованию и продвижению страны в сообщество развитых государств. В этой связи развитие ханафитского мазхаба в качестве одного из главных духовных столпов казахского общества отвечает стратегическим интересам Республики Казахстан. [4]

Естественный ход истории и выбор мыслящих мусульман привел к тому, что большинство в современном исламском мире составляют ханафиты. Это не было результатом насильственного насаждения, а следствием интеллектуальной победы религиозной традиции Абу Ханифа. Логика его рассуждений настолько импонировала последователям ислама, что, например, основатель маликитского мазхаба образно говорил о нем: «Логика Абу Ханифы настолько сильна, что, если бы он сказал, что дерево-золото, То и доказал бы это». Абу Ханифа в своих юридических суждениях опирался «на разум и доказал бы это». Абу Ханифа в своих юридических суждениях опирался «на разум и аналогию (прецедент)». Считается, что он составил сборник содержащий 500 тысяч различных примеров юридических дел, предусматривающих определенные наказания, издал 64 фетвы по вопросам богослужения и права. Источники сообщают, что Абу Ханифа был глубоко богобоязненным, вел аскетический образ жизни, всю жизнь стремился не нарушать заветы Бога и не впасть в грех. Рассказывают, что, узнав о продаже в Куфе мяса украденных овец, он семь лет не ел баранину из боязни съесть запретное – украденное мясо.

Ханифизм отличается от других мазхабов Сунны наибольшей терпимостью. Одна из главных отличительных черт юридической системы Абу Ханифы-учет местных условий в судопроизводстве. Отмечая эту сторону метода Абу Ханифы, русский востоковед П.Цветков писал, что последователи ханифитской школы придерживались следующих правил:

«Главное – смысл, а не «буква» установлений, а применение установленных правил судопроизводства к местным обстоятельствам является важнейшим принципом, которому должны следовать праведы и богословы». Такой методологический подход дал повод мусульманскому теологу Шахристани назвать ханифитов людьми рассуждения.

Ханифитский мазхаб учитывает обычаи местных народов, так как их национальные традиции не являются чем-то внешним по отношению к исламу, они являются источниками шариата наряду с Кораном, Сунной, иджмой, кьясом и другими. Таким образом, в ханафизме среди источников

шариата существует понятие «урф», то есть «народный обычай». В целом ханафизм является одной из самых либеральных концепцией ислама. Именно в ханафизме предпочтение отдано методу умозрения по сравнению с буквализмом других течений, а также важен принцип аналогии и применяется рациональный ментальный инструмент, свойственный научному подходу, заметна в ханафизме и тенденция к наиболее возможному смягчению наказаний, особенно щепетильное отношение к смертной казни, цель ее минимизации выдает в ханафизме наличие особого стиля мышления-свободного и критичного. Сегодня казахстанская экономика требует хорошо образованных, современных и инновационно мыслящих людей. Формирование качественных и высоко-конкурентных человеческих ресурсов страны, возможно признанием ханафитскую интеллектуальную традицию, основанной на творчестве и инициативности. Данный процесс также может способствовать – формированию мусульманских интеллектуалов Казахстана [5].

ЛИТЕРАТУРА

1. Антология мировой философии в 4-х т. – М., 1969.
2. Есим Г., Абуов А.П., Бегалинова К.К., Смагулов Е.М. Основы религиоведения. – Алматы: Білім, 2011.
3. Официальное данные Комитета по делам религий при Министерстве культуры и спорта Республики Казахстан. Взятые из различных источников СМИ.
4. Торчинов Е.А. – Религии мира: Опыт запредельного: СПб: Центр «Петербургское востоковедение», 1998
5. Турашбеков А.К. В мире религий. – Шымкент: «ТОО КІТАП», 2009

ТУРАШБЕКОВ Ә.Қ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ ЖӘНЕ ХАНАФИ МАСХАБЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бұл мақалада қысқаша Қазақстандағы ислам дінінің пайда болу туралы және оның негізгі қалыптасу кезеңдері туралы тарихи мәліметтер беріледі. Ислам дініндегі Ханафи масхабының тарихи қалыптасуы және оның ерекшеліктері туралы айтылады.

Кілт сөздер: *Ислам, шариат, қожжа, төре, Алла, ханафиттік мазхаб*

TURASHBEKOV A.K. A BRIEF HISTORY OF THE ORIGIN OF ISLAM IN KAZAKHSTAN AND HANAFI SCHOOL OF THOUGHT

This article contains brief information about history of Islamic religion in Kazakhstan and its main stages of formation in Kazakh society. It also describes the history of origin of Hanafites and their features.

Keywords: *Islam, shariyah, owner, lord, Allah, Hanafites*

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ811.512.122

ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «МАХАББАТ» ЛИНГВОМӘДЕНИ КОНЦЕПТІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ИСАБЕКОВА Ұ.К.

Мақалада «Махаббат» концептісі қарастырылған. Ортағасырлық жазбалардағы түркі-араб мәдениетінің қазақ дүниетанымына әсері жан-жақты сөз болады. Бұл концептінің мазмұны Құранның және қарахан дәуірінің жазбаларындағы «Құтты білік», «Хикмет» ескерткіштері мен ортағасырлық ислам ойшылдарының еңбектері негізінде «Аллаға махаббат», «Өзіңді-өзің тану» категориялары арқылы анықталады. Зерттеудің нәтижелері қазақ мәдениетінің ислам-түркі мәдениетімен жақындастырады.

Кілт сөздер: *концепт, махаббат, лингвомәдениеттаным, Құтты білік, Хикмет.*

Дүниетанымы мен мәдениеті әр басқа халықтардың арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз ете отырып, жекелеген ұлттың да өзіндік ерекшеліктерін көрсететін маңызды мәдени универсалийлер бар. Осылардың бірі – лингвомәдени концептілер. Тілдегі концептілердің бұл түрі санаулы болса да, сол халықтың тілдік ғалам бейнесі белгілі бір дәрежеде көрініс табады. Лингвомәдени концептілердің ішінде адамның қарабайыр тұрмысының шегарасынан шығып, өмірінің мәнін қалыптастыруға тікелей ат салысатын базалық құндылықтарын топтастыратын «махаббат» эмоциональды концептінің орта ғасырлық жазбалардағы ерекшеліктерін осы мақала шеңберінде ашуға тырысамыз.

Әлеуметтік мәртебесіне сәйкес суперконцептке жататын «Махаббат» концептісінің [1,15-31] «ішкі формасы анық және нақты емес», «...керісінше, қарама-қайшылықтарға толы, ментальді аймақтан жоғалып кететінін» айтады [2,418]. Көне гректерде «эрос» (ἔρως) – стихиялық, «филия» (φιλία) – махаббат-достық, «сторге» (στοργή) – махаббат-үміт, «агапе» (ἀγάπη) – жанын пида ететін махаббат түрлерін атап көрсеткен және осыны негізінен барлық ғылымдар басшылыққа алады [3, 241-245]. Нысанына байланысты махаббаттың ата-аналық, балалық анаға, жыныстық махаббат түрлері кездеседі. Осының жалғасы ретінде бауырға, адамның өзіне және жаратушыға деген махаббатты [4,46–82] қосуға болады.

«Махаббат» логикалық категория ретінде шартты түрде тұрақты әрі белсенді; сексаулдық қажеттілікке физиологиялық тұрғыдан негізделген

жағымды эмоциалы қатынас. Сонымен қатар этномәдени ерекшелігі бар, лингвистикалық құрылымға ие күрделі ментальді білім болып табылады. «Махаббатты» лингвомәдени концепт ретінде қарастыру оның көпқырлы ерекшеліктерін жан-жақты ашуға жол ашады. Тілдік бірлік ретінде «махаббат» концептісінің мазмұны халықтың дүниетанымымен тікелей байланысты болғандықтан, бұл күрделі процесті бір мақала шегінде зерттеу ауқымына сыймайды. Сондықтан осы жұмыста түркі дүниетаным жүйесін ортағасырлық кезең кесігінде қарастырып, «махаббат» концептісінің мазмұнын қысқа түрде ашуға тырысамыз.

Түркілер қоғамдағы процесстерді, өзгерістерді, қайшылықтарды сан ғасырлар бойы қалыптасқан өмірлік тәжірибелеріне, моральдік-этикалық нормаларына, саяси-құқықтық жүйесіне, дүниетанымы мен салт-дәстүріне сай реттеп отырды. Дәстүрлі көшпелі тұрмыс отырықшылыққа ауысып, ұлан-ғайыр далада сарайлар мен қалалардың пайда болуы түркілік дүниетанымның экстроллингвистикалық факторлардың ықпалымен жаңа арнада дамуын талап етті. Ұлы Түрк қағанатының ыдырауынан пайда болған жаңа мемлекеттердің құрамындағы түркі халықтарының таным-түсінігі, құндылықтар жүйесі дамыды. Сол кезеңдегі түркі мемлекеттерінің Араб халифатымен қарым-қатынасы, исламды дін ретінде қабылдауы дәстүрлі түркілік дүниетанымның жаңаша мазмұнмен толыға отырып дамытылуын қажет етті. Халықтың дүниетанымы түркілік құндылықтар негізін діңгек етіп ұстанып, әр тарихи кезең ақпараттарын екшеп, ерітіп, балқыта отырып өзіне сіңірді. Сондықтан қазақ дүниетанымы түркілік негізден бастау алып, орта ғасырда ислам мәдениетімен байытылған Фараби, Ибн Сина т.б. ойшылдар еңбектерімен жаңа арнаға ауысып, Баласағұн, Йүгнеки еңбектерімен сабақтасып, Иасауи тариқатымен нақтылана отырып дамыды. «Исламның мемлекеттілігі мен мәдениеті гүлденген» кезеңі [5,28–32] түркі дүниетанымын да жаңа деңгейге көтерді. Бұл кезең Араб халифатының билік басына Аббасидтердің келуімен сәйкес келеді. Осы кезеңіне тұрақты тарихи жағдай қалыптасып, ірі қалалар көбейіп, кітапханалар мен университет ашылды, көпшілікке арналған ауруханалар пайда болды, «Даналар үйі» (Бейт аль-хикма) дүниеге келді, астрономиялық обсерватория салынды, алғашқы эмиссарлар исламды дамытуда шарифат жолына үгіт-насихат жүргізді, ғылымға, мәдениетке, моралдік құндылықтарға ислам дінінің негізінде басты назар аударылды, ғылым мен музыкаға ерекше көңіл бөлінді, көркем шығармалар дамып, билеуші Джафар образы арқылы «Мың бір түн» хикаясы дүниеге келді, дін мен мәдениеттің ошақтары көбейді. Бұл үрдіс халықтың дүниетанымдық дамуын жаңа сапаға арттырды, нақ осы кезеңде шығыс әлемінде жалпы адамзат қоғамындағы еркек пен ұрғашының, ана мен баланың, бауырлардың арасындағы махаббат исламның дүниеге келуімен жаңа сипатқа ие болды.

Адамдар арасындағы махаббат сезімі аумағынан асып түсіп, бүкіл өмірдің тірегіне айналды. Осыған сәйкес теология, философия, эстетика салаларының өзекті мәселесіне айналды. Алланың бір екеніне және барлығына сену; Құранға иман келтіру; Мұхамбет пайғамдардың Алланың елшісі екеніне иман келтіру арқылы Алланы тану, адамның әлемдегі орнын анықтау мәселелерін түркі халықтары өзіндік ерекшеліктері арқылы қабылдады. Бұны зерттеушілер «халықтық» (Х.Маршалл) немесе «дәстүрлі» ислам (З.Жандарбек) деп атады. Осы кезеңде «махаббат» ұғымы ең алдымен, халық өмірінде онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық мәселелерді шешуде де сүйенетін негізгі тұғыр болды және бұл өз кезегінде дүниетанымында қордаланып, қаттала берді, халықтың шығармашылық өнерінде негізгі нысанға айналды, туындыларда көркем образға айналды. Өкінішке орай, филологиялық зерттеулерде осы кезеңнің жазба ескерткіштері тілдік конструкциялық, құрылымдық тұрғысынан тереңдей зерттелгенімен, қазіргі ұлттардың дүниетанымдық сабақтастығы тұрғысынан да қарастырылмады. Бұл, бір жағынан, зерттеуіміздің өзектілігін арттырса, екінші жағынан «махаббат» концептісінің күрделілігін одан сайын тереңдете түседі. Жалпы Кенестік одақта антиислам идеологиясы үстемдік еткендіктен, түркология тарихында орта ғасырлық жазба ескерткіштер ұлы өркениеттің бір бөлшегі ретінде қарастырылмады, ал исламның ықпалын зерттеуге тиым салынды. Қазіргі қоғамның дамуы, бірқатар түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік алуы түркологияда зерттелмей, тасада қалып қойған тарихи жазба мұраларын бүгінгі таңда ұлт ретінде қалыптасқан көптеген этностардың дүниетанымдық сабақтастығы тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Рухани мұраларды әлемдік орасан зор өркениетке қол жеткізген «мұсылмандық ренессанс» кезеңімен бірлестікте қарастыру араб-парсы-түркі мәдениетінің шынайы табиғатын ашады. Осы мәдениеттің бір бөлігін суфизм доктринасы құрайды және біздің нысанымыздағы «махаббат» концептісі суфилердің ілімдерінің негізі болды. Суфизм монотеистік исламдағы теоцентризмді антропоцентристік бағытта дамытты. Бұл үрдіс кез келген суфийдің ілімінде орын алды. Айталық, суфизм доктринасының ірі өкілінің бірі әл-Бастами: «Алла туралы мәлімет адамда: Оның танымы – адамда, Оның махаббаты – адамда, Оның жүрегі – адамның жүрегінде» [6] деп Алла мен адамның арасындағы терең байланысты атап айтты, басқа да суфилердің пікірі осы мазмұндас болып келеді. Олардың іліміндегі осы негіз, яғни Алланы тану жолында өзінді танудың мәні, адамзаттық рухани құндылық мәселелерінің жан-жақты түсіндірілуі ел ішінде кең құлаш жайып, өсіп-өркендеуіне әкелді. Әрине, моральдік-этикалық нормалар адам пайда болғаннан бастап, бүгінгі кезеңге дейін өзектілігін жоғалтпаған адамзаттың мәңгілік мәселесі, оны батыстық та, шығыстық та зерттеушілер жан-жақты зерттеумен айналысты. Ал суфилер

мұның негізгі мәнін ашып түсіндірді. Яссауи хикметтерінде «шариғат дүр ғашықтардың әпсанасы, Абыз ғашық тариқаттың дүр данасы» (ДХ, 24) дегендей, исламнан бастау алған шығыс ойшылдарының барлық ғылым салалары бойынша еңбектері орта ғасырларда бүкіл әлемге, соның ішінде батыс Еуропалық ғылым мен білімнің дамуына тікелей әсер етті [7,22].

Адамзат қоғамында шешуші рөл атқарған суфизм ілімін «махаббат» категориясы тұрғысынан талдасақ, адамды рухани тазалыққа, жүректі тек жақсы қасиеттерге арнауға, таза көңілмен Алланың махаббатына, ризалығына қол жеткізуге шақыратын суфийлік ілімнің өміршеңдігін байқаймыз. X-XI ғасырларда ислам мәдениетінің Орта Азия мен Иранға ауысып, Бұқара, Самарқанд, Отырар, Мере, Нишапур, Исфahan, Рей, Хамадан қалалары мәдениеттің ошағына айналуымен байланысты орта Азияда суфизмнің кең өркен жаюында. Орталық Азияда суфийліктің Баха ад-дин Нақшбанд (Нақшбандия), Әбд әл-Қадир Жейлани (Қадария), Наджм ад-дин Кубра (Кубравия), Қожа Ахмет Яссауи негізін қалаған тариқаттар таралған. Зерттеушілер Орта Азияда, әсіресе түркі мемлекеттерінде суфизм бағытын ұстанушылардың көп болғанын айтады. Суфийлер, Араби айтқандай, «діни адамдардан да жоғары...жұмбақ» адамдар [6]. Әр суфийдің Аллаға махаббаты еңбектерінде әрқалай интерпретацияланды, бірақ олардың жүрегінде Джунайид айтқандай, «Аллаға деген махаббаттан басқа ешнәрсе болмады». Құран қағидалары, шариғат жолы және махаббат заңдылықтарының ортақтықтары олардың жалпы идеяларын біріктіріп тұрды. Исламда мистикалық бағыт ретінде жеке мұсылмандық ілімдерде қалыптасып, орта ғасырларда күрделі жүйеге ие болған суфизмнің негізін Алланы махаббатпен тану құрады. Суфидің махаббаты «барлық жерде және ұшы-қиыры жоқ. Ақиқат туралы білімнің таусылмайынша оның шегі жоқ» [8]. Яғни суфийлік жолға түсу – өзінді махаббатқа айналдыратын білімді меңгеру және махаббатқа айналып кету, ол білім ғашық адамның өмірін сүру үшін және өзінің де сүйікті екенінді түсіну үшін керек. «Абсолютке махаббатпен «шексіз ұмтылған» [9,14] суфийлер Құранға сүйеніп, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың жолын ұстанып, тақуалық өмір кешкен Хазіреті адамдар ілімі арқылы дамыған суфизмнің өзіне тән бірқатар (бұл жалғанның барлық қызығынан безіп, күйбең тіршіліктің пендешілік қалпын тәрк еткен, көптеген қосымша дұғалар оқу (навафиль), өзін Алланың еркіне беру (таваккул), пақыр (фақр) кейпінде күн кешу, қарапайым халық арасында болып, үкімет пен әскери ұйымдардан қол үзу, т.б.) ерекшеліктері бар. Зерттеушілердің еңбектерінде «суфий» ұғымы «көңілі таза, ешкімге тәуелді емес, өзі де ешнәрсеге ие емес. Нәпсінің құлы емес, сырттай халықпен, іштей хақпен бірге болатын, адамның ішкі сырын оқи білетін (оқи білгенге адам ашылмаған кітап сияқты), нәпсісін өлтіріп, хақпен «тірілген» уақыттың

перзенті, хақпен ұласқан адам» деген мағынаны білдіреді [10]. Ел арасында өмір сүрген суфийлердің жұртшылықтың дәстүрлі тәртіптілік ережелеріне қарағанда өздеріне ғана мәлім қасиеттер, ерекше әдепті жүріс-тұрыс стилі, өзгеше ойлау қабілеті тән, олардың өмірлік ұстанымдары кісілік қадір-қасиеттерге толы. Олардың ілімдері ортодоксолдық діни дәстүрлерді, догматтарды қатаң ұстанбайды, исламның қағидаларын практикалық тұрғыдан өздерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, нәпсіні тежеп, сезім дүниесін байытып, рухын кемелдендіру арқылы Алламен ұлы махаббат деңгейінде қауышады.

Суфийлік ілімнің өзегіне айналған Құранның «(Алла) көк мен жерді көркем жаратушысы» (Коран 2:117) аятымен үндес Алланың әлемді жаратуда пайғамбар (ғ.с.) айтты деген бір сөз бар: «Хазрат хақбихана уа тағала: «Мен кеңістіктің бір бұрышында жасырынулы тұрған кен-қазына едім. Менің тәңірі екенімді ешкім білмейтін. Өз құдіретімді білдіруге махаббатым ауып барша ғаламды жараттым» (ҚА, 171). Суфийлердің ұғым-түсінігінше Алланың махабаты – болмыстың және жаратылыстың негізгі себебі. Сондықтан Алланы тану жолы махаббат арқылы ғана мүмкін болады. Жаратушы Хақты көрсем, танысып білсем, онымен дидарлассам деген күштарлық адамды үнемі ілгері жетелейді. Алла өзінің құдіретін таныту үшін бүкіл әлемді махаббатпен жаратты, «махаббат – Алла жаратқандарының ішіндегі ең күштісі және ең ұтымдысы» (Бахааддин Велед) деп түсінген суфийлер ілімдерінде махаббат ерекше сипатқа ие болды. Сондықтан ислам философиясында «Махаббат» концептісін құрайтын түсініктердің мәні айырықша терең. Айталық, Ибн Сина «нет любви вне этой общей абсолютной любви. Следовательно, бытие каждого предмета, управляемого [высшим принципом], определяется врожденной любовью [11]. Баласағұн «Сүйіп мені тіледі ол алдымен, сүйініп оны тілеушімін енді мен, ол әуелі мені тілеп, жаратты, содан іздеп, бердім пейіл, қабақты» деуінің астарында суфийлердің осы терең танымы жатыр.

Суфийлердің Алланы танып білудің жолы махаббат арқылы іске асатынын дәлелдеуі осы концептіге ерекше сипат береді. Алла өте қасиетті әрі күрделі объект, «Оған ұқсайтын ештеңе жоқ» (Коран: Шура, 11). Оны тануға логикалық ойлау немесе парасаттың шамасы келмейді. Ол үшін адам жанының терең түкпірінде жататын бір киелі күш қажет. «Алла – көктер мен жердің нұры (нұрландырушысы)» (Коран 24:35). Адамның рухындағы нұр сүйіспеншіліктен нәр алып, әрдайым жанып, адамның жүрегін, көңілін, санасын нұрландырып тұрады. Сүйіктің Алламен тілдесіп, сырласқан сайын, онымен кездескен сайын, сүйіспеншілігің арта түседі.

Құрандағы «Аспандар мен жердегі нәрселер Оған тән және Ол Асқақ әрі Ұлы»(Коран 42:4) аятпен үндесетін суфийлер ілімдерінде Алла тарапынан

болған болмыстың мәнін өзінің қоршаған ортасынан іздейді. Осыған байланысты Э. Фролова атап көрсеткендей, «бәрі – Алла, Алла – бәрі» суфизмнің негізгі онтологиялық постулатына айналды [12,90]. Яссауидің «Махаббатың бағын кезбей ғашық болмас» (ДХ., 24) деуінің мәні де осыған келіп тіреледі, яғни әлем – Алланың махаббатпен жаратылған болмысы, Яссауише «махаббат бағы», ал болмыстың мәнін білу, тану «Алланың жіберген сыйы – махаббат» арқылы жүзеге асады, сол арқылы адам ғашық болады.

Суфийлердің махаббат туралы ілімдері кез келген адамның ақылы жете бермейтін терең сыршылдығымен ерекшеленеді. Ма'руф си-Кархи махаббаты «Алланың мейірімімен келетін сыйының бірі» деп, оны адамдардан үйрене алмайтыныңды айтса, Шейх Музаффер «Адамдар «махаббатпен жасалған күнә махаббатсыз құдайға құлшылық еткеннен гөрі мақтауға тұрарлық» дейді. Немесе махаббатсыз еткен құлшылық босқа күш жұмсаудан артық емес. Әрине, махаббатпен жасалған күнә жазалануға әкеледі, бірақ ол ләззаттың бастауы. Не істесең де махаббатпен істе» дейді. Айталық, Шейх Музаффар «өзіңнің бар болмысында махаббаты сезін, Ғашығының ақиқатына жету үшін, құдайлық мәннің жұмағына ену үшін, Досыңның (Алла) дидарына тояттау үшін... өмірде махаббатты жолсерігің ет»; Абу Саид ибн Аби-л-Хэйр «...арамызда тозақ оты болса да, махаббатым өртті жарып шығатын жеңіл жол жасайды» [8].

Махаббат – Алла мен адамның арасындағы алшақтықты жоюшы. Исламдағы Жаратушы Ие мен құлының арасындағы қатынас, суфийлік ілімде басқаша сипатқа ие. Махаббаттың арқасында Сүйікті мен сүйуші арасындағы үндестік орнайды. Бұл Алла мен суфийлер арасындағы сұқпаттарда анық көрінеді. Рәбия: «О Құдайым, жұмақтан орын берсін деп жалбарынады десең, онда мені жұмақтан айыр, өйткені бұл жалбарыну тек саудагерлердің ісі... Құдайым, тозағыңнан қорқып, саған жалбарынады деп ойласаң, онда мені тозаққа жібер, өйткені бұл жалбарыну тек құлдардың ісі» – дейді. «Құдайым, сен көркем әрі сұлу болғандықтан, мен саған жалбарынып, мен сені жақсы көремін... мені өзіңмен кездестіру мүмкіндігінен айыра көрме»; «Жүрегімде Аллаға деген махаббаттан басқаға орын қалмады» дейді [8]. Жалпы суфийлік ілімдерде махаббат – «Алла–Адам–Әлем» арасындағы үндестікке құрылған қарым-қатынас. Алланың мәні – барлық болмыстардың мазмұны. Әлемдегі барлық нәрсе Алланың мәні арқылы бар. Алладан басқа жаратылған болмыстар есімі амал және сипатының көріністері болғандықтан өздігінен бар бола алмайды. Сондықтан олар Аллаға мұқтаж, тәуелді. «эль-Батин» (Жасырын, Барлық нәрсені қамтушы) есіміне ие Алланың сипатымен барлық жаратылыс шағылысқан, оны тек ғашықтық көзбен қараған Адам ғана көреді. Осыған қатысты суфий Шейх Музаффер: «сүю – сұлулық пен игілікті көре

білу; бәрінен үйрену, Алланың сыйы мен жомарттығын барлық жерден көру; оған риза болу. Бұл – махаббат жолындағы алғашқы қадам». Тек жүреппен сезіліп, ұғынылатын «махаббат» Алламен үндесуде ең жоғарғы дәрежеде көрініс табады, яғни жер бетіне тән адамдардың ғашықтығынан бұл махаббат мүлде бөлекше мазмұнға ие болады. Бұл күйді Баласағұн «Ием сүйсе, қайтем өзге сүйгенді»; «Көңіл кімді сүйсе, көзден қалмайды, көзің қанша көрсе де, еш қанбайды» (ҚБ, 3480) деп махаббаттың құштарлығын, қанбайтын ерекшелігін айтады. Махаббаттың бұл сатысында ғашық адамның өз өзін ұмытып, сүйіктісіне толығымен беріледі. «Әрі Ол (Алла) – Кешірімді һәм Сүюші» (Коран 85:14) болғандықтан махаббат «сүюшінің белгілері Сүйіктінің белгісіне айналдырып жібереді [8]. Бұл ерекше халге жетуді бәрі де көксейді, Баласағұн «Мені, сүйген пайғамбармен бір еткін» (ҚБ, 30) деуінің мәнісі осында болса керек. Бұл ерекше халді зерттеушелер былайша жеткізеді: Ғибадат үстінде белгілі бір шарықтау шегіне, албұртқан сезім мен экстаздық халге жеткен сәтте, адамның көңіл-күйі ашылып, оған Алланың дидары көрінеді. Одан, яғни Алладан құйылған нұрдан, шапағаттан адам өзін-өзі бақылаудан, тежеуден айырып, шабыттанады, тасиды. Өзін-өзі жоғалтып алады. Рахат бір сезімге бөлінеді. Осы сәтте ол Алламен қауышады, өзін Алла кейіпінде сезінеді. Бұл сәт жүректің кіршіксіз тазаланып бұл дүниенің, күйбең тіршіліктің азабынан арылып, өзінен басқа жан сезіне алмайтын рахат әлеміне сүңгу сәті» [13].

«Ерекше мейірімді һәм Сүюші» (Коран 11: 90) «Бәрін білуші «Әл-Алим» (العَلِيم) «Алла жүректеріндегілерді біледі. Алла бәрін Білуші әрі Ұстамды» (Коран: Ахзаб, 51) Аллаға құлшылық – суфизм доктринасының негізгі ерекшелігінің бірі. Зікір арқылы адам махаббатын арттырып, бұл жалғанның барлық азабын да, жаратылысын да, тіптен оның бәрін ұмытып, жоғары экстаздық көңіл-күй қалпына ұйып, өзін-өзі жоғалтқан сәтте көз алдына Алланың дидарын келтіру, жан-тәнімен онымен табысып, қауышу, үйлесімділік тауып ұласу. Аллаға махаббаты зікірмен ұлғайтуға суфийлер айрықша мән беріп, оны Аллаға құлшылық етудің бірегей тәсілдерінің бірі ретінде қолданады. Баласағұн әлеміне «татқын келсе бар ләззәтін» «орында құлшылықтың шарттарын» (ҚБ., 3991) деуінде Аллаға жалбарынып, оны медет тұтуда мұқият ойластырылып ресмиленген белгілі бір ритуалдық діни жоралар мен жаттығуларды орындау айрықша орын алатынын меңзейді. Зікірде барлық нәрсені ұмытып, тек Алланы барлық жан дүниесімен сезінеді, ғажайып әлеміге еніп, сүйіктісімен табысу халіне енеді. Маулана суфийлер мектебінің дәруіштері үйіріле дөңгеленіп, шыр айналып билегенде жүректеріндегі махаббат ұлғайып, көңіл айнасы ашылып, сезімдері шабыттанып, рахатқа батады, өзін мүлдем ұмытып, жерлік әлемнің шегінен шығып, Аллаға жақындайды, ғажайып махаббат нұрына шомылып, Алламен

бірге болады. Махаббатпен ұласуда суфийлер үшін Алланың барлық сипаты ең ашық кемел дәрежеде көрініс табады. Йассауи іліміндегі жиі зікір салудың мәні, Баласағұнның шығармасының желісінің үздіксіз махаббатпен өрілуі, Йүгнекидің шексіз махаббатының астарында осы сезім жатыр. Суфий үшін дүниедегі әрбір сұлулық пен әсемдік Құдайдың сұлулығы мен әсемдігінің айнасы. Осы сұлулықты сабырлықпен іздейді, Аллаға шексіз махаббат жолына түседі.

«Махаббат ғылымы аяқталмайды» (Руми) дегендей әр суфийдің ілімінде әрбірінің Аллаға махаббаты жатыр, сондықтан олардың зерттеудің посткеңестік кезеңінде енді қолға алынып жүрген тақырыптардың бірі. Бұл концепт түркілік ғаламның тілдік бейнесін терең танытатын концептілердің бірі болғандықтан, ұлттық менталитетті көрсетеді, оның мазмұны мәдени дәстүрлер мен тарихи тәжірибелерді қамтиды. «Махаббат» концептісі зерттеушінің терең сезімталдығын қажет етеді және оның көпқырлы, субъективті, перифериялық шегінде басқа да концептілермен шектесуі ұлттық-мәдени дәстүрмен және тарихи тәжірибемен тығыз байланысын білдіріп әрі бұл мәселені көптеген қырда бірнеше ғылым саласының аумағында қарастыруды қажет етеді.

«Махаббаттың» көпқырлылығы оны сипаттайтын бірнеше анықтамаларды тудырды, соған қарамастан Румише айтсақ, махаббат ғылымы аяқталмайды». Қазіргі таңдағы лингвоконцептология мен лингвомәдениет саласындағы жетістіктер «Махаббат» концептісінің түркі-араб мәдениеті мен қазақ дүниетанымының одан әрі зерттеуге жаңа мүмкіндіктер береді деп сенеміз.

Қысқартулар:

ДХ - Қожа Ахмет Йасауи. Диуани хикмет (Хикмет жинағы) / Топтастырып, қазақ тіліне аударғандар: Қ.Қари, Ғ.Қамбарбекова – Астана: Ғылым. 2016. – 208 б.

Коран – Коран / перевод И.Ю. Крачковского; предисловие П. Грязневича и Беляева. – Ростов на Дону: Феникс, 2001. – 544 с.; Коран. Смысловый перевод и комментарии Э. Р. Кулиева — М.: Эскиммо, 2012. – Изд. 10-е, стереотип. – 688 с.

ҚА – Рабғузи. Қиссасул анбия: Ғаламның ғажайып сырлары / аударған Б.Сағындықұлы. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 171

ҚБ - Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б. 2-басылым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Убийко В.И. Концептосфера внутреннего мира человека в динамической модели языка // Язык и национальное сознание. – Вып. 2. – Воронеж, 1999. – С. 15-31.

2. Степанов Ю. С. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. – М.: Академический проект, 2004: 418.
3. Апресян Р.Г. Любовь: Новая философская энциклопедия/ Предс. научно-ред. совета В.С.Степин. – М.: Мысль, 2010 // <http://iph.ras.ru/enc.htm>
4. Фромм Э. Искусство любви / Перевод с англ. Л. Чернышевой по изданию: Fromm Erich. The Art of Loving. First Colophon edition published 1962. – Минск: ТПЦ «Полифакт», 1990.
5. Беляев Е.А. Аббасидов халифат // Советская историческая энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1961. – Т. 1. – С. 28-32.
6. Ибн ‘Араби. Мекканские откровения / Введ., пер. сараб., примеч. и библиография А.Д.Кныша. – СПб.: Центр «Петербургское востоковедение», 1995.
7. Шах И. Суфизм. – М.: Клышников, Комаров и К., 1994. – С. 22.
8. Из реки речений: Суфийские афоризмы и истории / Составитель и переводчик Л.Тираспольский. – М.: Присцельс, 1999. – 168 с.
9. Шиммель А. Мир исламского мистицизма / перевод с английского Н.И. Пригариной, А.С. Раппопорт. – М.: Алетейна, Энигма, 1999. – С. 14.
10. Kenjetay D., Yesevilik Kültürü ve «İlmi Ateizm»// Tasavvuf (İlmi ve Akademik Araştırma Dergisi), Yıl:1, Sayı:3; Ankara, 2000
11. Ибн Сина, Абу Али. Трактат о любви // Перевод с арабского, вступительная статья и комментарии С. Сулаймонова. Сочинения. – Душанбе: Дониш, 2005. Том 2. – С. 700.
12. Фролова Э. Арабская философия: Прошлое и настоящее. М.: Языки славянских культур, 2010, -464 с. 13. Шемшек А. Мәулана Жалал Эд-Дин Руми-түрік. <http://www.ahmetsimsek.com/m-ulana-zhalal-d-din-rumi-t-r-k/>
13. Шемшек А. Мәулана Жалал Эд-Дин Руми-түрік. <http://www.ahmetsimsek.com/m-ulana-zhalal-d-din-rumi-t-r-k/>

ИСАБЕКОВА У.К. ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «ЛЮБОВЬ» В ТЮРКСКОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ

В статье рассматривается концепт «любовь». Исследуется многоаспектное влияние средневековой тюркско-арабской культуры на казахское мировоззрение. Содержание этого концепта выясняется путем анализа категорий «самопознание», «любовь к Богу», на основе Корана и Караханидских памятников («Благодатное знание», «Хикмет»), а также с привлечением точек зрения средневековых исламских мыслителей. Результаты исследования объединяют исламскую культуру с казахстанско-тюркской культурой.

Ключевые слова: когнитивный подход, концепт, суфи, мифологема, любовь, древнетюркский язык, казахский язык.

ISABEKOVA U.K. THE PECULIARITY OF ‘LOVE’ LINGUISTIC-CULTURAL CONCEPT IN A TURKIC WORLD OUTLOOK

The article discusses the concept of «love». We discuss the full impact of the medieval Turkic-Arabic culture in Kazakh outlook. The content of this concept vyesnyaetsya «Self-knowledge» category, «love of God» based on the Quran and

Qarakhanid monuments as «Beneficial Knowledge», «Hikmet» and the medieval Islamic thinkers. The study combines the Islamic culture of the Kazakh-Turkish culture.

Keywords: *cognitive approach, concept, Sufi myth, love; Old Turkic language, Kazakh.*

ӘОЖ 81'367.622.12

АЙМАҚТЫҚ (РЕГИОНАЛДЫҚ) ТОПОНИМИЯНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА

ОРАЗБАЕВА Э.Б.

Мақала аймақтық топонимдердің этномәдени негіздерінің зерттелуіне арналған. Қазақ топонимдері ұлттың материалдық және рухани мәдениетін көрсете отырып, этнолингвистикалық сипаты жағынан ерекшеленеді. Қазақ топонимиясында этнотанымдық ақпараттар жинақталған.

Кілт сөздер: *антропоцентристік бағыт, ономастика, топоним, рухани мәдениет, идиоэтникалық семантика, ұлттық-мәдени коннотация, этномәдени, этнотанымдық, этнолингвистикалық*

Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарының, өзара байланысының жаңаша антропоцентристік парадигмада зерттелуі ономастикалық материалдарды кешенді түрде, яғни қазақ халқының санасымен, дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен, т.б. тұрғыда қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Қазақ тіліндегі өте бай ономастикалық қорда, соның ішіндегі географиялық жалқы есімдер жүйесінде қазақ этносына қатысты орасан мол этнотанымдық ақпараттар жинақталған. Осындай мол ақпараттық байлықты антропоцентристік парадигма аясында қарастыру қазақ жалқы есімінің онтологиялық табиғатын, көп қырлы ерекшеліктерін тану мен сипаттауға жаңа жол ашады.

Қазақстанда топонимиканың географиялық ғылым ретінде негізін салған Ғ.Қоңқашбаев болды. Қазақ халқының халықтық және жергілікті географиялық терминологиясын бір жүйеге келтіруде, олардың топоним құраудағы рөлін жете зерттеуде ғалымның еңбегі зор. Ғ.Қоңқашбаевтың халықтық терминологияға қатысты әр жылдарда жарық көрген еңбектері, соның ішінде 1951 жылы жарияланған «Казахские народные географические термины» атты еңбегінің маңызы үлкен. Бұл еңбек Қазақстан мен Орта Азия атауларын зерттеуде, терминологиялық және түсіндірме сөздіктер құрастыруда әлі күнге дейін басшылыққа алынады.

Қазақ жалқы есімдерінің, соның ішінде топонимдер мен антропонимдердің этнолингвистикалық қырларына, этномәдени мазмұнына алғашқылардың бірі болып назар аударған ономаст-ғалымдар А.Әбдірахманов пен Т.Жанұзақ болды. Мысалы, қазақ жалқы географиялық атауларын зерттеген А.Әбдірахманов өткен ғасырдың 60-шы жылдары қазақтопонимдерінің төмендегідей этномәдени сипаттарын атап өткен: топонимдерде геоморфологиялық құрылымды, жер бедерін (рельефті) және малшаруашылығына қатысы бар жерлердің айрықша белгілерінің көрсетілуі; өсімдік әлемімен байланысты географиялық атаулардың көп болуы (көшпелі малшыға жайлау таңдауға қатысты); жануар әлеміне байланысты топонимдер (малшыларға сол жердегі жабайы аңдар туралы мәлімет береді); басқа заттарға ұқсатып, олармен салыстыра аталған бейнелік топонимдер және географиялық нысандардың сыртқы белгілерін, ерекшеліктерін көрсететін топонимдердің болуы; белгілі бір оқиғаларға қатысты топонимдер; топырақ түрлерін, жайлау түрлерін ажырататын атаулар; топонимдер құрамындағы анатомиялық терминология; топонимдердегі этнос атаулары – этнонимдер, генонимдер, ру-тайпа аттары; топонимдердегі тұрмыстық заттар атаулары, діни-мифологиялық кейіпкерлер аттары; тарихи оқиғаларға қатысты географиялық атаулар т.б. [1, 126-127 б.].

Қазақ ономастикасындағы зерттеу нәтижелерінің қатарына регионалдық (аймақтық) топонимдік жүйеде сақталған ұлттың материалдық және рухани мәдениеттің тілдік бейнесін зерттеген Қ.Рысбергелен, Б.Тілеубердиев, Ұ.Ержанова, П.Бияров, А.Әлімхан, Ж.Исмаилова т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этномәдени сипатын арнайы зерттеген Ұ.Р.Ержанова жер-су аттарының ұлттық мәні жөнінде былай дейді: «Топонимдердің этнолингвистикалық сипаты – қазақ тіліндегі лексикалық единицалардың табиғатымен байланыста тұтас зерттелетін мәселе. Сондықтан оны жалпы тілдік құрылым жүйесінің дамып қалыптасуынан, тіпті түркі тілдерінің тарихи даму барысынан тыс қарау мүмкін емес. Түркі халықтарының туыстық, тарихи-мәдени байланысы, тығыз қарым-қатынасы ономастика жүйесінде көптеген ортақ белгілердің пайда болуына әсер етті. Сондықтан қазіргі таңда кез келген құбылыстың табиғатын тек оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың, халық дүниетанымына, ел-жер тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлттық менталитетіне тығыз байланыстыра зерттеу кең өріс алуға» [2, 22 б.].

Қ.Рысбергеленнің зерттеуінде қарастырылған топонимдердің этнолингвистикалық сипаты көшпенді тұрмысқа сай материалдық мәдениетін сол аймаққа тән егіншілік кәсібі мен ирригация және рухани дүниесі

шөлейттілік пен діни-мифологиялық танымға қатысты анықталады: *Астау қоба, Астаусай, Сандықтас, Шымылдықсай, Кебежетас, Босаға, Бәйгеқұм, Ақбура, Найманарық, Ақарық, Өрісарық, Кәрітоған, Сұлукесік, Еспеқұм, Төбеқұм, Қызылшағыл, Балқұдық, Үшқұдық, Баранжол*; мифотопонимдер: *Келіншек тау, Ақ бикеш, Ақсақбасы, Шайтанқұм, Қалмақ қырылған, Қатын қамал*; сакральды топонимдер: *Арыстанбап, Үйреката, Қара бура, Қарлығаш* т.б. [3, 64-65 б.].

Жалқы есімдердің этномәдени сипатын немесе идиоэтноикалық семантикасын қалыптастыратын, бейгілдік, яғни экстралингвистикалық тұрғыдан шешуші әсер ететін факторларға Е.Ә.Керімбаев географиялық, этнографиялық және тарихи-элеуметтік факторларды жатқызады [4]. Табиғи немесе географиялық орта халықтың ономастиконына (жалқы есімдер жиынтығына) әсер етуші фактор, себебі халықтың материалдық және рухани мәдениеті сол ортаның ықпалымен қалыптасады және ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне табиғи (географиялық) ортаның ықпалы байқалады. Мәселен, шаруашылықтың белгілі бір типіне (егіншілікке, көшпелі малшаруашылығына, балықшылыққа т.б.) байланысты табиғи ортада ғана сол шаруашылық типі пайда болып, қалыптаса алады.

Қазақ халқының географиялық терминологиясын зерттеген белгілі топонимист-географ Ғ.Қоңқашбаев былай деп жазған: «Қазақстан жерінің кеңдігінен оның табиғаты да әртүрлі, оңтүстігі құмды ыстық шөлдер болса, солтүстігінде орманды далалар, ал оңтүстік-шығысында бір белдеуде созылып жатқан таулар. Осындай табиғи ерекшеліктер шаруашылықты жүргізу үшін әсер етеді. Ертеректе қазақтар тек көшпелі малшаруашылығымен айналысқан, малға жайылым іздеп, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафттық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты меңгерген. Сондықтан қазақ халқының географиялық терминдерінің көбі малшаруашылығымен байланысты (малға пана болатын жайлар, жайылым, су қоймаларына қатысты т.б.). Ал жер өндеуге байланысты терминдер оған қарағанда азырақ» [5, 21 б.].

Халқымыздың рухани мұралары санатына қосуға болатын жер-су атауларының мазмұны мен шығу тегін, дұрыс жазылуы мен басқа тілдерде айтылып, жазылу заңдылықтарын зерттейтін топонимика ғылымының маңызы жыл сайын артып келеді.

Кез келген аумақтағы географиялық атаулардың жиынтығы белгілі бір жүйені құрайды. Топонимиялық жүйе ретінде географиялық атаулардың қалыптасу процесінде және олардың қазіргі тұрақтылығында заңдылық

түрінде қайталанып отыратын ерекшеліктер мен белгілердің жиынтығын атауға болады.

Қазақ топонимдерінің этномәдени сипатын қалыптастырған жер-су, мекен атауларының ұлтымыздың материалдық және рухани мәдениетімен сан алуан түрлі байланыстары бар деп айтуымызға болады. Қазақ географиялық атауларының ұлттық-мәдени коннотациялары көшпелі малшаруашылығынан басқа да, мәселен, отырықшы – қала мәдениетімен, егіншілікпен, аң аулау, қолөнер, дін, әдет-ғұрыптар т.б. рухани және материалдық мәдениет құбылыстары мен негіздері арқылы пайда болып қалыптасқан. Сол себепті идиоэтникалық семантикаға ие қазақ топонимдерінің құрамында түрлі лексика-тақырыптық топтар кездеседі. Осындай жер-су атауларының этносемантикалық түрлерін Павлодар облысы топонимдік материалдары бойынша географ-ғалым Қ.Т.Сапаров былай жіктейді:

- табиғи объектілерді жекелеуші батпақ жерлер – *саз, томар, былқылдақ, батпақ, ми*; топырақ түрлері – *ащы, тұщы, сортаң*, кейбір жайлау түрлері – *Сарыжайлау, Жетіқоңыр*;

- әртүрлі дене бөліктері – анатомиялық терминология (*жал, бұғаз, қабырға, көз*);

- этнос атаулары – этнонимдер, ірі ру атаулары (мыс., қалмақ, қазақ) және кіші ру атаулары (мыс., түркі және моңғол халықтарына тән), генонимдер (мыс., *керей, уақ, матай, байыс*);

- тұрмыс заттары (мыс., *кереге, қазан, шүмек, сандық, қоржын*);

- діни-мифологиялық кейіпкерлер мен бейнелер (мыс., *әулие, баба, ата, шайтан*);

- тарихи және тұрмыстық оқиғалар (мыс., *Қалмақ қырған, Қалмақ құлаған, Ордақонған, Тақиякеткен, Жынды қатын бұлағы*) т.б. [6].

Қ.Т.Сапаров көрсеткен этномәдени сипаттағы қазақ топонимдерінің жіктемесі (классификациясы) идиоэтникалық семантикаға ие топонимдердің барлық түрін қамтиды деп айта алмаймыз. Мәселен, бұл жіктемеге ежелгі қала мәдениетіне, қазақ салт-дәстүрлеріне, ойын-бәйгелеріне т.б. қатысты лексика-тақырыптық топтар енбеген.

1990–2000 жылдар аралығында қазақ жер-су, елді мекен атауларын зерделеу барысында жаңа этнолингвистикалық зерттеу бағыты қолданылды, әлемдік лингвистиканың күн тәртібінде тұрған антропоцентристік парадигмаға бетбұрыс жасалынды. Соның нәтижесінде: «ұлттық ономастиконның бет-бейнесін қалыптастыруға қатысатын тарихи, этномәдени және қоршаған табиғи орта ерекшелігі ұйытқы болатындығы дәлелденді;

- қазақ жер-су атауларын жасауға қатысатын халқымыздың рухани,

мәдени дүниетанымдық жүйесі мен материалдық тұрмыс тіршілігіне байланысты ұғымдар кешенінің ортақ, бірегей екендігі анықталды;

- ежелгі қала мәдениеті, отырықшыл дәстүрі, суармалы шаруашылық ертеден қалыптасқан оңтүстік-шығыс өңірлерінде осы кәсіптерге қатысты қалыптасқан жер-су атаулары мен географиялық апеллативтер репертуары, терминдік жүйесінде өзгешеліктер байқалады».

Топонимдік атаулардың этномәдени сипаты мен мазмұны материалдық және рухани мәдениетпен байланыстылығы арқылы айқындалып зерделенуде. Мәселен, аймақтық топонимикалық зерттеулерде идиоэтникалық семантикаға ие географиялық атаулар дәстүрлі түрде екі топқа жіктеліп қарастырылады: 1) қазақ халқының материалдық мәдениетіне негізделген топонимдер; 2) қазақ халқының рухани мәдениетіне негізделген топонимдер.

Шығыс Қазақстан оңтүстік аймағының топонимдерін зерттеген А.Әлімхан материалдық және рухани мәдениетке негізделген топонимдер деп екі этнолингвистикалық топқа бөледі, ал материалдық мәдениетпен байланысты туындаған жер-су, елді мекен атауларын: 1) кәсіп-шаруашылық мәдениетіне негізделген топонимдер; 2) тұрмыстық мәдениетке негізделген топонимдер деп іштей жіктейді.

А.Әлімхан мал, мал жайылымдары мен орын-жайларын халықтың материалдық байлығына жатқызады: сан ғасырлар барысында дамып келе жатқан малшаруашылығын ұлттың материалдық мәдениеті есебінде бағалауға әбден болады.

Халықтың ішсе – тамағы, кесе – киімі, мінсе – көлігі болған малдың күтімі, жем-шөбі, қора-жайы ұзақ жылдар ағымында қалыптасқан негізгі кәсіп ретінде халықтық тілден орын алатын өзіндік лексикалық қорымен сипатталады.

Материалдық мәдениетке негізделген топонимдердің этномәдени сипатына, идиоэтникалық семантикасына, ақпараттық мәнділігі мен мазмұнына А.Әлімхан мынадай баға береді: «Ақжабағы – Зайсан ауданындағы жер атауы. Атаудың төркінінен көп сыр аңғаруға болады. Бұл топоним ақ және жабағы, яғни жасы бес-алты айдан бір жасқа дейінгі жылқы төлі сөздерінің тіркесінен құралған. Бұндай атауды малшаруашылығы, әсіресе, жылқы өсіру ісі әбден дамыған, қалыптасқан халық қана бере алады. Өйткені осы атаудан көріп отырғанымыздай, бес-алты айлық ересек құлынға жеке атау берген халықта жылқы төлінің жас мөлшеріне қарай тағы басқа аттары бар екендігі кәміл. Ал осыншалықты дәйекті, толық атаулар беру – халықтың сан жылдар барысындағы іс-тәжірибесінің жемісі. Атауды иеленген мекенде ақ жабағыға байланысты бір оқиға болғандығын тани аламыз. Міне, осы мысалдағыдай әр атау халықтың ұзақ жылдар

барысындағы мәдени байлығының тілдегі көрінісі ретінде түзіліп, атауды қалыптастырған халық өмірінен мол ақпарат бере алады» [7].

Осындай этномәдени мәні бар, идиоэтникалық семантикаға ие топонимдер жайлы А.Әлімхан сөзін былай жалғастырады: «... көшпелі малшаруашылығымен ұзақ жылдар бойы айналысып келген ел ата жұрт, туған өлкесіндегі әр атауды малға жайлы-жайсыздығы мен қоныс-тұрақ үшін қолайлы-қолайсыздығы тұрғысынан бағалап, таңбалаған. Мысалы, *Шөптікөл* атауынан көл жағасының малға жайлы, көгі мол екендігі туралы мәлімет алсақ, *Аюлы* атауы өзі таңбалап тұрған мекенде аюлардың көп кездесетіндігін хабарлайды. Ұлттың ең басты материалдық қазынасы болып саналатын жері мен табиғи байлықтары – өсімдіктер, хайуанаттар әлемі, қазба байлықтарына қатысты сөздердің қатысуымен жасалған атаулар ұлттық топонимияның негізгі базасын құрайды және олар халықтың тұрмыс-тіршілігі үшін, негізгі малшаруашылығы үшін «ақпараттық» қызметімен ықпалын тигізеді».

А.Е.Жартыбаев мекен-тұраққа қатысты топонимдеріне мынадай этнолингвистикалық сипаттама береді: «Қазіргі қазақ топонимдер құрамында мекен-тұраққа қатысты төмендегідей апеллативтер ұшырасады: *үңгір, кепе, күрке, шайла, шатыр, там, қыстақ, қыстау, үй, қорған, сарай, ауыл, қала, астана, орда, ел орда* т.б. Бұлардан басқа көршілес шет тілдерінен енген «шалаш», «кент», «шахар», «село», «махалла», «деревня», «хутор», «поселок», «кышлак» т.б., көне түркілі «курен», «балық», көне қазақ тіліне тән «қотан», «көң», «ошак», «тұрақ», «түтін», «түндік», «шаңырақ» апеллативтері де 2 топонимдерде сақталып қалған. Алайда бұл апеллативтердің басым тобы қазіргі кезде күнделікті тілдік қарым-қатынасқа түспейді, ал басқа тілдерден алмасқандары тілімізге ажырамастай сіңісіп кеткен. Көне түркілік, көне қазақ тіліне тән апеллативтердің тілдік қолданыстан шығып қалуы – қоғамдық формацияның, ұлттық таным мен тұрмыс-салттың ішкі және сыртқы факторлар нәтижесінде өзгеріске ұшырауы салдарынан, алайда олардың Орталық Қазақстан топонимдерінде таңбаланып, сақталып қалғандары да ұшырасады» [8].

Оңтүстік Қазақстан этномәдени сипаты бар топонимдер қатарындағы қала аттары жайында зерттеуші Б.М.Тілеубердиев былай дейді: «Көне замандағы, орта ғасырдағы және бертіндегі қала атаулары байырғы қытай жылнамаларында, орта ғасырдағы араб географтар шығармаларында, парсы, түркі тілдерінде жазылған деректерде, Батыс Еуропа және орыс саяхатшыларының жазбаларында кездеседі. Бұл аталған еңбектерде аса қызғылықты, тарихи-лингвистикалық ортақтықты айқындауға мүмкіндік беретін тарихи-этнографиялық ақпараты мол сөздер (терминдер) бар» [9].

Сондай терминдерге *балық, кент, рабат, қорған, төрткүл, сарай* сөздері жатады. Көрсетілген терминдердің идиоэтникалық семантикасында

мол этномазмұнды сипаты бар ақпараттар сақталғаны мәлім. Көріп отырғанымыздай, жер-су аттары (топонимдер) құрамындағы апеллятивтер мен топонимдерде идиоэтникалық сипаты бар мол ақпарат шоғырланған. Осы тұжырымды кез келген тілдің жалқы есімдерінің басқа да түрлеріне қатысты айтуға болады. «Әр ұлттың тіліндегі жалқы есімдерден сол ұлттың өзіндік дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық мәдениетіне, төл тарихына қатысты түрлі ақпараттар алуға болады. Ұлт тілінің сөздік құрамы мен сөздік қорының айрықша бір бөлігін құрайтын жалқы есімдер көп жағдайда ұлттың өзіне ғана тән, өзге халықтардың тілінде кездесе бермейтін айрықша ақпараттарды сақтайтын негізгі қайнар көздің бірі болып табылады».

Этномәдени сипаты мен мазмұны бар қазақ географиялық есімдері ұлтымыздың материалдық және рухани мәдениетімен байланыстылығы арқылы айқындалады. Жалпы айтқанда, топонимиялық жүйеде материалдық және рухани мәдениет өзіндік тілдік көріністерін береді және де этномәдени компоненттері бар топонимдер материалдық және рухани мәдениет ықпалы аясында пайда болып қалыптасады.

Қорыта айтқанда, топоним табиғатын ашуда объект ерекшелігін білдіретін географиялық терминдерді талдау атау беруші халықтың тұрмыс-салты, тарихы, орналасқан жері, мәдениетінен өте маңызды дерек береді деп айта аламыз.

Көшпелі малшаруашылығымен айналысқан, табиғи орта нысандарын көзбен бағдарлап, көру арқылы қабылдаған, олардың түсін, түрін, пішінін, көлемін көзбен көретін және де басқа ерекшеліктерін жіті ажырататын қазақтардың ұлттық топонимиясында түр-түске байланысты қойылған топонимдердің мол болуы – заңды құбылыс. «Орыс Гумбольдты» атанған XIX ғасырдың орыс саяхатшысы П.А.Чихачев қазақтардың көру және есту қасиеттері жөнінде былай деп жазған екен: «Қазақтарға тән өзгеше қасиеттердің ішінен есту мен көргенін жадында сақтау қабілеттерінің айрықша екенін атау керек. Рас, көшпенді халықтардың бәрі мұндай қабілетпен ерекшеленеді. Бұған көптеген дәлелдерді Шығыс елдерін толассыз шарлаған кезімде алтайлықтардан, тувалықтардан және де басқа сібір халықтарынан ғана емес, арабтардан да, күрдтерден де және түріктерден де байқадым. Бірақ та бұл халықтардың ішінен аса қабілеттерінің шектен тыс дәрежеде дамуымен мені қазақтардай таң қалдырғаны есімде қалмапты. Қазақтарды бақылағандардың барлығы да олардың бұл ерекшелігіне таңқалған».

Қазақ тілінің орасан мол ономастикалық қорында ұлттық материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері сақталған. Қазақ тілінің ономастикалық жүйесі халқымыздың ғасырлар қойнауында жатқан

тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, бүкіл болмысымен тығыз байланыста қалыптасқан және дамыған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Телгожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004. – 128 б.
2. Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.06 – Алматы, 1998. – 24 б.
3. Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – Алматы, Ғылым, 2000. – 153 с.
4. Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф. ... докт. филол. наук.: 10.02.06 – Алматы, 1992. – 61 с.
5. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины: автореф. ... канд. географ. наук – Алма-Ата, 1949. – 23 с.
6. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). – Павлодар: «ЭКО» ГӨФ, 2007. – 308 б.
7. Әлімхан А. Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағы топонимдерінің тілдік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2001. – 129 б.
8. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф.: 10.02.06 – Алматы, 2006. – 44 б.
9. Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы. – Алматы: «Шапағат-Нұр», 1999. – 120 б.

ОРАЗБАЕВА Э.Б. ИССЛЕДОВАНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ОСНОВ РЕГИОНАЛЬНОЙ ТОПОНИМИИ

Статья посвящена исследованию этнокультурных основ региональных топонимов. Казахские топонимы подчеркивают материальную и духовную культуру нации, характеризуются этнолингвистическими свойствами. В основе казахской топонимии лежит этнокогнитивная информация.

Ключевые слова: антропоцентричное направление, ономастика, топоним, духовная культура, идиоэтническая семантика, национально-культурные коннотации, этнокультура, этнопознание, этнолингвистическое свойство.

ORAZBAYEVA E.B. RESEARCH OF ETHNO CULTURAL FOUNDATIONS OF REGIONAL NAMES

The article researches the ethnic and cultural foundations of regional names. Kazakh placenames shows the material and spiritual culture of the nation, characterized by ethnolinguistic property. The Kazakh toponyms collected ethno cognitive information.

Keywords: anthropocentric direction, onomastics, toponym, spiritual culture, idioetnicheskaya semanitka, national and cultural connotations, ethnoculture, etnopoiznanie, ethnolinguistic.

ӘОЖ 821.512.122.09

**А.СОПЫБЕКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
МІНЕЗІН АШУЫНДАҒЫ ШЕБЕРЛІГІ**

ҮСЕНБАЕВА С.С.

Мақалада ақынның балаларға арналған шығармашылығы қарастырылған. Автор Сопыбеков поэзиясындағы алғашқы туындыларынан бастап соңғы жылдарға дейінгі өлеңдеріндегі балаларға тән мінез ерекшеліктерді зерттейді. Ғылыми жұмыста ақынның балалар, аға ұрпақ пен табиғаттың бейнелерін ашуы көрсетілген.

Сопыбеков поэзиясының тәрбиелік маңызы да ашылады. Зерттеуші ақынның өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді: ол балалар өмірінде қатысушылардың қарым-қатынастары айқын ашылатын жиі кездесетін жағдайларына жүгінеді. Ғылыми жұмыста ақын өлеңдері оқырмандарына оңай есте қалатыны атап өтілген. Ақын лирикасын зерттеушілер оның ерекшелігінің бірі әзіл болып табылатындығын көрсетеді.

Бұл еңбекте ақын лирикасы кішкентай оқырмандарды азаматтық қалыптасуына жәрдемдесетіні белгіленген, сонымен қатар Сопыбековтың поэзиясы үлкендерді құрметтеу, кішіге қамқорлық, қоршаған ортаны қорғау сезімдерін, туған өлкесіне, отанын сүюге тәрбиелейтіні көрсетілген.

Кілт сөздер: *балалар әдебиеті, шығармашылық әлемі, классик ақын, балалар ақындарының антологиясы, бастауыш сынып, вариативтік компонент, таңдау пәні, авторлық бағдарлама.*

Қаратаудың етегінде туып, өсіп, барша мағыналы ғұмырын, табиғат дарытқан ақындығын туған еліне сыйлаған балалар ақыны бұл күндері балалар әдебиетінің абызы атанды. Ақынның балаларға арнаған еңбектерін оқи отырып, қазақи сұлу мінезімізді сәби бойына қалыптастырған ықпалын терең тануға болады.

Адырбек ағаның 2011 жылы «Білім» баспасынан көлемі он баспа табақпен «Шешілген жұмбақ» атты кітап шықты. Онда балаларға арналған өлеңдер, мысалдар, ертегілер мен жұмбақ, жаңылтпаштар жинақталды. Соңғы бір-екі жылдың көлемінде тек балаларға арналған туындылармен қатар былтыр «Арна» баспасынан «Желкілдек батыр» деген атпен тарихи туынды жарық көрді. Мұнымен қоса, «Академик Сартаев» атты кітап «Дәуір» баспасынан он алты баспа табақпен шыққан болатын. Алдағы жылы бүлдіршіндерге жаңа туындылар «Біз өмірдің гүліміз» деген атпен шығармалар жинағы баспаға дайын тұрғаны «Үлкендерше ойлап, балаларша жазу керек» атты «Қазақ» газетіне берілген ақынның сұхбатында айтылған еді [1].

«Балалар бағының бағбандары» атты анықтамалық кітапта «Мен қалай балалар ақыны болдым?» деген әңгімесінде ақынның алғашқы өлеңі 3-сынып оқып жүргенде жазып, шығармашылыққа келгенін тамаша баяндап берген.

Жақсы ғой біздің анамыз,

Айтқан тілін аламыз.

Байқамай үйдің әйнегін,

Сындырып қойды балаңыз,

Сөйтіп, осы бір шумақ өлеңі таяқ жеуден аман алып қалдығын еске алады. Бұл ақынның тұңғыш рет жазған «Сынған әйнек» деген өлеңі болатын.

Он жылдықты бітірген соң, ауылдағы өзі оқыған, қазіргі № 54-ші Жүсіп Қыдыров атындағы орта мектепте аға пионер вожатый болып істейді. Сол кездері кейбір бала отырған партасын шимайлап, бетіне атын жазатын. Соны өлең етіп, «Сапар мен парта» деген мысал өлең жазады. Сол өлеңге тағы бір-екі өлең қосып, республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетіне жібереді. Балалар ақыны Жақан Смақовтан келген хатында «Сапар мен партаны» ұнатқанын айтады. Көп ұзамай әлгі өлең жан-жағына партаны ойып атын жазып отырған баланы салып, «Қазақстан пионері» газетіне шығады. Бұл, республикалық баспасөзде жарық көрген тұңғыш өлеңі еді.

1961 жылдың көктемі. Мемлекеттік емтиханға дайындалып жүргенде университеттің акт залында Қазақстан жазушылар одағының балалар әдебиетіне арналған бір жиыны өтіп жатыр екен. Ақын Адырбек аға да кіріп отырады. Мінбеде сол кездегі Қазақ ССР оқу министрі, белгілі ғалым, жазушы Әди Шәріпов:» Балаларға жазылған танымдық өлеңдердің бірі – Адырбек Сопыбековтың «Қоразға» деген өлеңі. Онда:

Оятпа, қораз, сен бізді,

Өзім де сездім, таң атты.

Сенсіз-ақ білем мезгілді,

Үйреніп алдым сағатты -

деп әдемі келтірген. Балаларға арналған өлең осындай болуы керек», – дегені. Жанында отырған белгілі ақын Сағи Жиенбаев пен балалар жазушысы Машқар Гумеров ақынның қолын алып құттықтайды. Сол жылы «Қоразға» деген жалғыз шумақ өлеңі 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына шықты. Содан бастап: «Е-е, мен балалар ақыны бола алады екенмін ғой,» – деп ойлап, балаларға арнап өлең жаза бастағаны айтылған[2,241].

Одан кейін жазған өлеңдері республикалық, облыстық басылымдарда жарық көріп жүрді. Сол себепті шығармашылыққа деген қызығушылығы одан сайын арта түсті. Орта мектепті тәмамдаған соң қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де филология факультетіне оқуға түсті. Облыстық «Сыр бойы», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінде журналист

болып көп жыл қызмет атқарды. ...«Дүниеге адам болып келген соң еңбек ету керек. Барлығы еңбекпен келеді» – дейді ақын аға.

«Балаларға шығарма қызықты болу үшін ең алдымен балалардың көңілінен шығатын тақырыпқа қалам тербеген дұрыс. Қысқасын айтқанда, үлкендерше ойланып, балаларша жазу керек. Сонда ғана шығарма балалар аудиториясына өтімді болады. Түсінікті тіл, қысқаша мазмұнға мән берген дұрыс. Байқасаңыз, балалардың дені компьютерлік ойынға, ғаламторға қызығады. Оларға ертегі айта қойсаң, тыңдағысы жоқ. Сондықтан баланың санасына кішкентайынан кітап оқуды, ертегі, жұмбақ жаттауды сіңіргеніміз жөн» – деген өз пікірін айтады ақын [1].

Ақын Бақтыбай Айнабековтің «Рухани қазына періште мінезді балалар ақыны» мақаласында «Зерттесең әрбір жазылған өлең бір-бір естелік, тіпті тарихи ерекше уақиға болуы да мүмкін. Осыдан он шақты жыл бұрын, белгілі ақын Жүсіп Қыдыровтың 60 жылдығын өткізгелі Алматыдан бір топ жазушылар ақынның туған ауылы «Талап» кеңшарына барғанда Мемлекеттік сыйлықтың иегері, сол кезде Жазушылар Одағының екінші хатшысы Темірхан Медетбековтің Адырбек жасаған баяндамадан соң: «Жүсіп туралы біз де бірдене айтамыз ба деп келіп едік, Адырбек ағамыз мына баяндамасымен комбайын сияқты алдымызды әдемілеп түгел орып кетті, енді бізге масақ теруден басқа шаруа қалмаған сияқты...» – деген жүрегінен шыққан әдемі де нақтылы бағасына бәріміз де қосылып едік...

...Зілі жоқ әзілдерін де қалдырмайды. Бұл оның ешкімге ұқсамайтын көркем мінезі. Мұндай ақынның өлеңі де өз мінезінен ұзап кетпейді ғой. Өлеңдері де сұп-сұлу періште бала мінезді...

«...Көзілдірік болды ем,
Көзі жақсы көреді.
Енді маған бұл әжем
Қолғап тоқып береді...» («Көзілдірік»)
Хх хх
Суретін мен бір адамның,
Салайын деп қалам алдым.
Дөңгелентіп басын салдым,
Екі сызып қасын салдым.
Міне, мынау мұрын болды,
Құлақ одан бұрын болды.
Аузын сап ем жаңа енді,
Күлімсіреп шыға келді.
Ең соңында көзін болдым,

Айнымаған өзім болдым... («Сурет салдым»). Балаларға арнаған өлеңдерінің бәрі осындай. Шаршамай, ықыласпен сүйсініп оқи бересің» дейді[3].

Ақын Бақтыбай Айнабеков ақын ағамыздың айтқанындай туған еліне қызмет етіп жүрген көзі тірі классик ақын халқының арасынан шыққан ғалымын да, ақыны мен жазушысын да, жыршысы мен сазгерін де бөліп жармай шығармашылығын зерттеп, насихаттаушы. Әбжан Құрышжановтың туған жерінде өткізілген 80 жылдық мерейтойына арналған ғылыми танымдық конференцияда ғалымның «Өмір өрнектері» поэзия жанрында жазылған еңбектеріне жасаған баяндамасы бір ескерткіш.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінде соғыс сұрапылын бастан кешіп келген қаламгер шоғырының бірі – Мұзафар Әлімбаев мұнан қырық жыл бұрын «Абайдан бастап Адырбекке дейінгі балалар ақындарының антологиясын жасау керек» деген болатын жазушылар пленумында.

Құлыбек Ергөбек «Жыл мен жыр» еңбегінде «Балалар өлеңінің жүгі ауыр... А. Сопыбеков, Е.Ерботин өлеңдері бала мінезін жазады.

Юмор – балалар поэзиясының жаны. Көңілді өлең бала бойына сіңімді келеді. Күле отырып, күлдіре отырып бүлдіршін жанына ізгілік егуге, жаман қылықтан жирендіруге болады. Белгілі балалар ақыны А.Сопыбеков, Е.Елубаев, С.Оспанов жинақтарының бағасын арттыратын қасиет юморлық өлеңдерінде. Ақындар бөбектерді «күлкі витаминімен» /С.Михалков/ тәрбиелеуді ойлайды. ... Күлкі ұтымды жауап пен келеңсіз әрекеттен туындайды. Ал, Адырбектің «Тілалғыш» аталатын өлеңінде де осы екі тәсілдің әдемі қоспасы бар. Ақын Нұра деген баланы тілалғыш деп отырып та, оның теріс әрекетін әшкерелеп, күлкі тудыратын өлең жазған.

Дүкенде бүгін, жақсы аға,

Жоқ екен бөлке, – деп келді.

Нан әкел деген ақшаға,

Шоколад алып жеп келді, – дейді ақын.

Расында, бала мінезі мен ісінен туындайтын әдемі күлкі. Оның «Өзі ойнап кетеді», «Қорықпайды түнде де», «Қарға бала» секілді өлеңдері юморлық поэзияның тәуір жемісіне баларлық. Аталмыш өлеңдерге өмірлік шындық тұрғысынан қарар болсақ, оқушы жазда шыбық еге ме? – деп сұраулы көзбен қарауы мүмкін»[4,189 бет]. Сонымен қатар, «... Кезінде балалар әдебиетінің білгірі К.И.Чуковский балаларға арналған өлеңнің суретті болуын талап еткен. «Тұтас бір бет өлең жазып, – дейді ол, – жалғыз ғана суреттің қажет екеніне көзің жетсе, ол өлеңді жарамсыз деп тап та, белінен бір-ақ тарт». Бұл әрине, бүлдіршіндерге арналар өлеңнің жанды сурет, тірі қимыл, сан алуан бояуға толы болуын талап еткен пікір.

Бүлдіршіндердің көзге елестету арқылы қабылдайтынын ескерсек, бұл өте орынды талап. А.Сопыбеков, А.Сәрсеков, Ә.Нарымбетовтың бірсыпыра өлеңдерінің ерекшелігі – суреттілігінде» – деген бағасымен танысуға болады [4,190 бет].

Құлыбек Ергөбек аға «Сөз – балаларға арналған өлеңдер жайында, жақсы өлең жазудың құпиясы мол. Шеберлік сабағы ретінде көрінетін бір мәселеге жол-жөнекей тоқтап өтейік. Ол – сөз ойнату. Белгілі бір лексиконды қайталай, сөз ойната отырып өлең жазу – қазақ балалар әдебиеті дәстүріне кеңінен ене қойған жоқ. Әйтсе де, ара-тұра кездеседі. Жылдың бірсыпыра жинағынан осы талапты көріп, қуандық. Бұл мәселеде Адырбек пен Есентай үздік көрінді. А.Сопыбеков «Қайшы» деп аталатын өлеңінде:

Апам алса қайшыны,
Отырамын күлімдеп.
Әжем алса қайшыны,
Қоя берем дірілдеп.

Апам алса қайшыны,
Көйлек піше бастайды.
Әжем алса қайшыны
Шашымды қырқып тастайды.

«Көйлек піше бастайды», «Шашымды қырқып тастайды» секілді жеке жолдардан өзге лексикондық қор қайталанады. Автор «күлімдеп», «дірілдеп» етістіктерімен-ақ бала мінез-қылығын, көңіл күйін сәтті жеткізіп, жырлап беріп отыр. Қайталау арқылы жазылған жақсы өлеңнің бір үлгісі осындай» деген өз пікірін білдірген[4,192 бет].

Ақынның «Шешілген жұмбақ» (Өлеңдер мен мысалдар, ертегі мен жұмбақтар, аңыздар және поэмалар) енген жинақтың бірінші бөліміне енген өлеңдерге тоқталайық. Алғашқы «Біз бақытты баламыз» өлеңді оқи отырып Отан отбасынан басталады деген ұғымды кеңінен ашқанын байқауға болады. Өлең жолдарында қамқорлыққа бөленген баланы айналасына кең тыныспен қаратады. Елінің байлығына, әсем қаласына мақтаныш сезімін оятады. Білім алып жарқын болашаққа ұмтылған бала өмірін көңілді, тату-тәтті отбасының арқасында бақытты тұратынын жеткізген. «Біздің отбасымыз» өлеңі де танымдық ерекшеліктерді атап өтуге болады. Әжесі ұршық иірсе, анасы күбі пісіп, атасы домбыра шертіп болып, ертегі айта бастаса, жеңгесі қазан қайнатып, дихан ағасы егіннен оралды, інісі сурет салып, қарындасы кесте тоқып отыр.

Көңілді ылғи үйіміз,
Мереке де осы үйде.
Бас қосамыз жиі біз,

Береке де осы үйде!
деп барлық мереке мен берекені тату-тәтті отбасының ынтымақ бірлігін
насихаттауын байқаймыз.

Туған өлкенің табиғатына еріксіз тәнті ететін «Жүйткіп пойыз келеді»
өлеңі туған жердің байлығын тамашалауға шақырып қана қоймай асқар тауы,
сап-сары алтын бидайы, қырат баурайды қаптаған мал, мөлдір көлді бәрін
көрсетіп, жүйткіп келе жатқан пойыздан қараған сәттегі шексіз
сүйіспеншілік пен махаббат жас балаларды дәл осылай елін тамашалауға
шақырып тұрғандай. Бұл өлеңнің өн бойында өз Отанының әр тасы, суы,
шөбі соншалықты жүрекке жақын жырланады. Жас өспірімнің өзінің еліне
деген мақтаныш сезімін де тудырады. Ұстаздардың балаларға отансүйгіштік
қасиеттерге тәрбиелеуге, сонымен қатар оқушы ақын өлеңін оқып болып,
шығармашылық ойын жалғастыру, өз әлемін өзінше бейнелеуге болатын
тұстарын да байқауымызға болады. Өйткені пойыздың әйнегіне үңілген
баланың көз алдындағы сұлулық бала қиялымен ұштасқанда әсері күшейе
түсері анық. Осы көріністерді балалардан ауызша сұрағанда жеткізу үшін де
асығып-аптығып жатады. Ал қағазға сөз өнерімен өрнектеуге мүмкіндік
берсек қалай болар еді? Мысалы:

Туған өлкем бай неткен,
Көсіліп жатқан көлемі.
Отырмын қарап әйнектен,
Жүйткіп поезд келеді.

Тұрғандай дауыл теңселтіп,
Не деген мөлдір көл еді.
Бәрін де маған көрсетіп,
Жүйткіп поезд келеді.

Ендігі бір топ өлеңдер үлкенге құрмет, кішіге ізет яғни кішіге үлкендік
қамқорлықты көрсете білуге тәрбиелесе «Қоларба» өлеңінде өзі мінуге сай
келмейтін қоларбаға ойлана келе Гүлнәр деген балақайды мінгізіп, сүйретіп,
жұбатып, қуантуды ойлайды. Ақынның «Көзілдірік» өлеңін балалардың
үлкендер арасындағы қарым-қатынасы да анық көрінетін тұстары бар. Бала
үлкендер көмегіне зәру екендігі де байқалады. Мысалы:

Көзілдірік ап келдім,
Әжем қалды қуанып.
– Сенің қалам, дәптерің,
Көрінді, –деп, –бәрі анық.

Кез-келген заттың қадірін білуге тәрбиелейтін танымдық туынды. Осы
өлеңнің ізімен балалар да адамға қажетті заттардың маңыздылығын ұғынып,
оған да ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеуге болатын туынды. Осы өлең

ізімен тағы да басқа заттардың атын ұсыну арқылы шығармашылық қабілеттерін сынап көруге болады. Өйткені көзілдіріктің соншалықты пайдасы мен қадір қасиеттерін түсінген бала ешқашан өз заттарына салғырт қарамасы анық. Тіпті осы өлеңдегі ретімен баяндалған әжесінің іс әрекетіне қарап отырып балаларға да өлең шығару бағыты ұсынылған десек қателеспеген болар едік. Әжесі көзілдірікке қолы жеткен бойда баласының қалам, дәптерлеріне көңіл аудара бастады. Түймесін қадап берді. Газет оқыды. Инесін өзі сабақтап алды. Енді қолғап тоқып беретінін біліп қуанады.

Ақынның балаларға танымдық мақсатта жазылған көп өлеңдері анық көрініп тұрады. «Төлдер мінезі» өлеңдерінде «Қозы», «Бота», «Құлын», «Бұзау» өлең шумақтары қысқа болса да, соншалықты қарапайымдылық пен шынайылық басым. Төрт түліктің төлдерінің сүйкімділігін адам баласы өз балаларының көздері мен қылықтарынан ұқсастық табатын сияқты. қозы анасын «мә-мә» деп іздегені, байлап қойған бота еңкілдеп жан-жүйенді қозғап, көзі мөлтілдеп, кешке дейін боздауы, айналып шауып, енесін іздеп кісінеген құлын, енесін емем деп іздеп елендеген бұзаудың ойнақтап кетіп қалғанын тамаша жеткізе білген. Әр төлдің дыбыстауымен танысқан балалар суреттен де, өмірде де қателеспей танып алады.

Ендігі «Таныстыру» өлеңдерінде қазақ халқы төрт түлікті «Мал-жан аман ба?» деп күнделікті амандасуды салтқа айналдырған. Өйткені мінсе көлігі, кесе киімі, ішсе сусыны, жесе тамағы болған төрт түліктің бүкіл болмысымен таныс болары анық. Өткені өлеңдерде әр түлік өздерінің ерекше қасиеттерін тізбектей келіп таныстырып отырады.

«Күнбағар» өлеңінде өсімдіктің толық сипатын береді. Күнді қалай бақылап, түнде ұйықтап, басына сап-сары бөркін кейгізе суреттеуі ақын өлеңіндегі кейіптеу – әр түрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл баланың бойына тамаша суретпен әсер ете отырып қаншама мәлімет беріп отыр.

Ежелден көшпелі қазақ халқының баспанасы болған киіз үйдің бөлшектерінің атауларымен аталған өлең шумақтарының да өзіндік ерекшелігі бар. «Шаңырақ» өлеңінде отаудың киесі, биік тұрған Шаңырақты

Елтаңбасы – Шаңырақ,

Болды елімнің белгісі.

шаңырақтың мәнісін ұғындырса, «Кереге өлеңінде»

Мықты болса іргеміз,

Бәріміз де біргеміз,

Сонда құт пен береке – деп жырлап, кереге керілмесе үй орнығып тұрмайтынын түсіндіреді.

«Уықтар» өлеңінде

Уықты жұрт біледі
Шаңырақтың тірегі
Кереге мен араны,
Тұтастырып тұрмаса,
Үзік әсем қона ма?
Үйдің сәні бола ма? [5,11 бет]

деген нақты сипаттама берген.

«Босаға» өлеңі де тек танымдық қана сипат алмайды, сонымен қатар тәрбиелік мәні қатар қойыла айтылған насихаты бар. Шаңырақ көтеріп, отау тіккен жас жұбайлардың алғашқы қадам жасағаннан сыйластығы, еңбекшілдігі т.б. үйлесім табатын қасиеттерге тәрбиелейді. Сонда босаға арқылы тербетілер бесік те, бақыт пенен несіп те енетінін айтады.

«Үй мүліктері» өлеңінде ата-әжелерімізден мұраға айналған үй мүліктері: ағаш төсек, әбдіре, жүкаяқ, түкті кілем, тұскиіз, түрлі-түсті алаша, ожау, қымыз торсық, тегене, қоржын, аяқ қап, адалбақанды атап көрсете келе, үйге түсіп айран, қымыз ұсынып, көрпе, жастық, құс төсегі дайын тұрған қонақжай халықтың салтын да қалыс қалдырмайды. Бүгінгі оқушы аталған үй мүліктерінің барлығын өз бетімен ізденіп оқып тануға тырысары анық.

«Шешілген жұмбақ» өлеңі бала санасына көмірден қаншама заттар алынатынына қызықтырады. «Жылдың төрт мезгілі» өлеңдеріндегі көркем суреттер де бала қиялын дамытады. Жыл мезгілдеріндегі өзгерістердің себебін де анықтауға жәрдем береді.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» өлеңінде
Білесің бе балалар,
Мансұр деген бала бар?
«Сегіз қырлы, бір сырлы»,
Дейді бәрі Мансұрды[5,34 бет]

деп жігітке жеті өнер де аз болатынын ескертіп, «Мансұр – суретші», «Мансұр – боксер», «Мансұр – домбырашы», «Мансұр – жүйрік», «Мансұр – әнші», «Мансұр – шахматшы», «Мансұр – жүзгіш» атты өлеңдері арқылы қазақтың бойындағы алғыр, икемділік қасиеттерді дамытуға үлес қосады, баланың жан-жақты дамуы үшін іздену керектігін, уақытын текке өткізбей барлық өнерге қызығушылық болса, тамаша жетістіктері де болатынын ұғындырады.

Тарихын ту еткен ақын туған жерінің батырын ел мен туған жерді қорғауда асқан ерлігін үлгі еткен. Желкілдек батыр – Абылай ханның қол бастаған батырларының бірі болған.

Ақын Адырбек Сопыбеков «Желкілдек батыр» атты тарихи поэмасы Абылай хан Қоқан хандығына шабуыл жасаған тарихи деректемелерді негізге ала отырып көркем кестелейді[6].

Ақынның поэзия әлемі қазақ балалар әдебиетінен алатын орыны – ұрпақ тәрбиесіндегі қалтқысыз еңбегінің ерекшелігі. Дана әрі дара қаламгердің әр бір кітабын балабақша мен бастауыш сынып ұстаздары үшін үлкен көмекші құрал. Бастауыш сыныптап бастап оқушыларға вариативтік компоненттен таңдау бойынша авторлық бағдарлама дайындап, «Адырбектану» пәнін ұйымдастыру арқылы туған елінің ақыны, жазушысы, ғалымы, батырын танытуға болады. Сонымен қатар, тарихи танымдық поэмаларын жаттап өскен балалардың рухани дүниесі бай болады. Сондықтан ақынның қиналмай еркін жатталатын өлеңдерінен «Адырбек оқулары» байқауын ұйымдастырсақ, балалардың азамат болып қалыптасуына «Өлеңдері де сұп-сұлу періште бала мінезді» деп ақын Бақтыбай Айнабековтің айтқанындай баланың бойына жақсы мінезді дарытқан болар едік. Ұрпақ сабақтастығына өз үлесін қоса білген балалар әдебиетінің абызы Адырбек ағамыздың 80 жасқа толу мерейтойы қарсаңында ағамыздың шығармашылығы бала тәрбиелеуде елеулі үлес қосар биік белестерге шақырып тұрған тәрбиеші ұстаз екенін шығармаларын оқу арқылы көз жеткізу қиын емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Нажмадин Үлкендерше ойлап, балаларша жазу керек.: А.Сопыбековпен сұхбат // <http://halyk-gazeti.kz/> «Халық» республикалық қоғамдық саяси тәуелсіз апталық газеті 19.12.2013.
2. Балалар бағының бағбандары (анықтамалық) / Құрастырған: Шәкен Күмісбайұлы – Балалар әдебиеті, 2008. – 300 бет.
3. Айнабеков Б. Періште мінезді балалар ақыны: Адырбек Сопыбековпен болған үш күн //Қазақ елі. –2011. – 21 сәуір. – 4 - 5 б.
4. Құлыбек Ергөбек Арыстар мен ағыстар (Қазақ балалар әдебиеті мәселелері) – Өркениет, 2003 –368 б.
5. Адырбек Сопыбеков Шешілген жұмбақ (Өлеңдер мен мысалдар, ертегі мен жұмбақтар, аңыздар және поэмалар) – Алматы: Білім, 2011. –160 бет
6. Адырбек Сопыбеков Желкілдек батыр: тарихи поэма – Алматы: Агпа-б, 2012. –200 бет.

УСЕНБАЕВА С.С. МАСТЕРСТВО РАСКРЫТИЯ ХАРАКТЕРОВ ДЕТЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ А.СОПЫБЕКОВА

В статье рассматривается творчество А. Сопыбекова, посвящённое детям. Автор исследует особенности детского характера в произведениях А.Сопыбекова, начиная с раннего периода и до последних лет. Образы детей раскрываются в их взаимодействии со старшим поколением и природой.

Также подчеркивается воспитательное значение поэзии А.Сопыбекова. В статье выявлены характерные особенности поэта: он обращается к таким ситуациям в жизни детей, в которых ярко отражаются отношения участников к той или иной обстановке. В статье подчёркивается, что стихи поэта легко

запоминаются читателями. Отмечается также, что в лирике поэта присутствует юмор.

В статье показано, что лирика поэта содействует гражданскому становлению маленьких читателей, она воспитывает в них чувство уважения к старшим, заботы о младших, охраны окружающей среды, любви к родному краю, Родине.

Ключевые слова: детская литература, мир творчества, поэт-классик, антология поэтов детской литературы, начальные классы, вариативный компонент, предметы по выбору, авторская программа.

USENBAYEVA S.S. SKILLS OF EXPRESSING THE CHILDREN CHARACTERS IN WORKS OF A.SOPYBEKOV

The article discusses the Poet's works dedicated to children. The author examines the peculiarities of the child's character from works of A.Sopybekov from an early period until the recent years. The paper shows the disclosure of images of children, the older generation and nature.

Also the educational value is emphasized in A.Sopybekov's poetry. The researcher points out the characteristics of the poet: he refers to the most common situations in the lives of children, which clearly reflects the attitude of the participants in a particular situation. The article emphasizes that the poet's poems are easy to remember for readers. The researcher points out that the lyrics has the sense of humor.

The work shows that the lyrics of the poetry promotes the formation of civil formation of young readers, it brings up them to respect the elders, care for youngsters, environment, love for the native land, Motherland.

Keywords: children's literature, art land, poet-classic, poets' anthology of children's literature, lower grades, variative elements, selectively lessons, author's program.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

ӘОЖ 372.8:75/76

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

ТӘҢІРБЕРГЕНОВ М. Ж.

Жоғары қойылған міндеттерді тиімді шешу жолдарының бірі – бейнелеу өнері сабақтарында қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды пайдалану әдістемесі қарастырылған.

Кілт сөздер: *мәдени-адамгершілік, кәсіби дамуы, инновациялық педагогикалық технологиялар, гармониялық даму, кеңістіктікте ойлау, бейнелеу өнеріндегі интеграция, балалар шығармашылығы, психологиялық ерекшеліктер, көркем қабілет.*

5-6 сынып оқушыларын бейнелеу өнеріне оқытуда педагог сандық және сапалық жас ерекшелік этаптарының арасындағы айырмашылықты ескеру қажет. «Әрбір мектеп жасының – кіші, орта және жоғарғы – бір-бірінен сапалы өзіндік құрылымдарымен ерекшеленеді, – деп жазады психолог Л.И.Божович, – ал бір этаптан екінші этапқа көшу эволюциялық процесс емес, жаңа сапаның диалектикалық серпуінің көрінісі болады» [1].

Ауыспалылық мәселесін шешуде (бейнелеу өнері сабағында), әсіресе кешегі бастауыш сынып оқушысын 5 сыныпқа бейімделу кезеңінде қажетті жайттар:

- 10-12 жасар, дамудың жасөспірім кезеңіне ауысқалы тұрған балалардың психологиялық ерекшеліктерін, 5 сыныпқа көшкен баланың танымдық қызмет деңгейін ескеру;

- бастапқы және негізгі сатыдағы бейнелеу өнері сабағының мақсаттары мен міндеттерін анықтай білу;

- бейнелеу өнерін оқытудың ұйымдастыру формасының ерекшеліктері, оқу диалогының дамуын, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас стилінің ерекшеліктерін білу.

И.В.Солодухин, – «мұғалім ерекше шығармашылық «жат бола бастау» сәттеріне мұқият болу қажет, бала өзінде бар бейнелі салмақтан өсіп отыр, оған жаңа кәсіби дағдылар мен өмір туралы жаңа ақпараттар қажет», деп көрсеткен[2]. Оның ойынша бейнелеу өнер сабағын баланы шырмалушылықтан босатып, шығармашылық ынтасын шектейтін сенімсіздіктен арылтудан бастау қажет, эмоциясын, қиялын, санасын ояту,

әлемнің сұлулығына, бояу күшіне сендіру, яғни «шығармашылыққа қолайлы атмосферасы» жасалу қажет.

Оқушының шығармашылық қабілетінің дамуына қамқор бола отырып, «мұғалім балалардың бейнелеу өнер сабағына қызығушылығын арттыруға, көңіл аударту факторларына септігі тиетін сәттерді білуі тиіс». В.С.Кузин, сондай факторлардың бірі «қиялын таңдандырған нәрсе мен құбылысты қабылдау процесі баланың терең эмоционалды әсершілдігі болып саналады...» – деп санайды[3]. Оқушылардың бейнелеу әрекетінің қабілетін белсенді дамыту үшін, мұғалім психологиялық негізді, құрылымды және ептіліктің көрсеткіштерін білу керек.

Пәнге деген қызығушылық көбінесе сабақ жүргізудің сапасына байланысты болады. Сабақ жүргізу өнері мұғалімнен пәнді білуді, педагогиканың, психологияның, физиологияның негізгі ұстанымдарын меңгеруді, оқыту әдістемесінің заңдылықтарын түсінуді талап етеді, ал ең бастысы оқу үдерісінде осы білімдерді кәсіби қолдануды қажет етеді.

В.С.Кузин, «оқушылар оқу материалдарын жақсы меңгеру үшін, мұғалім бейнелеу өнері сабағын өтудің әдістемесін, түсіндірудің, сұрақ қоюдың және т.б. әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыруы қажет» – деп ескертеді[3].

«Қиын ғылым жоқ, қиын мазмұнды ғылым, яғни сіңбейтін ғылым бар», деп жазған А.И.Герцен[4].

В.Н.Ростовцевтың ойынша, басқа өнердегі сияқты бейнелеу өнерін оқытуда шабыт, сезгіштік, тапқырлық қасиеттері, іске шығармашылық жол табу қажет. «Композитор жаңа аккордтардың дыбысталуының импровизациясында әуенді құрып, дамыта бастағандай, жаңа, әдемі мен мәнерлі әуендерді іздегендей, оқытушы да жаңа, материалды ұсынудың тиімді әдістерін іздене бастайды», – деп жазды ол[5].

Бейнелеу өнері сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды мақсатқа ала отырып, мұғалім оқушылармен жұмыс жүргізудің әдістемесін дұрыс ұстана білу қажет. Балалармен жүргізілетін шығармашылық жұмысты еркіне жіберуге болмайды, оны бағыттап, оған жетекшілік ету керек.

Жасөспірімнің тұлға дамуындағы 11-15 жастағы білім ерекше маңыздылыққа ие болады. Құрдастарының арасында беделді орынға ие болуға және өзінің сана сезімінің кеңейтуін қамтамасыз ететін құндылық болып табылады. «Ғылыми, көркем және күнделікті тұрмыстағы білімдерін кеңейтуге бағытталған арнайы күш-жігер дәл жасөспірім шағында қолға алынады». Осы жаста ол, өз пікірінше ересек етіп көрсететін оқу қызметтердің барлығына дайын болады. Бұндай дайындық оқудың бір мотиві болып саналады.

Айта кету керек, сабақ өту барысында жасөспірімнің зейіні үнемі мұғалімнің қолдауын талап етеді. Оқу қызметінің ұзақтығы жасөспірімді еріксіз зейіні мен еріктіні ұйымдастыруын қолдауға жігерлендіреді. Сондықтан мұғалім оқыту процесінде әсершіл факторларды, танымдық қызығушылықтарды қолдана алады, сонымен қоса жасөспірімнің өз құрдастары арасында орнын белгілейтін мүмкіндікке дайын тұратын сәтті де қолдану қажет.

Мұғалімнің жаңа материалды ұсынуы, қызықты әрі қонымды түсіндіруі, «қызығушылықты арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді».

В.С.Мухина атап өткендей, «Танымдық қажеттіліктің негізінде, жалпы оқу пәндерін позитивті қатынасқа жетелейтін, тұрақты танымдық қызушылықтар қалыптасады».

Жоғарыда қойылған мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі – бейнелеу өнері сабақтарында жаңа педагогикалық технологияны пайдалану.

Бейнелеу өнері сабақтарында оқытудың инновациялық технологиялары:

- аталмыш пәнге қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді;
- оқушылардың дербестілігінің жоғарғы деңгейін топшылайды, сабақты өтуге және дайындауға белсенді қатысуын талап етеді;
- тұлғаның дамуы мен қалыптасуына септігі тиеді, оқушының қабілеті мен қызығушылығын көрсетуге қолайлы жағдай жасайды;
- қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді, сабақта игі ниеттілік пен бір-біріне сенушілік жағдайлары болғандықтан, баланың ішкі дүниесімен тығыз байланыс орнатуға болады;
- еркіндік беруге, оқушының көркем шығармашылығын дамытуға әсер ететін, эмоционалды күйге келтіруге септігі тиеді;
- баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, зеректілігін дамытады, жалпы ой-өрісін кеңейтеді, оқушыларға білімді тез меңгеруге, тәжірибеде және басқа жағдайларда дұрыс қолдануға әсер етеді;
- оқушылардың назар салуын және сабақтағы дербес әрі белсенді жұмысын көрсете алатын, танымдық қызметін ынталандыруға;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтың дүниетанымдық бағыттылығын арттырады, жан-жақты дамуына септігі тиетін, олардың пікірін тиімді қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. М.: Просвещение, 1968. – С.145.

2. Солодухин И.В. Формирование способностей к эмоциональному отношению к искусству и действительности у детей среднего школьного возраста в

работе с красками и с цветом.// Оптимизация процесса художественного воспитания учащихся на основе новых программ по изобразительному искусству для школ Казахстана.//Тематический сборник научных трудов. – Алма-Ата, 1986. – С.91.

3.Кузин В.С. Основы обучения изобразительному искусству в школе. – М.: Просвещение, 1977. – С.19, 51.

4. Герцен А.И. Соч. - М., 1956, т.5. – С.450.

5.Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. – М.: Просвещение, 1980. – С.8, 89, 96.

ТАНИРБЕРГЕНОВ М.Ж. АКТУАЛЬНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

В статье описана методика одного из эффективных путей решения обучающих задач в условиях школы – использование на уроках изобразительного искусства современных педагогических технологий.

Ключевые слова: культурно-нравственный, профессиональное развитие, инновационные педагогические технологии, гармоничное развитие, пространственное мышление, интеграция в изобразительном искусстве, психологические особенности, детское творчество, художественные способности.

TANIRBERGENOV M. ZH. RELEVANCE OF APPLICATION PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES AT THE LESSON OF THE FINE ARTS

The article discusses the methodology of one of the effective ways to solve the tasks - using the modern pedagogical technologies at the fine arts classes.

Keywords: cultural and moral, professional development, innovative teaching techniques, harmonious development, spatial thinking, integration of fine arts, psychological characteristics, children's creativity, artistic ability.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

ӘОЖ 37.016: 811.111

**EFFECTS OF GROUP WORK ON DEVELOPING
COMMUNICATIVE COMPETENCE**

ABDURAIMOVAM.A., AKESHOVAM.M.

The article deals with the methods and the importance of formation of communicative competence in group work. The formation and development of communicative competence of the students in the teaching of English is one of the main problems of modern education.

Keywords: *competence, communicative competence, communication, group work, jigsaw method, unstructured group work, structured group work.*

